Жаңа технологияларды енгізу бізге нарықта бәсекеге қабілетті болуға мүмкіндік бере отырып, артықшылықтар береді: біз тапсырыс берушінің қажеттілігін қанағаттандырамыз, кәсіпорынның өнімділігін арттырамыз және әрине, қаржылық нәтижені жақсартамыз. Кәсіпорындарда көп мүмкіндіктер бар. Бүгінгі күні өніммен тәжірибе жасау оңайырақ, жаңа элементтерді енгізу оңай, прототиптерді жылдам сынау оңай, соңғы өнім анағұрлым пысықталған және тиімді болып отыр [7].

Бүгінде көптеген өнеркәсіптік кәсіпорындар сандық технологияларға қызығушылық танытуда: мұнай-газ компаниялары, ірі тағамдық және фармацевтикалық басқа да кәсіпорындар. Қазақстандық кәсіпорындардың көпшілігі «индустрия 4.0» элементтерін енгізу жолының басында болса да, кейбір компаниялар қазірдің өзінде технологиялық «озық» болып шығуда.

Әдебиеттер

- 1.«Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» 2017 жылғы 31 қаңтардағы ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // [Электронды ресурс] URL: <http://akorda.kz>, – 2017. – 4 б.
- 2.Трачук А. В., Линдер Н. В. (2017а) Инновации и производительность: эмпирическое исследование факторов, препятствующих росту методом продольного анализа // Управленческие науки. Т.7, № 3. С. 43-58.
3. Industry people ideas 4.0. НННонпоМ (2017) // [Electronic resource]URL:<http://frprf.ru/ipi/>.
- 4.Policy department A: Economic and scientific policy. Industry 4.0 (2016) // European Parliament // [Electronic resource] URL: [http://www.europarl.europa.eu/RegData/etudes/STUD/2016/570007/IPOL_STU\(2016\)570007_EN.pdf](http://www.europarl.europa.eu/RegData/etudes/STUD/2016/570007/IPOL_STU(2016)570007_EN.pdf).
- 5.Индустрия 4.0 IT-Enterprise // [Электронный ресурс] URL: <https://www.it.ua/ru/knowledge-base/technology-innovation/industry-4>
- 6.Индустрия 4.0 элементтері қазақстандық кәсіпорындарда қалай енгізіліп жатыр? // [Электронды ресурс] URL: <https://egemen.kz/article/211218-industriya-40-elementteri-qazaqstandyq-kasiporyndarda-qalay-engizilip-dgatyр>, – 2019.16.10
7. ИНДУСТРИЯ 4.0: реалии сегодняшнего дня // Опубликовано в журнале "ИСУП" № 4(76)_2018 // [Электронный ресурс] URL: <https://isup.ru/articles/50/13339/>


ӘЛЕУМЕТТІК САЛАДАҒЫ МЖӘ ЖОБАЛАРЫНА ЖЕКЕ МЕНШІК ӘРІПТЕСТЕРДІ ТАРТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Әбдікәрім Д.М.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУі,
Экономика және бизнес жоғары мектебі,
Жобаларды басқару мамандығы, 2-курс*

*Ғылыми жетекшіі: Джумамбаев С.К.
э.ғ.к, доцент*

Әлеуметтік саланы дамыту халықтың өмір сүру деңгейін жоғарылатып қоймай, сонымен қатар экономикалық, саяси және демографиялық көрсеткіштер бойынша елдің жағдайын жақсартуға ықпал етеді. Әлеуметтік саланың жоғары деңгейде дамуы мемлекеттің бәсекелестік иммунитетін арттырады, өйткені оның инвесторлар үшін тартымдылығы жоғары болып, соның нәтижесінде елге жаңа технологиялардың, инвестициялардың және т.б. ағынын көбейтеді.

Екінші жағынан, әлеуметтік саланы жеткілікті деңгейде дамытпаса үлкен мәселелердің көзіне айналады. Бұл көбінесе қоғамдық қауіпсіздік деңгейін күрт төмендететін бумерангтық үрдістер тудырады. Мәселен, қоғамдық көлік жұмысының төменгі сапасына, ТКШ тарифтеріне, білім беру қызметтеріне бағаның өсуіне медициналық қызмет көрсету сапасының төмендігіне, спорттық-сауықтыру және ойын-сауық қызметтеріне қолжетімділіктің қысқаруына әкеп соғуымен қатар, халықтың қирату, бұзақылық сипатындағы жағымсыз мінез-құлық іс-әрекеттерінің белең алуына негіз болады. Бұл біздің еліміз үшін ғана емес, әлемдік экономикада да маңызға ие. Әдетте, қоғам үшін жойқын процестер әлеуметтік институттардың жұмысына қанағаттанбаушылықтан басталады. Сондықтан да, мемлекеттік бюджеттің шектеулі деңгейіне байланысты, жеке сектор өкілдерімен өзара әрекеттестік негізінде әлеуметтік саланы дамыту бүгінгі күннің ең маңызды мәселесі болып тұр. Сол себептен де мемлекеттік қаржы жүйесінде әлеуметтік салаға баса назар аударылады. Мысалға, Қазақстан Республикасының соңғы 3 жылдық бюджетінің құрылымындағы әлеуметтік сала үлесін қарастырып өтсек[1]:



Сурет 1. ҚР мемлекеттік бюджет шығыстарының құрылымы(млрд.тг.)

ҚР мемлекет бюджет шығыстарының 2017 жылдан бері азайып жатқанына қарамастан, әлеуметтік саланы дамытуға жұмсалған бюджеттік қаржы көлемінің көбейе түсуі- алдағы уақытта әлеуметтік маңызды жобаларды қаржыландыруда бюджеттен тыс қаражат көздерін тарту қажеттілігін баса айқындап берді. Осы орайда мемлекеттік және жеке меншік әріптестігі (МЖӘ) механизмін әлеуметтік жобаларды іске асыруда билік пен бизнестің тепе тең құқығын қамтамасыз ететін экономикалық әріптестіктің ұтымды нысаны ретінде қарастыруға болады.

МЖӘ механизмін қолдану екі тарап үшін де ұтымды, мемлекет әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін салу және қолданысқа беру кезіндегі бюджеттік шығыстарын үнемдеп, мемлекет меншігін ұтымды қолдануға мүмкіндік алады. Екіншіден, мемлекеттік-жеке меншік әріптестігі - жобаны жүзеге асыруда кәсіпкерлердің білімі мен тәжірибесін, инновациялық және озық технологияларын кеңінен пайдалануға мүмкіндік береді, бюджеттен бөлінген қаржының тиімділігі артады. Сондай-ақ тәуелсіздік алғаннан кейінгі нарықтық экономикаға қадам басқан уақытта жүргізілген жекешелендіру кезіндегі қателікке жол бермейді. Яғни, МЖӘ арқылы қолданысқа берілген әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне мемлекет белгілі бір деңгейде меншіктік және бақылау құқығына ие болады. Өз кезегінде жеке меншік әріптестер өздері құйған инвестиция арқылы ұзақ мерзімде кепілдендірілген табыс табу мүмкіндігіне қол жеткізеді. Ең бастысы, бұл схема арқылы әлеуметтік саланы дамытуға қол жеткізіп, қоғамның өмір сүруіне қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік туады.

Бірақ, әлеуметтік саладағы МЖӘ жобаларына бизнес өкілдерін тартуда бірнеше мәселелер кедергі келтіруде:

- МЖӘ жобасы бойынша келісімге келу мерзімінің ұзақтығы қағазбастылықтың жоғары деңгейі;

- несиелеу шарттарының қолайсыздығы;

- инвестицияның қайтарымдылық мерзімінің ұзақтығы;

- сұраныс деңгейін болжау күрделілігі мен табыстылық деңгейінің төмендігі;

- тәуекел деңгейінің жоғарылығы.

«Қазақстандық МЖӘ» АҚ-ның мәліметі бойынша МЖӘ келісімшарттарын рәсімдеу мерзімі 1 жыл уақытқа дейін созылады. Бұл «уақыт-ақша» қағидасымен жұмыс жасайтын бизнес өкілдері үшін өте ұзақ мерзім болып табылады. Сондай ақ, осынша ұзақ мерзімге созылатын процестегі қағазбастылықтың жоғары деңгейі бизнес өкілдерінің МЖӘ жобаларына қатысу ниеттерін төмендетеді[2].

Жеке сектордың МЖӘ жобаларына қатысу қызығушылығын кемітетін тағы бір мәселе- МЖӘ жобасын іске асыруға қажетті несиелеу шарттарының қолайсыздығы. Банктер жеке әріптесте несиелеу беру үшін кепілге мүлік талап етеді, ал бизнес кепіл ретінде МЖӘ келісімшартын қоя алмайды және МЖӘ жобасына сай ешқандай жеңілдік ала алмайды. Бұл табыстылық деңгейі төмен МЖӘ жобаларының бизнес үшін тартымдылығын одан сайын төмендетеді.

Бизнесті әлеуметтік саладағы МЖӘ жобаларына қатысудан тежейтін негізгі мәселелердің бірі- бұл әлеуметтік сала объектілерінің тек тұрғындары көп және әрдайым жеткілікті сұраныс бар жерде ғана емес, сонымен қатар тұтынушылардың саны аз немесе сұранысы төмен жерде де жұмыс істеу қажеттігінде, бұл табыстылықты жеткілікті деңгейде қамтамасыз етпейді. Шағын елді мекендерде немесе шалғай аудандарда тұтынушылар саны әрқашан шектеулі. Сондай ақ, МЖӘ механизмі балалар үйлері немесе үйсіз адамдарға арналған баспаналар тұрғызу секілді әлеуметтік қызмет көрсету бағыттарында қолданылмайды, бұл мұндай жобалардың өтімсіздігімен түсіндіріледі. Жеке сектор субъектілері үшін МЖӘ аясындағы жобалардың әлеуметтік сала салаларындағы жоғары емес кірістілігіне байланысты пайданы қалыптастырудың күрделі жүйесін қалыптастырады. Бұл әлеуметтік саладағы МЖӘ жобаларының сұраныс деңгейін болжау күрделілігі мен табыстылық деңгейінің төмендігі проблемаларын көрсетеді.

Әлеуметтік қызметтерді ұсынуда МЖӘ жобаларын іске асыру кезінде бизнес үшін елеулі мәселелердің бірі- қаржыландыру көздерінің және объектілерді қайта жаңартуға арналған шығындардың белгісіздігінен туындайды. Жер учаскесін пайдалануға және инфляцияның өсуіне немесе валюта бағамының өзгеруіне байланысты тәуекелдер де жоба құнының ұлғаюына әсер етуі мүмкін. Яғни МЖӘ жобаларын іске асырудағы тәуекелдік деңгейдің өте жоғары екендігін көрсетеді.

Бизнес өкілдері үшін МЖӘ жобаларының тартымдылығын төмендететін жоғарыдағы мәселелерді шешу қазіргі уақыттағы ең өзекті мәселе болып табылады. Қазақстанда әлеуметтік саладағы МЖӘ жобаларына бизнес өкілдерін тарту әлі де болса төменгі деңгейде. Әлеуметтік салада МЖӘ механизмі негізінде іске асырылатын жобалардың бұлай баяу дамуы, еліміздегі бірнеше саяси-экономикалық, құқықтық кедергілерге байланысты екені мәлім. Сол кедергілерді жойып, елімізде МЖӘ жетілдіру үшін мемлекет бірнеше күрделі шараларды жүргізуі қажет. Ондай шараларға:

1. МЖӘ саласындағы білікті кадрлар дайындау:

- жергілікті басқару органдарына МЖӘ саласында тәжірибесі жоғары мамандар тарту;
- жергілікті және мемлекеттік басқарушыларды, экономисттер мен қаржы мамандарын дайындауда МЖӘ негіздерін оқыту.

2. МЖӘ-ге қатысты қоғамда жағымды пікір қалыптастыру:

- бұқаралық ақпарат құралдары арқылы МЖӘ-нің артықшылықтары, пайдасы жайлы ақпараттар тарату;
- әріптестік құрғысы келетін тұлғалар үшін мәліметтер базасын қалыптастыру және ақпараттық қызмет көрсету.

3. МЖӘ-арқылы жасалатын жобаларды іске асыру процесін жеңілдету және ынталандырушы жеңілдіктерді қарастыру:

- келісім-шарт жасау үшін қажет құжаттарды реттеуде "бір терезе" қағидатын қолдану;
- МЖӘ жобалары үшін конкурс өткізу мерзімін қысқарту және оңтайландыру;
- жобаларға қатысушы жеке сектор үшін салықтық жеңілдіктер және т.б ынталандырушы құралдарды қолдану.

Жоғарыдағы шараларды жоғары дәрежеде орындайтын болсақ, МЖӘ арқылы еліміздегі әлеуметтік маңызы бар транзиттік жол құрылыстары, білім беру, денсаулық сақтау мекемелерімен қамтамасыз етіп, қоғамдық тауарлар өндірісі, тиімді инфрақұрылымдық жағдай жасау секілді күрделі көкейтесті әлеуметтік-экономикалық мәселелердің түйінді шешімдерін тауып, ел бюджетін үнемдеуге қол жеткіземіз. Бұл- қазіргі жаһандық экономиканың тұрақсыздық жағдайында, ұлттық экономикамыздың тұрақтылығын арттыратын, әлеуметтік саланың дамуына қажетті негізгі құралдардың бірі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР қаржы министрлігінің ресми сайты / http://www.minfin.gov.kz/irj/portal/anonymous?NavigationTarget=ROLES://portal_content/mf/kz.ecc.roles/kz.ecc.anonymous/kz.ecc.anonymous/kz.ecc.anonym_citizens/citizens/cbudget_and_infographics_fldr/gosbudgeting_params_fldr
2. Бизнес не должен возлагать нагрузку на государство / <https://inbusiness.kz/ru/news/«biznes-ne-dolzhen-vozlakat-nagruzku-na-gosudarstvo»>

ЖОБАЛЫҚ ЖӘНЕ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСҚАРУДЫҢ БАЙЛАНЫСЫ

*Әбдіраман М.Р.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, ЭжБЖМ,
Жобаларды басқару, 1-курс магистранты*

*Ғылыми жетекші: Ағымбай А.О.
э.ғ.к., доцент*

Әрбір мемлекет өзінің дамуы және әлемдік аренада өзінің орныны қалыптастыруы алдына қойған мақсатына байланысты. Мемлекеттің мақсаты ретінде бүгінгі таңда ұзақ, орта, қысқа мерзімді даму жоспарлары арқасында жүзеге асырылып отырылады. Сондай ұзақ жылдық даму жоспары ретінде стратегиялық жоспарды атауға болады.

Стратегиялық басқару, көздеген мақсаттарға жету барысындағы ұйымның ұзақ мерзімді жоспарларын басқару деп айтуға болады, стратегиялық басқарудың негізін күтпеген жағдайлардан тұратын өзгерістер құрайды. Стратегиялық басқару-ұйымның мүмкіншілігі,, стратигиялық мақсаттардағы жетістігі, сонымен қатар ішкі құрылымы мен ұйымның сыртқы ортадағы өзгерістерге бейімделіп, жетістікке жетуді қамтамасыз етудің шешімі болып табылады[1].

Жоба - бұл бірегей өнімдерді, қызметтерді немесе нәтижелерді жасауға арналған уақытша кәсіпорын[2].

Ұйымның стратегиялық жүйесінің мақсаты - ұйымды болашаққа ақылмен жетелеу. Бұл жағдайда қойылған мақсаттарды толығымен ұтымды деп атауға болады, бірақ олардың дамуының айтарлықтай шығындарына қарамастан, тым көп стратегиялық жоспарлар ешқашан «іс-әрекеттің жетекшісі» бола алмайды және қажетті нәтижеге қол жеткізбейді. Көбінесе стратегиялық жоспар құратын мамандар мен оны жүзеге асыратын мамандар арасында дәстүрлі бөліну, автокөріс бар. Сонымен қатар, бұл тек ірі вертикалды интеграцияланған компаниялар үшін ғана емес, сонымен қатар шағын кәсіпорындар үшін де тән. Ұйымдардағы стратегтер (меншік иелері, топ-менеджерлер) көбінесе жоспарларды жұмысқа айналдыруға кепілдік бере алатын және сәйкесінше нәтижеге кепілдік бере алатын кәсіби жоба менеджерлерінің көмегімен жоспар құруды қаламайды. Бұл айырмашылық, іс жүзінде, стратегиялық жоспарды әзірлеу мен іске асырудың арасындағы үлкен шығындардың артуына, іске асырудағы кідірістерге, жұмыс орнындағы тәртіпсіздікке және қызметкерлердің төмен уәждемелеріне әкеледі. Сайып келгенде, бұл ұйымның стратегиялық тұрғыдан ойластырылған және компания үшін өте қажет көріністі жүзеге асыра алмауына әкелуі мүмкін [3]. Жоспар нақты емес және қол жетімсіз болады.

Стратегиялық жоспарлау дегеніміз - нарықта жетістікке жету, оны сақтау және дамыту мақсатында ұйым басшылығына арналған ұзақ мерзімді жоспарларды құру актісі. Жоба менеджерлері стратегиялық жоспарлау мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған жобалардың орындалуын бақылайды. Жобаларды іске асыру үшін - жоспарланған жобаларды іске қосу - стратегиялық жоспарлау жұмыстары да, нақты бағыттардағы жобаларды басқарушылар да маңызды. Екінші жағынан, ұйымды басқару процесінің барлық қатысушылары стратегиялық жоспарлау мен жобаны басқарудың маңыздылығын түсінудің пайдасын көре алады.

Жобаны жоспарлау және жүзеге асыру іс жүзінде өте үлкен айырмашылықтарға ие; өкінішке орай, тым көп менеджерлер барлық күш-жігерін өршіл жоспарлау әрекеттеріне мақсаттарға қалай жетуге болатындығы туралы ойланбастан жұмсайды. Негізінде, стратегиялық жоспарлау әрекеті нақты әлемде бақыландырылмайтын айнымалылар диапазонында жұмыс істейтін зертханадағы жұмыс болып табылады. Бұл көбінесе стратегиялық менеджмент саласындағы ғалымдар мен нақты экономиканың мамандары арасындағы алшақтықтың себебі болып табылады. Тіпті ең жақсы жоспарларды нақты уақытта түзету және түзету

қажет, бұл жоба менеджерлерінің жұмысын едәуір маңызды етеді және іс жүзінде ұйымның стратегиялық менеджмент жүйесіне біріктірілген

Жобаларды іске асыру жоба менеджерлері үшін де, стратегиялық жоспарлау процесі үшін де маңызды, өйткені жобаларды іске асыру барысында жоспарлау процесінде ескерілмеген жаңа проблемалар мен қиындықтарды анықтауға болады, мүмкін күтілмеген, бұл ақыр соңында анағұрлым ақылға қонымды дүниеге әкеледі, бейімдеу стратегиялары, өнімдері мен процестері.

Жобаларды пайдалануға беру - бұл жоспарлау кезеңін стратегиялық мақсаттардың түпкілікті қол жетімділігімен байланыстырудың маңызды кезеңі, ол жобаны іске асыруды стратегиялық жоспарлау жұмыстарының маңызды кезеңіне айналдырады. Мақсатқа жету жоба менеджерінің жетістігі үшін өте маңызды, ал жобаларды іске асыру ұйым мақсаттарына жетудің алғашқы қадамы болып табылады.

Жобалар тұтасымен стратегиямен салыстырғанда нақты белгіленген мақсаттардың шағын тізіміне жатады. Осыған байланысты, жобаларды үлкен стратегиялық көзқарасқа қол жеткізу үшін қажет құрылыс блоктары ретінде қарастыруға болады. Стратегиялық басқару стратегиялық басқару процесін жүзеге асыратын компания үшін өте маңызды. Көрініс - маяк, меншік иелері мен топ-менеджерлер ұмтылатын, бірақ оған жақындаған кездегі компанияның жағдайы. Қиын мақсат. Компанияның, беделдің және басқа жетістіктердің өсу жағдайы ретінде пайымдау бір түнде болмайды. Жоба менеджерлері үлкен стратегияларды кішігірім компоненттерге бөліп, стратегияны уақтылы жүзеге асыру үшін әр жобаны іс-әрекетке айналдыруы керек, өйткені суретші үлкен кенепке щеткамен соққы арқылы үлкен суретті уақытында салуға тырысады.

Көптеген компаниялар үшін жобалар өте маңызды, өйткені олар сізге кірісті арттыруға және бәсекелестік артықшылық алуға мүмкіндік береді. Мысалы, тиімді басқару және кідіріссіз нарықта өнімнің жаңа түрін шығару компания үшін инвестицияның жоғалуына әкелуі мүмкін, бизнес мақсаттарына қол жеткізуге кедергі келтіруі мүмкін, өйткені бәсекелес өз әріптесін сәл тезірек босатады. Бүгінгі таңда жаппай жекешелендіру жағдайында, кез-келген сату жоба ретінде қарастырылған кезде, жобалар мен бағдарламаларды тиімді басқару мүмкіндігі бірінші орынға шығады. Бұл компанияның шектеулі ресурстарын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Жобалар мен компанияны стратегиялық басқару арасындағы байланыс

Компанияны стратегиялық басқаруды жүзеге асыру үшін үш негізгі міндетті шешу қажет:

- Болашақ ұйымның көзқарасын жоғары деңгейде дамыту (миссия, даму жолдары);
- негізгі мақсаттар мен стратегияларды құжаттау;
- стратегиялық мақсаттарға қолжеткізу үшін нақты жобаларды іске асыру[4].

Мақсат - біз қол жеткізгіміз келетін нысана. Стратегия - мақсатқа жетудің жолы.

Жоба менеджерлері жобаның барлық аспектілері ескерілгеніне көз жеткізу үшін бірден бірнеше жауапкершілікті тез арада, кейде ұзақ сағаттан және жылдам қарқынмен біріктіруі керек. Жоба менеджерлері нақты мақсаттарға жету үшін персоналды жоспарлауға, техникалық және қаржылық ресурстарға жауап береді. Олар жобаның бюджетін келісіп, әр жобаның бюджетте және уақытында аяқталуын қамтамасыз ету үшін шешім қабылдауы керек. Кадрларды даярлау - бұл көшбасшы үшін жұмыс. Әдетте, стратегиялық жобалар жұмыс бойынша қосымша нұсқаулар мен тұрақты бақылауды қажет етпейтін, ең білікті және тәжірибелі қызметкерлермен қамтамасыз етіледі.

Қазіргі дағдарыстар экономикасында экологиялық белгісіздіктің өсуімен көптеген компаниялар аяғынан тұруға, нарықтағы үлесті сақтауға, өсуге, табыстылыққа және т.б. күш салуда және т.б. Көптеген ұйымдар өздерінің стратегиялық, ұзақ мерзімді мақсаттарынан тез арада түзетуге және қысқа уақытқа тірі қалу тактикасынан бас тартады. Виртуалды кеңселер мен жаһандану қарқынды дамып келе жатқан кезде, компаниялар бейімделудің жоғары деңгейін ұстап тұру үшін күнделікті өздерінің стратегияларын түзетуді қажет етеді.

Жұмыстың бұл ауыр қарқыны жиі баяу және қиын стратегиялық жоспарлау процесімен алмастырылды. Шындығында, стратегиялық жоспарлау саласы айтарлықтай дағдарысты бастан кешіп жатқан сияқты. Бұл ірі бірлестіктердің, соның ішінде стратегиямен байланысты халықаралық бірлестіктердің өз қызметін тоқтата тұруына әкеледі, бұл болашақта жоғары оқу орындарында немесе ғылыми мектептер бағдарламаларында стратегиялық жоспарлау және басқару курстарының танымалдылығының төмендеуіне әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, жобаларды басқару бойынша қауымдастықтар және осы бағытта ұсынылатын оқу бағдарламаларының саны артып келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Гагарский В.А. Процессное и проектное управление // Портал «Профессионал управления проектами». [Электрондық ресурс] URL: <http://www.pmprofy.ru/content/rus/-219/2197-article.asp>.
2. Project management institute. Свод знаний по управлению проектами [РМВОК]. – Шестое издание. — ISBN 9781628253900.
3. Грант Р.М. : Қазіргі стратегиялық талдау. 9-ред.
4. Роль проектов в развитии организаций [Электронный ресурс]: www.cfin.ru/itm/project/project_role.shtml

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҢҒЫРТУ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІКТІ АРТТЫРУ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

*Әшірәлі Ш. Б.
«Инновациялық менеджмент» мамандығының 2-курс магистранты
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, ЭжБЖМ*


*Ғылыми жетекші: Джумамбаев С.К.
э.ғ.к., доцент*

Қазіргі жаһандық экономиканың белсенді түрде технологиялық даму кезеңінде Қазақстан Республикасында технологиялық жаңғырту экономиканың бүкіл салаларында кеңінен енуде.

Осы орайда, кәсіпорындарды технологиялық жаңғырту қажеттілігі аса маңызға ие болып отыр. Қазақстан Республикасының Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» [1], «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында дамудың жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан халқына Жолдауларында елдің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін экономикалық өсудің жаңа моделін құру қажеттігін, сандық технологияларды қолдана отырып құрылатын жаңа индустрияларды дамыту керек екендігін атап өткен болатын [2].

Елдің тұрақты экономикалық дамуының мүмкіндіктері мен перспективалары көбінесе оның өндірістік күштерді дамытудағы сапалы өзгерістерде қазіргі заманғы ғылыми-техникалық прогресті қаншалықты тиімді пайдалана алатынына байланысты. Технологиялық инновацияларсыз еңбек өнімділігінің өсуі, өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығының және қызмет көрсетудің жаңа салаларын құру және дәстүрлі салаларын жаңғырту мүмкін емес.

Елдердің экономикалық даму көрсеткіштерін сипаттауда жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) көрсеткіші пайдаланылады.



Сурет 1 – АҚШ, Германия және Жапония елдеріндегі жан басына шаққандағы ЖІӨ көрсеткішінің өзгеру динамикасы, 2008-2018 жж. [3].

АҚШ-та жан басына шаққандағы ЖІӨ көрсеткіші жыл сайын 2-4%-ға өсіп, жылдар бойы тұрақты экономикалық өсу тенденциясын көрсетіп отыр.

Салыстырмалы түрде Қазақстанда жан басына шаққандағы ЖІӨ көрсеткішінің динамикасына 2008-2009 жж. мен 2015-2016 жж. дағдарыстың әсері байқалады. 2009 жылы көрсеткіш 14,77%-ға төмендесе, 2016 жылы 26,58%-ға азайған.

Қазақстан Республикасы экономикасының қазіргі жай-күйі технологиялық артта қалумен, импортқа тәуелділікпен, төмен бәсекеге қабілеттілікпен, шикізат салаларының экспорттық бағдарымен, әлемдік нарық конъюнктурасының әсеріне сезімталдықпен сипатталады. Сондықтан елдің тұрақты экономикалық өсу стратегиясы маңызды элемент ретінде технологиялық даму стратегиясын қамтуы қажет.



Сурет 2 – Қазақстандағы жан басына шаққандағы ЖІӨ көрсеткішінің өзгеру динамикасы, 2008-2018 жж. [3].

Дамыған елдердің қатарына жету үшін елдегі жан басына шаққандағы ЖІӨ көрсеткіші үлкен қарқынмен өсу динамикасын көрсетуі қажет. Қарқынды ЖІӨ көрсеткішін өсуді қамтамасыз ету үшін шикізатқа сүйенуді артта қалдырып, елді технологиялық дамытуды қолға алу керек.

Ел экономикасының өсуі оның бәсекелестік қуатымен тікелей байланысты. Бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында елдер инновацияларға, инфрақұрылым, макроэкономикалық тұрақтылық, денсаулық сақтау, базалық білім беру, жоғары білім беру және кәсіби дайындық, тауар нарығының өнімділігі, еңбек нарығының өнімділігі, қаржы нарығын дамыту, нарықтың технологиялық дайындығы мен мөлшері, яғни бәсекеге қабілеттілік

индексінде көрсетілгендей, іскерлік өмірді дамыту сияқты салалардағы өз позицияларын жақсартуы тиіс.

Дүниежүзілік экономикалық форумның (ДЭФ) Жаһандық бәсекеге қабілеттілік туралы баяндамасына сәйкес инновациялық бағдарланған елдер басқа елдерге қарағанда бәсекеге қабілетті және тұрақты экономикалық өсімге ие. ДЭФ (GCI) жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі бәсекеге қабілеттілікті елдің өнімділік деңгейін анықтайтын институттар, стратегиялар мен факторлар жиынтығы ретінде айқындайды. Баяндама 12 тараудан тұрады. Әрбір тараудың тиімділігі басқалардың тиімділігіне әсер етеді.

Қазақстан Дүниежүзілік экономикалық форумы жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі бойынша Қазақстан рейтингі 57-орында және «Технологиялық әзірлік» факторы бойынша 52-орында орналасты.

Кесте 2 – Дүниежүзілік экономикалық форум есебі бойынша елдердің рейтингтік көрсеткіштері.

Елдер	Көрсеткіш	(144)	(148)	(144)	(140)	(138)	(137)
		2012-13	2013-14	2014-15	2015-16	2016-17	2017-18
Қазақстан	Технологиялық әзірлік	55	57	61	61	56	52
	GCI	51	50	50	42	53	57
АҚШ	Технологиялық әзірлік	11	15	16	17	14	6
	GCI	5	5	3	3	3	2
Германия	Технологиялық әзірлік	15	14	13	12	10	8
	GCI	6	4	5	4	5	5
Жапония	Технологиялық әзірлік	16	19	20	19	19	15
	GCI	10	9	6	6	8	9

* [4] әдебиет көзі негізінде автормен құрастырылған.

ДЭФ әзірлеген бәсекеге қабілеттіліктің жаһандық индексі елдерді бірнеше параметрлер бойынша сұрыптайды. 2017-2018 жылдары Швейцария 137 елдің арасында жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі бойынша көш бастап келеді, одан кейін АҚШ, Сингапур, Нидерланды, Германия, Гонконг, Швеция, Англия және Жапония жүреді. Алғашқы ондық елдерінің жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі бойынша «Технологиялық әзірлік», «Технологияларды қабылдау», «Фирма деңгейінде технологияларды іске асыру», «Жаңа технологияларға қолжетімділік» сияқты көрсеткіштер бойынша алдағы орындарды алады. Сондықтан, осы көрсеткіштерге қарап, елдің бәсекеге қабілеттілік деңгейін нақты анықтауға болады.



Сурет 2 – Қазақстанның Дүниежүзілік экономикалық форум есебі бойынша рейтингтік көрсеткіштері, 2012-2018 жж. [4].

АҚШ пен Германиядағы жыл сайынғы көрсеткіштерді салыстыра отырып, біз инновация көрсеткіші мен тиісінше бәсекеге қабілеттілік индексі арасындағы өзара байла-

нысты көре аламыз. Технологиялық дайындық факторы бойынша Германия жыл сайын біртіндеп өсуді көрсетеді, ал АҚШ осы фактор бойынша 6-шы орында тұр және бәсекеге қабілеттілік индексінің өсуін көрсетеді. «Инновация» және «Технологиялық әзірлік» факторы бойынша жоғары орындарға ие болып отырған елдер де бәсекеге қабілеттілік индексінде жоғары орындарға ие болу кездейсоқ емес.

Ғылыми-техникалық және инновациялық экономикалық өсу стратегияларына негізделген елдің әлемдік экономикасында басқа елдерге қарағанда анағұрлым тұрақты экономикалық өсім бар. Дүниежүзілік экономикалық форумның (ДЭФ) Жаһандық бәсекеге қабілеттілік туралы баяндамасына сәйкес технологиялық дамуға бағдарланған елдер басқа елдерге қарағанда бәсекеге қабілетті және тұрақты экономикалық өсімге ие.

Қазақстан ұзақ мерзімді перспективада өзінің экономикалық дамуын сақтап, бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін, ол технологиялық қабілетін тез нығайтуға, жаңа технологиялар есебінен еңбек өнімділігін арттыруды қамтамасыз етуге және ғылымды қажетсінетін салаларды жетілдіру жолымен өндіріс пен экспорт құрылымын ғылымды қажетсінетін өнімге өзгертуге бағыт алуы қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жылғы 31 қаңтар <https://www.akorda.kz/>
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар <https://www.akorda.kz/>
3. Материалы с сайта Организации экономического сотрудничества и развития <https://www.oecd.org/>
4. World Economic Forum, WEF the Global Competitiveness Report GCR , 2017-2018.

АДАМ РЕСУРСТАРЫ КОМПАНИЯНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІНІҢ БАСТЫ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

*Базарбаева Н.С.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Инновациялық менеджмент мамандығының
2-курс магистранты*

*Ғылыми жетекші: Өтепберген К.Е.
э.ғ.к., доцент*

Қазіргі әлемде адам капиталы кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың, экономикалық өсудің және жалпы экономиканың тиімділігін арттырудың айқындалушы факторы болып табылады. Адами капиталды тиімді басқару қазіргі заманғы жағдайында ең маңызды ресурс көзі. Кәсіпорында адами капиталды қалыптастыру және пайдалану қажеттілігін талдау оның бәсекеге қабілеттілігін жетілдіру мақсатында оны пайдалану мүмкіндігін анықтауға мүмкіндік берді.

Әлемдік қауымдастықтың білім экономикасына бағдарлануы адам капиталына кәсіпорын мен саланың, сондай-ақ тұтастай алғанда елдің бәсекеге қабілеттілігін айқындайтын факторлар арасында бірінші дәрежелі рөлге ие болады. Адам капиталы-адам мен жалпы қоғамның алуан түрлі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін пайдаланылатын білім, білік, дағды жиынтығы және ұйымның тиімді және ұтымды жұмыс істеуін қамтамасыз ететін экономикалық дамудың қарқынды факторы.

Қазіргі жағдайда адами капиталды дамыту кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді. Компаниялар өз қызметкерлерінің біліміне, біліктілігін арттыруға және денсаулығына көп көңіл бөлуде. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, білім, ғылым және оларға негізделген инновациялық технологиялар әрқашан кәсіпорындардың барлық экономикалық табыстарының, олардың тиімділігі мен бәсекеге қабілет-

тілігінің өсуінің кілті болып табылады. Сондықтан қазіргі экономикадағы адами капиталды дамытудағы үрдістерді зерттеу негізінде оның кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етудің неғұрлым тиімді жолдарын анықтау болып табылады.

Қазақстан Республикасының инновациялық мәселелерге қызығуы әлеуметтік-экономикалық дамуда ең біріншіден, ғылыми техникалық дамумен байланысты болып отыр. Елдің негізгі экономикалық дамуына, яғни, өндіріс пен ғылыми-техникалық ресурстарды жоспарлау және экономиканың сервистік-технологиялық дамуы үшін инновациялық қызмет ұйымдастыру және компаниялар персоналдарын тиімді басқару ең қажетті. Бұл мақсатқа жету үшін мынандай міндеттер қойылды:

- Инновациялық өнімді жүзеге асырудағы инновациялық процестің негізгі кезеңдері мен оның мақсаттарын анықтау;

- Инновациялық қызметі дамыған шетелдердің саясаттарын қарастырып, олардың еліміз экономикасы үшін тиімді жақтарын қарастыру;

- Инновациялық дамудың еліміздің экономикалық өсуіндегі маңыздылығына талдау;

- Ұлттық инновациялық жүйенің құрылымдарына талдау;

- Елімізде инновациялық қызметтің дамуы мен оны қолдау шараларын анықтау;

- Компания персоналдарының басқару жүйесін қалыптастыру.

Осы мәселені шешу жолдарының бірі экономикалық дамудың бүгінгі таңдағы шикізаттық бағытынан қол үзіп, тиімді экономикалық өсуді қамтамасыз ететін дамудың “индустриялық-инновациялық” сатысына өтуіміз керек. Бұл мәселенің өзектілігі әлемдік экономикалық қауымдастықта еліміздің нарықтық бағытта дамушы ел деп танылуымен арта түсті. Қазақстан Республикасы дамуының қазіргі сатысы экономикамен, қоғамды өзгертуде өте күрделі мәселелер пайда болумен сипатталады. Елде нарық қатынастарын дамытуға бейімдейтін стратегиялық бағыт басқару жүйесін жетілдіруді талап етеді. Басқару жүйесінде маңызды ресурстың бірі болып адам факторы табылады. Әсіресе, ұйым персоналын басқару мәселесінің маңызы зор.

Персоналды басқарудың қызметі дәстүрлік қызметтер барысында құрылады: кадрлар бөлімшесі, ұйымның еңбек және еңбек ақы бөлімшесі, еңбекті қорғау және техника қауіпсіздік бөлімшесі және т.б. жатады. Бұл қызметтің мәселесі – кадрлық саясатты өткізу және ұйымдағы еңбек ресурстарын басқарушылық қызмет көрсету координациясынан құрылады. Осыған байланысты олар өздерінің қызметтерін көбейтеді және таза кадрлық мәселелерден еңбек қызметін көрсетудің ынталандыру жүйесін құру, мамандану басқарушылығының қозғалуы, конфликтердің болмауы, еңбек ресурс нарығын оқып білу сияқты мәселелерге көшеді.

Заман талабына сай кәсіпорын менеджментін тиімді жүргізу үшін персоналды басқару мәселесін бірінші орынға қою керек, өйткені жоғарыдағы мақсаттарды түбегейлі шешуде кадрлық саясаттың маңызы орасан зор. Персоналды басқару мәселесі, кәсіпорынның кадрлық бөлімшесінде шешіледі, яғни кадрлық бөлімшесінде жұмысшыларды жұмысқа қабылдаудан бастап жұмыстан шығаруға дейінгі міндеттері қойылған. Жалпы кәсіпорында персоналды басқару дегеніміз еңбек функцияларын атқару кезінде жұмысшылардың қызметі мен жүріс-тұрысының потенциалын максималды пайдалану мақсаты мен басқарушылықтың әсер ету комплексі болып табылады[4].

Нарық жағдайындағы кәсіпорындарды, персоналды басқару жүйесі қызметкерлермен жұмыс істеу әдістері және жаңа реформаларын енгізуді, кадрлық мәселелердің комплекстік шешімдерін, жаңа жүйелік және аяқталған негізде кадрлық саясат концепциясын иемдену керек. Кәсіпорын жұмысшылары объект болып есептеледі, өйткені, олар өндіріс процесінің бір бөлігі болып табылады. Сондықтан, персоналды басқарудың негізгі мағынасы-кәсіпорындағы жоспарлауды құру, қайта бөлу және адам ресурсын әлеуметтік пайдалануға байланысты және де осы көзқараспен кәсіпорынның материалды-заттық элементтерін басқаруына ұқсас қарастырылады[3].

Ұйымда персоналды басқару дегеніміз еңбек функцияларын атқару кезінде жұмысшылардың қызметі мен жүріс-тұрысының потенциалын максималды түрде пайдалану мақсатымен басқарушы әсер етуші комплексі, яғни, принциптерге, әдістерге, құралдарға және формаларға байланысты болады. Экономикалық категория ретінде персоналды басқару үздіксіз процесстер формасында болады. Персоналды басқару құралы өндіріс процесі кезіндегі жұмысшылардың өзара байланыстарын қарым-қатынастарын оқып білу, зерттеу болып табылады. Олардың өндірістік жүйеде жұмыс істеу потенциалын толық және тиімді пайдалану көзқарасынан көруге болады.

Персоналды басқарудың бірінші аралық мақсаттарына кәсіпорынның тиімді ұйымдық құрылымын құру. Яғни, кәсіпорынның персоналға деген ағымды және перспективті қажеттілігін қанағаттандыру. Бірақ тәжірибе бойынша кейде жақсы кадрлық потенциалының болғанының өзінде кәсіпорын қызметінің жоғарғы тиімділігі көрінбей жатады. Бұған себеп кәсіпорын басшыларының персоналды басқарудың екінші аралық мақсатын жүзеге асырмауы. Яғни, персоналдардың профессионалдылығын және іскерлік сапалылығын толығымен ашуға жағдай жасай алмауынан туындайды. Осы айтылған мақсаттарды жүзеге асыру үшін персоналды басқару жүйесін құруымыз керек.

Персоналды басқару жүйесі кәсіпорынның басқару органдарының жиынтығы болып табылады және олардың арасындағы ұйымдық-ақпараттық байланыстардың жүйесі. Персоналды басқару жүйесінің құрамы мен құрылымдары кәсіпорынның көлемімен, қызметімен анықталады. Персоналды басқару жүйесінің құрамы мен құрылымын анықтау кәсіпорынның басшысының міндеттеріне кіреді, бұл федералды нормативті құжаттарда бекітілген[2]. Кәсіпорынның персоналды басқаруына байланысты басшының негізгі қызметтік өкілеттіліктері мынадай:

- 1) кәсіпорын мен персоналды стратегиялық басқару;
- 2) бұйрықтар шығару;
- 3) маңызды құжаттарды бекіту;
- 4) қызметкерлердің қызметін бағалау;
- 5) кәсіпорынның қызметінің миссиясын және стратегиясын анықтай отырып, оның дамуы туралы концепциялар мен бағдарламаларды бекіту;
- 6) есеп беру құжаттарын қарастыру және сол бойынша шешім қабылдау;
- 7) кәсіпорын персоналын ауыстыру туралы инициация;
- 8) персонал басқару сұрақтары бойынша органдар мен аттестациялық комиссияның ұсыныстарын бекіту немесе бекітпеу туралы шешім қабылдау.

Қазақстанның экономикалық моделін құраудың жоғары деңгейінде және тиісінше жоғары бәсекелестік жағдайында инновациялық қызметті дамытуға толық көлемде мүмкіндік болады. Нарықтық бәсекелестік кәсіпорынның инновациялық технологияларды әзірлеуіне және оны енгізуге қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. Экономиканың нақты секторындағы инновациялық қызметтің тұрақсыз сипаты нашар дамыған ғылыми-инновациялық жүйенің және жалпы инновациялық стратегияның болмауының нәтижесі болып табылады[1]

Инновациялық қызметтің қозғаушы күші сөзсіз бәсекелестік болып табылады, ол кәсіпорынды нарықта тиімді позицияға, оны ұстап қалуға және кеңейтуге кепілдік беретін неғұрлым жетілдірілген даму тәсілдерін таңдауға мәжбүр етеді. Инновациялық экономиканың қалыптасу кезеңінде білім беруге инвестициялар кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілік деңгейін арттыруға ықпал ететін ұтымды және тиімді шешімдер қабылдауға қабілетті қызметкердің креативті сипаттамаларын қалыптастыра отырып, жоғары сапалы адами капиталдың қалыптасуының маңызды ресурсы болып табылады. Қызметкерлердің ұтқырлығын бүгінде жиі оң құбылыс ретінде бағалайтынын атап өту қажет және ондай қызметкерлермен кадрлық құрам жақсарылады, жаңа психологиялық климат жасалады, жаңа идеялар пайда болады, бұл кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Инновациялық экономикадағы табысты бәсекелестік күрес адами активтерді дамытатын ұйымдар үшін,

білімді жылдам әрі тиімді қолдануға, бәсекелестерге қарағанда интеллектуалды және икемді болуға мүмкіндік береді [5].

Қазіргі таңда, бәсекелестік нарықта компаниялардағы персоналдарды басқару кезінде әр түрлі тәсілдерді пайдаланған жөн. Әр жұмыскердің жұмысқа деген ынтасын жоғарылату мақсатында жұмыскерлер арасында анкета жүргізіп тұрған жөн деп санаймын, сонда соған қарай компания басшылары стратегиялық жоспар құра отырып, жаңа бағыттарға қарай жұмыс атқарады. Ұйымның экономикалық бәсекеге қабілетті болуы персонал жұмысын тиімді ұйымдастыра білетін менеджердің интеллектуалды шығармашылық қабілетіне тікелей байланысты. Қазіргі қоғамда ұйымды басқарудың көптеген әдістері бар, сол инновациялық технологияларды енгізудің тиімділігі басшының өзі мен ресурстардың шешіміне байланысты болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Голянич В.М., Кудрявцева Е.И. Инновационные технологии в кадровом менеджменте // Управленческое консультирование. - 2013. - № 2(50). -245 с.
2. Иванова Л.Н., Бичеев М.А. Инновационный менеджмент в управлении персоналом: учеб. пособие / РАНХиГС, Сиб. ин-т упр. Новосибирск: Изд-во СибАГС, 2015. 183 с
3. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативті жоспары туралы. 2003 жылдың 15 мамырдағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің N722 Қаулысы.
4. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарын жасау ережелерін бекіту туралы 2003 жылдың 3 наурыздағы Қазақстан Республикасы Үкімінің N432 Қаулысы.
5. Маркова О.В. Развитие человеческого капитала как катализатора инноваций // Креативная экономика. – 2013. – № 4(76). – С. 29–34.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕР АРҚЫЛЫ БАСҚАРУ

*Базилова А. Қ.
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, ЭжБЖМ
Жобаларды басқару, 2 курс студенті*

*Ғылыми жетекші: Нурсейтова Г.Б.,
э.ғ.к., аға оқытушы*

Елімізде жобалық басқару жаңа басқару түрі болғандықтан әліде даму үстінде. Кез келген бизнес, коммерциялық табысқа бағытталған несесе бағытталмаған қызмет түрі жоба болып табылатындықтан белгілі бір басқару стилін, әдісін қажет етеді. Сол себепті, қазіргі тұрақсыз экономикалық жағдайда шет елдік жоба менеджментінің әдістерін алға тартқан жөн. Олар сан түрлі және әр жоба ерекшелігіне, сипатына және мақсатына байланысты таңдалынады.

С. Портнидің айтуы бойынша, жобаларды басқару – бұл жобаға қатысты барлық жұмыстарға бастан аяқ басшылық ету процесі [1]. П. Мартин және К.Тейт жобаларды басқаруға келесідей анықтама береді: жобаңыздың ең жақсы нәтижеге қол жеткізуіне көмектесетін құралдар, технологиялар мен білімдер жиынтығы [2]. В.Л. Поповтың айтуы бойынша, жобаларды басқару – бұл бекітілген бюджет аясында және техникалық ерекшеліктер мен талаптарға сәйкес жобаны тиісті уақытта аяқтаудың басқарушылық міндеті [3].

PMBOK (Project Management Book of Knowledge – жобаларды басқару бойынша білім жиынтығы) кәсіби білім жиынтығы болып табылады. PMI (Project Management Institute – жобаларды басқару институты) әзірлеген. PMBOK жобаларды басқару бойынша ең көп таралған стандарттардың бірі болып табылады. Мүмкін себептердің бірі оның әмбебаптығы, кез келген салада бейімделусіз пайдалану мүмкіндігі бар (алайда, кейбір салаларда бұл кемшілік болуы мүмкін). PMBOK жақсы құрылымдалған, кез келген ұйымдық құрылымда

қолдануға болады, бірақ жоба командасын бөлуді талап етеді. Бұл әдіснаманы процеске бағытталған деп атауға болады.

PMBOK жобаларды басқарудың 9 білім аймағын бөледі

1. Жоба интеграциясын басқару-жобаны басқарудың әр түрлі элементтерін интеграциялайтын, жобаның әр түрлі элементтері арасындағы үйлестіруді қамтамасыз ететін процестер.

2. Жобаның мазмұнын басқару-барлық талап етілетін жұмыстардың орындалуын қамтамасыз ететін процестер.

3. Жобаның мерзімін басқару-берілген уақытта жұмысты аяқтауды қамтамасыз ететін процестер.

4. Жобаның құнын басқару - берілген бюджетте жұмыстарды аяқтауды қамтамасыз ететін процестер.

5. Жобаның сапасын басқару- жоспарлаумен, мониторингпен, бақылаумен және жобаның сапасы бойынша талаптардың орындалуын қамтамасыз етумен байланысты процестер.

6. Жобаның адами ресурстарын басқару - жоспарлаумен, қызметкерлерді жинаумен, дамыту мен жоба командасын басқарумен байланысты процестер.

7. Жобаның коммуникацияларын басқару - жоба туралы ақпаратты құруды, сақтауды және уақтылы бөлуді қамтамасыз ететін процестер.

8. Жобаның тәуекелдерін басқару - жобаға байланысты ықтимал тәуекелге талдаумен және реакциямен байланысты процестер.

9. Жобаның жеткізілімдерін (сатып алуларын) басқару - жоба үшін өнімді, қызметтерді немесе нәтижелерді сатып алумен немесе алумен байланысты процестер [4].

Осылайша, PMBOK негізгі артықшылықтары оның әмбебаптығы мен құрылымдылығы болып табылады.

НАСА-жобалық басқаруды дамытуға үлес қосқан жалғыз мемлекеттік ұйым емес. Британдық үкімет жобалық басқарудың тиімділігін әлдеқашан бағалап, 1989 жылы британдық PRINCE2 жобалық басқарудың үздік тәжірибелері мен білім жинағын құрды.

PRINCE2 (Projects in Controlled Environments) – бұл үдерістік-бағдарлы жобалау әдіснамасы, ол жоғарғы деңгейдегі процестерде (басқару, ұйымдастыру, бақылау) фокусталады. PRINCE2 әдіснамасы жеті принциптерде, жеті тақырыптарда және жеті процестерде негізделеді. Принциптер әдіснаманың орталық элементі болып табылады: егер олардың ең болмағанда біреуі орындалмаса, онда жобаны PRINCE2 шеңберінде орындалады деп айтуға болмайды [5].

Кесте 1

PRINCE2 әдісінің 7 принципі	PRINCE2 әдісінің 7 негіздемесі	PRINCE2 әдісінің 7 процесі
Жобаның тұрақты бизнес-негіздемесі	Бизнес – негіздеме (не үшін?)	Жоба бастамасы (Старт)
Тәжірибеде үйрену	Ұйымдастыру (Кім?)	Жоба инициациясы
Рөлдер мен жауапкершілікті белгілеу	Сапа (Не?)	Жобаны басқару
Кезең бойынша басқару	Жоспарлар? (Қалай? Қашан?)	Кезеңді бақылау
Қайтарулар б/ша басқару	Тәуекелдер (Қалай?)	Тауарлар жеткізілімін басқару
Жобаның нәтиесіне бағытталу	Өзгерістер (Әсер етуі қандай ?)	Кезеңдер шекарасын басқару
Жоба ортасына сәйкес түзетулер	Прогресс (Біз қазір қандай сатыдамыз? Жалғастырған дұрыс па?)	Жобаның жабылуы

Мемлекеттік сектордағы табысқа қарамастан, PRINCE2 өз кемшіліктері бар. Егер оны қолайсыз ортада қолданса, бұл әдіс саяси себептерге байланысты кідірістер мен артық бюрократия туғызып, артық қадағалау мен тексерулер көбеюі мүмкін.

Жалпы, жобалық басқаруды біз 2008-2010 жылдардағы жаһандық экономикалық дағдарыстан кейін дамыта бастадық және "жобалық басқару" ұғымы елде белсенді тарала бастады. Жобалық кеңселер ҚР Президенті мемлекеттік басқару академиясының негізінде құрылғандығын және жаңалықтарда жиі түрлі министрліктер мен ведомстволар мемлекеттік міндеттерді іске асыру кезінде жобалық басқаруды қолданатынын хабарлағанда, бұл басқару түрін пайдалану мемлекетімізде қолға алынған секілді пікір қалыптасады [6]. Алайда, қолдану нәтижелерін егжей-тегжейлі анықтап, бағалауға тырысқан кезде оларды табу қиын. Неліктен? Өйткені Қазақстанда жобалық басқарудың бірыңғай орталығы жоқ, ұлттық стандарттар деңгейінде бекітілген бірыңғай тәсіл мен әдістеме әзірленбеген.

Елімізде жобаларды жүзеге асыру және басқаруда жиі кездесетін себептерге тоқталатын болсақ оларға:

- компанияның және оның қызметкерлерінің мүмкіндіктерін бағалаудың дұрыс емес критерийлері;

- жұмысшылар қызметінің қате принциптері мен әдістері;

- ұйымның дұрыс тұжырымдалған мақсаттары, оларға қол жеткізу тәсілдері мен мерзімдері;

- қаржыда, жеткізуде, техникада, технологияда қасақана бұзушылықтар;

- мемлекеттік саясат пен экономикадағы өзгерістер.

Бұл мәселелерді толығымен жоймасада оларды қысқартуға мүмкіндік беретін PMBOK, PRINCE2 әдіснамалары елімізде өте сирек кездеседі және оларды аздаған компаниялар тәжірибеде қолданады.

Жобаны іске асыру үшін енгізуге қажетті шығындар мен көлемдерді, іс-шаралар түрлерін нақты түсіну қажет және мәселелер пайда болған жағдайда жоба соңында нақты кім жауап беретіні анықталуы тиіс.

Неге мемлекеттік органдар жобалық басқаруды тиімді пайдалана алмайды? Өйткені, PRINCE2, SCRUM, AGILE, PMBOK, ITIL және т. б. жобалық басқаруда білім мен құзыреттілікке ие, әдіснамалар бойынша сертификатталған жобалық менеджерлердің шын мәнінде саны қанша нақты түсінік жоқ.

Жеке компанияларда жобалық басқаруға басқаша назар аударылады. Экономикалық негіздеуге, пайда мен артықшылықтарды бағалауға аса көңіл бөлінеді, өйткені жобалық басқаруды қолдану – болашақта пайда әкелетін инвестициялау екенін түсінеді.

Ұлыбритания тәжірибесі Қазақстан үшін үлгі бола алады. Мұнда ұлттық деңгейде BS6070 Британдық жобалық басқару стандарты қабылданды. Британдық стандарт шеңберінде PRINCE2 әдіснамасы қолданылады, меншік иесі AXELOS британдық компаниясы болып табылады. Компания 2013 жылы Ұлыбритания Министрлер Кабинеті мен Capita plc компаниясының қатысуымен құрылған. Capital plc компаниясы әдістеме әзірлеушісі болып табылады, бұл жобаларды іске асыру кезінде мемлекеттік деңгейде PRINCE2 әдіснамасын пайдалануға мүмкіндік береді. Егер елімізде осы тәжірибені қолдансақ, бұл қойылған міндеттерді тиімді іске асыруға мүмкіндік берер еді [6].

Қорытындылай келе, елімізде күшіне енген және жүзеге асыруға рұқсат берілмеген инвестициялық жобалар саны күн сайын артуда десек болады. Бұл жобалардың табысты болуы және мемлекеттің әлеуметтік, экономикалық мәселелерін расында да шешуі екіталай. Себебі, мемлекеттік деңгейдегі басқару түрлері мен әдістерін қолдану, жобаны орындау барысында пайда болған қиыншылықтарға байланысты басқару әдістерін орынды пайдалану тәжірибесі елімізде ақсап келеді. Сәйкесінше, жоба жүзеге асыру барысында ойдағыдай нәтиже бермейді. Мемлекетімізде PRINCE2, PMBOK әдіснамаларын қолдану деңгейі өте төмен болғанына байланысты, елімізде бұл әдістерді толық пайдаланылмаса да, жобалық басқаруда басқа дәстүрлі басқару түрлерімен алмастырып қолдануға болады.

Жобалық басқаруды дамыту үшін бірінші кезекте, мемлекеттік деңгейдегі тәсілдерді өзгерту, бірыңғай стандарттар мен әдіснаманы әзірлеу қажет. Мұндай жағдайда, мемлекеттік компаниялар табысты жұмыс істейтін болады. Стандарттарды әзірлеуге және іске асыру үшін бір пилоттық жобаны алуға болады. Оның нәтижелерін бағалай отырып, сәтті болған жағдайда басқа ведомстволарға бағыттаған жөн. Сондай-ақ, күшті IT-инфрақұрылым қажет, шет елдерде барлық мемлекеттік органдарда жобаларды іске асыру үшін пайдаланылатын көрсеткіштер цифрланған. Ақпараттық платформада барлығы ашық, әділ және әрбір есеп беретін министрлік өз жобаларының нәтижелерін көре алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

Портни С.Э. Управление проектами для «чайников» Project Management For Dummies. – М.: «Диалектика», 2006. – 368 с.

1. Мартин П., Тейт К. Управление проектами / Пер. с англ. – СПб.: Питер, 2006. – 224 с

2. Управление инновационными проектами / Под ред. проф. В.Л. Попова. – М.: ИНФРА-М, 2009. – 336 с.

3. <http://projectbureau.ru/standard/pmbok6>

4. <http://projectimo.ru/upravlenie-proektami/ehtapu-proekta.html>

5. М.Медеубаева «Как внедрить проектное управление в Казахстане» <https://inbusiness.kz/ru/news/kak-vnedrit-proektnoe-upravlenie-v-kazahstane>

ЖІБЕК ЖОЛЫ БОЙЫНДАҒЫ ТУРИЗМНІҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН ҮШІН МҮМКІНДІКТЕРІ

Байжанова А.С.

Әл - Фараби атындағы ҚазҰУ, ЭЖБЖМ

Мемлекеттік және жергілікті басқару, 3-курс студенті

Ғылыми жетекші: Смагулова Г.С.

э.ғ.к., доцент

Әлемдегі туризм ұлттық экономиканы дамытудың басым бағытына айналуға, бұл ЖІӨ өсуін, жұмыс орындары санының өсуін және нәтижесінде халықтың табыстарының өсуін қамтамасыз ете алады. Туризм саласы күннен күнге қарқынды дамып келеді. Туризм ұлттық табыстың өсуінің перспективті және тиімді көзі болып табылады, әсіресе қолайлы климаттық жағдайларымен, рекреациялық мүмкіндіктерімен және мәдени-тарихи ескерткіштерімен ерекшеленетін елдер үшін туризмді дамыту мемлекеттік саясаттың негізгі мәселесі ретінде қарастырылады.

«Адамзат тарихындағы ең үлкен жол» ретінде жарияланған ежелгі Жібек жолы Шығыс пен Батыс арасындағы алғашқы көпір, Қытай, Орталық және Батыс Азия, Үндістан, Рим ежелгі империялары арасындағы сауданың маңызды қозғалтқышы болды. Интеграция, алмасу және байланыс бағыты ретінде Ұлы Жібек жолы екі мыңжылдық ішінде адамзаттың жалпы өркендеуі мен дамуына үлкен үлесін қосты.

Түрлі тарихи-мәдени мұраға және мыңдаған шақырымға созылған ежелгі жолдармен жалғасқан табиғи туристік көрнекті жерлерге ие болған Жібек жолы бүгінде келушілерге ортақ тарихпен байланысты бірегей маршруттар желісін көруге мүмкіндік беретін тиімді туристік бағыт. Бұл жолды қайта заманауи жандандыру туристтерге Ежелгі Жібек жолы бойымен саяхаттап, әйгілі зерттеушілердің ізімен жүруге жаңа мүмкіндіктер береді.

Бірегей туристік ресурстарға ие Орталық Азия аймағы экономиканың осы саласын дамыту үшін үлкен әлеуетке ие. Орталық Азиядағы туризмнің қазіргі жағдайын зерттеу барған сайын өзекті болып отыр, мұнда туристік ресурстардың осы елдердің ұлттық байлығын арттыруға, халықаралық деңгейдегі туризмге үлкен үлес қосуға барлық мүмкіндігі бар. Орталық Азияның туристік әлеуеті орасан зор және толық пайдаланылмаған. Тәжікстандағы Истаравшан, Түрікменстандағы Куняургенч, Қырғызстандағы ежелгі Өзген

қаласы, Қазақстандағы Түркістан, көптеген көне ескерткіштер қонақтар үшін әлі де қол жетімді емес. Бұл жерлерге маршруттың сценарийін ұйымдастырудың жоқтығы және инфрақұрылымы дамымағандығы оларды келушілер үшін тартымсыз етеді. Демек, бұл жерлерде туризмді дамыту перспективасы - бұл адамзаттың осы халықтардың ең қызықты мәдениетімен таныстыру және елдердің экономикасын дамыту үшін өте күрделі, бірақ негізгі міндет.

Орталық Азия елдері шекараларын ЮНЕСКО 1843 жылы берілген А.Гумбольдттың анықтамасы негізінде анықтайды, онда Орталық Азия келесі аймақпен шектеледі: Моңғолия, Батыс Қытай (Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы - СУАР), Пенджаб, Солтүстік Үндістан, Солтүстік Пәкістан, Солтүстік-Шығыс Иран, Ауғанстан, Ресейдің Азия аймақтары (батыстағы қазіргі Астрахан аймағынан шығысқа қарай Алтай өлкесі) және посткеңестік кеңістіктегі бес елдің (Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан және Өзбекстан) аймақтары. Геосаяси анықтама біршама өзгеше: қазіргі кезде әлемде «Орталық Азия» түсінігімен КСРО құрамындағы бұрынғы бес азиялық республикалардың (Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан) құрамы аймақтарын жиі жатқызады [1].

Қазіргі уақытта «Жібек жолы» термині танымал брендке айналды[2]. 1993 жылы ЮНВТО Жібек жолын туристік тұжырымдама ретінде ұйымдастыру және дамыту жөніндегі ұзақ мерзімді жобаны бастады. 1994 жылы Ұлы Жібек жолы бойындағы туризм туралы тарихи Самарқанд декларациясына 19 қатысушы елдің өкілдері қабылданды және барлық үкіметтер, ұйымдар және жеке сектор субъектілері қолдана алатын арнайы логотип бекітілді. Осы кезден бастап жиналыстар мен форумдар тұрақты бола бастады. ЮНВТО – Дүниежүзілік туристік ұйым - БҰҰ жүйесінің агенттігі, оған 158 мүше ел, 6 қауымдастырылған мүше және 500-ден астам аффилирленген мүше кіреді. Ұйымның негізгі мақсаты - туризм секторының жалпыға қол жетімді және тұрақты дамуын қамтамасыз ету. Штаб-пәтері Мадридте, Испанияда орналасқан. Нұр Сұлтан ЮНВТО серіктестік бағдарламасына 2018 жылдың мамыр айында қосылды[3]. Бұл Қазақстан үшін туризм саласын дамытуға жаңа мүмкіндіктер берді.

Өзінің мыңжылдық табиғи және мәдени байлығына сүйене отырып, Біріккен Ұлттар Ұйымының Дүниежүзілік Туризм Ұйымы (ЮНВТО) Біріккен Ұлттар Ұйымының серіктес ұйымдарымен және ЮНВТО-ға мүше мемлекеттермен бірлесіп, туризм саласын түбегейлі өзгерте алатын бағытқа жаңару және жаңа мән беру үшін жұмыс жасауда. Салаларда байланыс жасай отырып, Жібек жолы бойындағы мемлекеттер және жеке туризм секторының мүдделі тараптарына, жаңа туристік мүмкіндіктер мен тұрақты дамуға ықпал ететін бастамалар жасау үшін қарқынды жұмыс жүргізуде.

Қазіргі уақытта 33 мүше мемлекет «Жібек жолы» іс-қимыл жоспарын, Жібек жолы бойындағы тұрақты туризмді алға жылжыту үшін бірлесіп жұмыс істеуге бағытталған кешенді бағдарламалық құжатты жүзеге асыруда бірлесіп жұмыс істейтін ЮНВТО Жібек жолы бағдарламасына қатысуда. Іс-шаралар жоспарына сәйкес ынтымақтастық басымдықтары бағдарламаның үш негізгі бағытына шоғырландырылған: маркетинг және жылжыту, әлеуетті арттыру және бағыттарды басқару, саяхаттарды жеңілдету.

Ортақ мәдени мұрамен байланысты бағыттардың ерекше желісін ұсына отырып, Жібек жолы елдері өздерінің көптеген ресурстарымен бөлісе алады. Олардың жоғары сапа мен сенім стандарттарына сәйкес келетін Жібек жолы брендин мақұлдауға барлық мүмкіндіктері бар. ITB Berlin және WTM London туристік көрмелерімен бірге, сондай-ақ Жібек жолы аймағындағы және одан тыс жерлердегі басқа да көрмелермен қатар, ЮНВТО Жібек жолы бағдарламасы Жібек Жолын халықаралық туристік бренд ретінде тануға бағытталған іс-шаралар кешенін дамытуда. Берлиндегі «Жібек жолы» акцияларына жыл сайынғы туроператорлардың форумы және Жібек жолы министрлерінің конференциясы кіреді. Жақында өткен кездесу барысында туризм министрлері өте маңызды тақырыпты - виза рәсімдерін жеңілдетуді және сапарға қатысты басқа рәсімдерді талқылады. Бұл жоба аясында Қазақстанның туризм саласында айтарлықтай өзгерістер болды. Атап айтқанда, 2019 жылдың мамыр айында туристік саланы дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданды, ол қазірдің өзінде өз жемісін беруде. Үкімет

визалық-көші-қон режимін ырықтандыру бойынша жұмыс жүргізді, басқа 12 мемлекеттің азаматтары Қазақстанға визасыз кіре алады, 9 қаланың әуежайларында «ашық аспан» режимін енгізу туралы шешім қабылданды, қосылған құн салығын қайтару «Tax free» тетігі іске қосылатындығы туралы хабарлады. Қазақстан МІСЕ туризмін одан әрі ілгерілетуді жоспарлап отыр: мемлекет ТМД-дағы ең ірі болып табылатын ІТВ-Eurasia халықаралық туристік көрмесін үнемі өткізіп тұруға ниетті. Көлемі жағынан Батыс Еуропадан асып түсетін территориясымен Қазақстанды туристік әлеуеті жоғары мемлекеттер қатарына жатқызуға болады.

Әлемдегі ЖІӨ-нің 10% -ын құрайтын, жалпы бизнес көлемі мұнай экспорты, тамақ немесе автомобиль өндірісі сияқты салаларға тең немесе одан да жоғары. , туризм саласы ғаламшардың әл-ауқаты үшін үлкен жауапкершілік алады. Туристік процеске қызығушылық танытатын қатысушылар санының артуы туризмнің өркендеуі мен бәсекеге қабілеттілігінің қажеттілігін түсініп, тұрақты даму қағидаттарына негізделген жауапты шешімдер қабылдауға негіз береді. Туризмді жауапты тұрақты басқару қағидалары гидтер мен туроператорларды, әсіресе әлемдік мұра нысандарында жұмыс істейтіндерді, инновациялық трансұлттық жобаларды басқарушыларды оқытуға үлкен жауапкершілік береді. Қазақстан ЮНВТО-ның туризм саласындағы кадрларды даярлау жөніндегі академиялық бағдарламасының тәжірибесіне қызығушылық танытады, өйткені осы жылдан бастап Қазақстанда «Халықаралық туризм және қонақжайлылық университеті» құрылды. ЮНВТО-ның Бас хатшысын 2020 жылы университеттің ресми ашылуына қатысуға шақырылды. Бұл бастаманың басты бағыты тәжірибеге, тұрақты дамуға, аймақтық ынтымақтастыққа, жергілікті қоғамдастықтарды тұрақты қолдау мен тартуға бағытталған заманауи кадрларды даярлау.

Қазақстандағы Орталық Азиядағы басқа мемлекеттерге қарағанда туризм саласындағы жағдай салыстырмалы түрде жақсы. Бұл саяси және экономикалық салаларда елеулі реформалар болғандығымен байланысты. Экономикада жеке меншік басым, тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдары, оппозициялық партиялар мен қозғалыстар бар, парламент сайлаушылардың мүдделерін бейнелейді, нәтижесінде ұлттық экономиканы, соның ішінде туризмді тез ырықтандыруға мүмкіндік берді. Бірақ сонымен бірге, мысалы, аумағы жағынан әлемде тоғызыншы және ТМД-да екінші орынды иеленген Қазақстан іс жүзінде әлемде туристік бағыт ретінде танымал емес, дегенмен оның жерлері Қытай мен Еуропа арасындағы байланысты бірнеше ғасырлар бойы қамтамасыз еткен, көптеген тарихи оқиғалардың куәгері болған, Ұлы Жібек жолы өтетін мемлекеттердің бірі[4]

Қазақстанның тартымды туристік имиджін қалыптастыру бірқатар шараларды, соның ішінде Қазақстанның туристік компаниялары мен агенттіктерінің ЮНВТО өткізетін халықаралық туристік көрмелерге, жәрмеңкелер мен конференцияларға қатысуын, сондай-ақ республикада осындай шараларды ұйымдастыруды талап етеді. Қазақстанның Еуразияның әлеуметтік және мәдени іс-шараларының орталығына айналуына ықпал ететін конгрестік туризмді дамыту маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Электронды ресурс. Уикипедия — ашық энциклопедиясынан алынған мәлімет. https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9E%D1%80%D1%82%D0%B0%D0%BB%D1%8B%D2%9B_%D0%90%D0%B7%D0%B8%D1%8F
2. Лукин А.В. Идея «Экономического пояса Шёлкового пути» и евразийская интеграция // Международная жизнь. 2014.
3. Электронды ресурс. КАЗИНФОРМ Халықаралық ақпарат агенттігі https://www.inform.kz/ru/globalnyu-sammit-yunvto-proydet-v-nur-sultane_a3571855
4. Электронды ресурс. АҚ «Ұлттық компания «Kazakh Tourism» парақшасы <https://qaz-tourism.kz/ru/about-kazakhstan>

ВЛИЯНИЕ ЦИФРОВИЗАЦИИ НА УПРАВЛЕНИЕ ПЕРСОНАЛОМ ОРГАНИЗАЦИИ

*Байсүгір Э.Т.
КазНУ им. аль-Фараби, ВШЭиБ
менеджмент, магистрант 1²⁰ курса*

*Научный руководитель: Джулаева А.М.
к.э.н., доцент*

Информационная технология принесла изменения во всех аспектах жизни человеческого общества, и она продолжает изменять способ работы организации. Грядущее поколение HR потребует значительного изменения от сегодняшнего фокуса на HR-операциях с обновлением нового способа работы. Цифровизация стала новым удовольствием в организации, и это то, что организации должны внедрить, чтобы оставаться передовыми. [1-4] HR-функции должны использовать его для административных процессов, таких как обработка заработной платы, при этом незначительное внимание уделяется трансформационным практикам HR. [5-7] В 2006 году HCM Survey (CedarCrestone) утверждает, что компании расширили сферу применения HRM, поскольку административное электронное управление персоналом по-прежнему было самым популярным приложением (62% опрошенных компаний), компании сообщили о растущем использовании стратегических приложений, таких как услуги по привлечению талантов (61%), управление эффективностью (52%) или управление компенсациями (49%). [8-10] Цифровизация влияет на организации на многих этапах и сократит объем ручного труда за счет более широкого использования технологий. [11-12].

Целью исследования является определение влияния цифровизации на деятельность менеджеров по персоналу, как организации адаптируются к цифровой трансформации в бизнесе и обществе.

Цифровизация и HR-практики

Потребность времени делает HR-специалистов более стратегическими и проактивными, и они должны получить опыт в предстоящих социальных и технических тенденциях. Оцифровка теперь требует от HR-специалистов привлечение редких талантов, максимизирование контактов с сотрудниками, предвидение их потребности в обучении, чтобы быть проактивными, способствовать вовлечению путем выявления и признания потенциала каждого сотрудника. Все это решается в контексте сокращения бюджета. Оцифровка функции HR является важной частью ответа на эти вызовы. Огромное влияние цифровизации можно увидеть на функции HR, такие как подбор персонала, обучение и развитие, управление производительностью, расчет заработной платы и управление рабочими процессами. [12]

Цифровизация в рекрутинге

Под онлайн-рекрутингом понимается размещение вакансий на корпоративном веб-сайте или на порталах вакансий, которые позволяют соискателю легко обмениваться своим резюме по электронной почте. Электронный набор - это использование вебсайта, который помогает и поддерживает процесс набора. Основные способы подбора персонала, которые используют компании, - это через веб-сайты компании, используя сайты социальных сетей (SNS) для получения базы данных из интернета. Процесс подбора персонала осуществляется через: а) корпоративные сайты - это основной способ привлечения кандидатов, доступный портал, на котором сотрудник может напрямую поделиться своим резюме) коммерческие рабочие советы- это различные сайты портала вакансий, где работодатели могут размещать свои требования к работе, а кандидаты могут непосредственно подавать заявки на порталах вакансий. [11]

Цифровизация в обучении и развитии

В эпоху цифровизации электронное обучение даёт работодателям широкие возможности для предоставления интерактивного способа обучения своим сотрудникам. "Электронное обучение означает использование интернет-технологии для предоставления широкого спектра решений, повышающих уровень знания и производительности" (Марк Розенберг). Веб-технологии повлияли на формальное обучение и привели к повышению эффективности работы на рабочем месте. [12] Процедура обучения изменилась с элементарных учебных мероприятий, таких как лекции, тематические исследования, ролевые игры и т.д. к более многогранным методам, таким как основанные на технологии процедуры обучения, то есть через видео, интернет и компьютер. Обучение на основе технологий (TBL), компьютерное обучение, интерактивное видео, мультимедийные технологии обучения, интернет, интранет (корпоративные интернет-системы), виртуальная реальность и так далее. [13]

Цифровизация в управлении производительностью

Результативность помогает в оценке эффективности работы сотрудников по отношению к их работе и достижению целей организации. Система онлайн-оценки помогает организации проводить всю процедуру оценки в режиме онлайн. Онлайн-процедура помогает сократить бумажную работу, время и затраты отдела кадров. Это позволило управлению эффективностью является эффективным инструментом для использования всех преимуществ при относительно меньших затратах. Электронное управление эффективностью позволяет организациям вести учет основных навыков и компетенции в процессе управления персоналом. Программное обеспечение для управления эффективностью обеспечивает передовой подход к процедуре оценки эффективности сотрудников. Онлайн-процедура оценки помогает повысить производительность, взаимоотношения и основные компетенции.

Автоматизированный процесс управления оценкой эффективности организации используют различные программы управления эффективностью, такие как системы управления эффективностью рабочей силы (WPM) Suite и программное обеспечение для управления талантами, которое помогает анализировать цели и достигнутый результат, а также другие данные о сотрудниках. [12-13]

Цифровизация в управлении заработной платой

Онлайн обновление заработной платы помогло организации в легкой выплате заработной платы сотрудникам. HRMS solution INC (2007) - это одна из программ, которая помогла создать общие бухгалтерские книги, сделать чеки, запустить пробные отчеты и достаточно гибко вносить изменения. Цифровизация в платежной ведомости помогла организации перейти к новой технологии облачных вычислений, она помогла в простом управлении на сервере с очень меньшими затратами на обслуживание. Это помогло вести учет эффективности сотрудников, чтобы легко обеспечить премию и стимулы. [14]

Заключение

В связи с продолжающейся тенденцией изменения технологии организация должна быть обновлена и адаптирована к изменениям, чтобы выжить в организации. Цифровизация повлияла на всю организацию либо косвенно, либо напрямую. Организации работают над снижением издержек и адаптацией технологических изменений. Компании пытаются адаптировать практику электронного управления персоналом для повышения эффективности всей организации. Новая технология влияет на организацию в построении взаимодействия сотрудников с обеспечением большей прозрачности в работе, приводя к успеху организации. Исследование способствует более глубокому пониманию того, как цифровизация влияет на менеджеров по персоналу. Цифровизация оказывает влияние на работу HR во многих отношениях.

Эта исследовательская работа основана на обзоре предыдущих исследовательских работ, выполненных по цифровизации и HR-практикам. Для будущих исследований можно

использовать количественный инструмент для анализа результатов. Будущие исследования могут быть основаны на получении более ценной информации от специалистов по управлению персоналом, чтобы понять их работу и влияние технологии в практике управления персоналом.

Список литературных источников:

1. CapGemini Consulting.(2013).Using Digital Tools to Unlock HR's True Potential. https://www.capgeminiconsulting.com/resourcefileaccess/resource/pdf/digitalhpaper_final_0.pdf
2. Spitzer, B. (2014). HR in the Digital Age, CapGemini Consulting, Workforce Solutions Review, 5(1): 15-17
3. Lengnick-Hall, M. L., & Moritz, S. (2003). The impact of e-HR on the Human Resource Management function. Journal of Labour Research, 24(3): 365-379.
4. Keegan, A., & Francis, H. (2008). HRM, technology and strategic roles: considering the social implications. In: G. Martin, M. Reddington, & H. Alexander (Eds.): Technology, Outsourcing and Transforming HR (pp. 421-447), Elsevier, Ams-terdam.
5. DeSanctis, G. (1986), 'Human Resource Information Systems: A Current Assessment,' MIS Quarterly, 10, 15-27.
6. Lawler, E. E., & Mohrman, S. A. (2003). HR as a strategic partner: What does it take to make it happen? Human Resource Planning, 26, 15-29.
7. Martinsons, M. G. (1994). Benchmarking human resource information systems in Canada and Hong Kong. Information & Management, 26(6): 305-316.
8. CedarCrestone (2006), 'CedarCrestone 2006 Workforce Technologies and Service Delivery Approaches Survey,' 9th annual edn., CedarCrestone.
9. Roehling, M. V, Boswell, W. R, Caligluri, P, Feldman, D, Graham, M. E, Guthrie, J. P, Morishima, M. and Tansky, J. W (2005). The Future of HR Management: Research needs and directions, Human Resource Management, 44(2): 207-216
10. Bondarouk, T., & Ruël, H. (2009). Electronic Human Resource Management: challenges in the digital era. International Journal of Human Resource Management, 20(3): 505-514.
11. Cöster, M. & Westelius, A. (2016). Digitalisering, 1st Edition, Stockholm: Liber
12. Galanaki, E. (2002). The decision to recruit online: a descriptive study. Career Development International, 7(4): 243-51.
13. Hendrikson, A. R. (2003). Human Resource Information Systems: backbone technology of contemporary human resources. Journal of Labour Research, 24(3): 381-394.
14. Hussain, Z., Wallace, J., & Cornelius, N. E. (2007). The use and impact of human resource information systems on human resource management professionals. Information & Management, 44(1): 74-89.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК НАРЫҒЫНДА ЖАСТАРДЫ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Баржақсыева Ә.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

ЭЖБЖМ


Мемлекеттік және жергілікті басқару

мамандығының 1-курс докторанты

Қазіргі заманғы маңызды әлеуметтік-экономикалық мәселелердің бірі жастар арасындағы жұмыссыздық мәселесі. Себебі жұмыстың болмауы жастарды құлдырауға әкеліп соғады: тұлғаның қалыптасуы мен дамуында мәселелер пайда болады, некелер күйрейді, туу төмендейді, қылмыстар мен құқық бұзушылықтар көбейеді, нашакорлық етек жаяды, маскүнемдік, балалық бақылаусыздық пайда болады. Қазақстанда жастардың жұмыспен қамтылу және жұмыссыздық ауқымы мемлекеттік билік органдарының, бизнестің, сондай-ақ жалпы халықтың да назарын аударуда. Өйткені жастар бүгінгі таңда жұмысқа орналасу кезінде айтарлықтай қиындықтарға тап болып жатады. Бұл көптеген факторлармен анықталады. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің мәліметтері бойынша жастар (15-28 жас аралығындағы) Қазақстанның экономикалық белсенді халқының төрттен бір бөлігін құрайды.

Сонымен қатар, жастар сегменті, сондай-ақ Қазақстандағы жалпы еңбек нарығы айтарлықтай теңгерілмеген күйінде қалып отыр.

Біріншіден, жас мамандар негізінен өнімділігі төмен салаларда жұмыс істейді, яғни (Сурет 1):



1-сурет. Жастардың осы салалардағы үлесі, %
Ескерту: [1] дереккөз негізінде автормен құрастырылды

Сонымен, 2018 жылы жұмыспен қамтылған жастардың 16,7% сауда саласында, 14,2% - ауыл шаруашылығында, 11,1% - білім саласында жұмыс істеді.

Екіншіден, кәсіпкерлік белсенділік жастар үшін тартымды болып қала бермейді. Жұмыспен қамтылған жастардың басым бөлігі жалдамалы жұмысшылар. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған жастар 23,9% құрайды. Сонымен қатар, Қазақстанда өзін-өзі жұмыспен қамту көп жағдайда төмен табыс пен еңбек өнімділігімен тығыз байланысты екенін атап өткен жөн. Сонымен, ауылдық жерде жұмысқа орналасу мүмкіндігі төмен жерлерде өзін-өзі жұмыспен қамту жұмыспен қамтудың балама түрі болып табылады. Осылайша, қызметкерлердің едәуір бөлігі қалада (64,2%) және ауылда өзін-өзі жұмыспен қамтыған жастар (66,4%) орналасқан.

Үшіншіден, бос емес жастардың білім деңгейі де айтарлықтай өзгереді. Жұмыспен қамтылған жастардың 42,9% жоғары және аяқталмаған жоғары білімге ие. Сонымен қатар, жалдамалы жастардың (жоғары білімі бар - 48,9%) және өзін-өзі жұмыспен қамтыған жастардың (жоғары білімі бар-жоғы 25,2%) жоғары айырмашылығы бар. Олардың ішінде Қазақстанда жұмыс істейтін жастардың саны 2,0 миллион адамды құрайды.

Төртіншіден, жалақыны саралау да жоғары деңгейде қалып отыр. Статистика комитетінің мәліметтері бойынша, 2018 жылы жұмыс істейтін жастардың орташа айлық атаулы жалпы жалақысы орташа есеппен 115,4 мың теңгені құрады, бұл тұтастай алғанда экономикадағы орташа айлық атаулы жалақыдан бір жарым есе төмен. Ең төменгі жалақы ауыл, денсаулық сақтау және мемлекеттік басқару салаларында белгіленді. Жоғары ақылы жастар сегменті жұмыс істейтін жастардың бір бөлігін ғана қамтиды.

Осылайша, Қазақстанның еңбек нарығындағы жастар тұтастай алғанда халықтың айтарлықтай мобильді бөлігі болып табылады. Алайда, ұсынылатын жұмыс орындарының сапасы туралы сұрақ туындайды, бұл жастардың лайықты еңбекке деген ұмтылысын тежейді. Еңбек нарығы негізінен еңбек өнімділігі төмен және жалақысы төмен салаларда жұмыспен қамтуды ұсынады. Сонымен қатар, қалада тұратын жас тұрғындар көп жағдайда жұмыс таңдайды, ал ауыл жастары жұмыс орындарының жоқтығынан өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға жатады. Төмендегі кестеде жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі көрсетілген (Кесте 1):

Кесте 1. Жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі, 2009-2019 жж.

Көрсеткіштер	2009	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019 (II тоқсан)
Жұмыссыздық деңгейі, пайызбен	6,6	5,8	5,4	5,3	5,2	5,0	5,1	5,0	4,9	4,9	4,8
Жастар жұмыссыздығының деңгейі, % (15-24 жас)	6,7	5,2	4,6	3,9	3,9	3,8	4,2	3,8	3,8	3,7	3,7
Жастар жұмыссыздығының деңгейі, % (15-28 жас)	8,5	6,6	6,1	5,4	5,5	4,2	4,4	4,1	3,9	3,8	3,8


Ескерту: [1] дереккөзінен алынды

Яғни, соңғы 10 жылда жастар арасындағы жұмыссыздық (15-24 жас және 15-28 жас) деңгейі сәйкесінше 3-4,7%-ға төмендеген. Ең жоғарғы көрсеткіш 15-28 жас арасында 2009 жылы тіркеліп, 8,5%-ды құраса, бүгінгі күні 3,8%-ды көрсетеді. Дегенмен 2020 жылдың 1-қаңтары бойынша, Қазақстанда 15-тен 28 жасқа дейінгі жұмыссыз жастар саны 84,7 мың адамға жетті, бұл өткен жылмен салыстырғанда 3,4%-ға артық. 2018 жылы 81,9 мың адам болды.

Бір жағынан, білім беру жүйесінде алған жастардың білімі мен құзыреттілігі жұмыс берушілердің талаптарын қанағаттандырмайды. Көптеген компаниялар жас мамандарды қарастырмайды, өйткені оларды жалға алу қызметтік тізімі мен кәсіби жетістіктері бар үміткерлерді жалдаудан әлдеқайда қымбат.

Екінші жағынан, жастардың өздері кейбір жағдайларда жұмысқа орналасу кезінде жоғары талаптар қояды. Мәселен, жұмыс берушілер ұсынатын жалақы мен еңбек жағдайына көңілі толмайтын оқу орындарының көптеген түлектері алған мамандығы бойынша жұмыстан бас тартады. Демек, жоғарыда айтылғандардың барлығы жұмысқа орналасу тиімділігінің төмен болуына алып келеді, сондай-ақ жас мамандар арасында жұмыссыздықтың өсуіне алғышарттар жасайды.

2018 жылғы «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының зерттеуіне сәйкес, жастар арасындағы жұмыссыздықтың басты себептері келесідей (Сурет 1):



1-сурет. Жастар арасындағы жұмыссыздықтың негізгі себептері

Ескерту: [2] дереккөз негізінде автормен құрастырылды

Қазақстан Республикасында жұмыссыздық деңгейі бәсекеге қабілеттілік рейтингісіне (The Global Competitiveness Index) кіретін 55 елдің алғашқы сатыларындағы – Швейцария (6,4%), Сингапур (6,7%), Финляндия (22,7%), Ұлыбритания (13,8%), Ресей (18,8%), Турция (18,3%) елдерімен салыстырғанда айтарлықтай төмен болуына қарамастан, елде жастарды жұмысқа орналастыру мәселесі әлі күнге дейін актуалды болып келеді. Өйткені жастардың көп бөлігі белгілі бір кедергілерге тап болады [3]. Оның себебі Қазақстандағы еңбек нарығы проблемасының еңбек ресурстары мен жұмыс орындарының теңгермеушілігіне, олардың сапасына байланысты.

Жоғарыда аталған мәселелерді ескере келе, келесі ұсыныстарды енгізу қажеттігі туындайды:

1. Жастардың еңбек нарығы мәселелерінің аймақтық ерекшеліктерін шешудегі жергілікті өзін-өзі басқару органдарының рөлін күшейту;

2. Мемлекеттік бюджет құралдары мен әлеуметтік бюджеттен тыс қорлар есебінен жастар жұмыссыздығының жоғары деңгейі бар аймақтарда әлеуметтік және экономикалық бағдарламаларды басымдылықпен қаржыландыруды жүзеге асыру;

3. Индустриялық аудандарда, сонымен бірге шағын және орташа қалаларда, моноэкономикалық құрылымды кенттерде жастардың жаппай жұмыссыз болуының жағымсыз салдарын барынша азайту;

4. Жас қызметкерлердің жаппай жұмыстан шығарылуының алдын алу, жастар үшін экономикалық мақсатқа сай бар жұмыс орындарын сақтап қалу және жаңаларын ашу, жаңа прогрессивті өндіріс үшін жас мамандарды қайта даярлаудың озық тәжірибесін жүзеге асыру;

5. Жастардың дәрменсіз ұйымдардағы еңбек құқығын қорғауды, жұмысынан айрылған кезде жастарға тиімді қолдауды қамтамасыз ету;

6. Әлеуметтік қорғау және біліктілікті арттыруды қамтамасыз ету үшін қажетті инфрақұрылым жасай отырып, ірі «жастар құрылыстарын» ұйымдастыру.

Қорытындылай келе, қоғамның стратегиялық ресурсы болып табылатын жастар еліміздің пайдасы үшін қызметке қатысуға ұмтылады және осы үшін де бүгінгі таңда оларға қолдау көрсеткен жөн, мемлекеттің еңбекке қабілетті халқының арасында жастардың үлесін арттыру үшін осы қызметке жас ұрпақ потенциалын қосу керек. Жастарды жұмыспен қамтуды басқару қажеттігі, сондай-ақ жас ұрпақтың өздігінен даму мәселесіне де байланысты, ол сапалы білім алу, қызмет барысында өсу және лайықты еңбек ақы алу мүмкіндіктерімен көрінеді, ал оның табиғаты нақты аймақта қалыптасқан экономикалық, географиялық, демографиялық және қайта жаңғыру шарттарымен анықталады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР Статистика комитетінің ресми сайты: [/\[Электрондық ресурc\]// https://stat.gov.kz](https://stat.gov.kz)
2. «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының ресми сайты/[\[Электрондық ресурc\]// https://eljastary.kz/](https://eljastary.kz/)
3. The Global Competitiveness Index ресми сайты: [/\[Электрондық ресурc\]// https://reports.weforum.org/global-competitiveness-report-2018/](https://reports.weforum.org/global-competitiveness-report-2018/)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ СТРАТЕГИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МЕН ІСКЕ АСЫРУДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ ИНСТИТУТТАРЫНЫҢ РӨЛІ.

Беккайров Н.Б.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

ЭЖБЖМ

*Мемлекеттік және жергілікті басқару
мамандығының 1-курс докторанты*

Ғылыми жетекші: Бимендиева Л.А.

э.ғ.к., профессор м.а.

Қоғамның дамуын тежейтін, ең көп зардабын тигізетін өзекті мәселелердің бірі - сыбайлас жемқорлық. Егер жемқорлық мемлекеттік билік органдарына дейін тамыр жайса, онда басқа мәселелермен күресу ешқандай нәтиже бермейді. Жемқорлықтың нәтижесінде мемлекеттік билік органдарының жұмысын жақсартуға бағытталған екі элемент құрдымға кетеді: қоғамның сенімі және басшылардың бақылау және қадағалау жұмыстарының ұйымдастырылуы нашарлайды. Сыбайлас жемқорлықпен күресу - Қазақстанның мемлекеттік саясатының маңызды стратегиялық басты бағыттарының бірі. Өйткені, сыбайлас жемқорлықты ұлттық қауіпсіздіктің тұтастығына тікелей әсер ететін қауіп-қатердің қатарына жатқызады. Тәуелсіздік алған тұстан бастап Қазақстан сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттік саясат жүргізді. 2004 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспарының мүшесі болып табылады. 2006 жылдан 2010 жылға дейін Қазақстанда Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мемлекеттік бағдарламасы іске асырылды. 2011 - 2015 жылдарға есептелген Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы салалық бағдарлама жүзеге асырылды. Жоғарыда көрсетілген бағдарламалардың нәтижесінде мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының негізгі бағыттарын одан әрі айқындау мақсатында Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы жасақталды [1].

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны жүзеге асыруда азаматтық қоғамды қалыптастырушы субъектілер, мемлекеттік органдар мен бұқаралық ақпарат құралдарының күш-жігерін жүйелеу одан әрі үйлестіру ерекше маңызды болып табылады. Азаматтық қоғам дегеніміз - дамыған экономикалық, мәдени, құқықтық және саяси қатынастары қалыптасқан және мемлекетке тәуелсіз, бірақ онымен өзара әрекеттесетін, мемлекетпен бірлескен құқықтық қатынастар құратын жоғары әлеуметтік, саяси, мәдени және моральдық мәртебесі бар азаматтар қоғамы. [2]. Мемлекет пен азаматтық қоғам өзара байланысты құрылымдар. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды сәтті жүзеге асыру азаматтық қоғам институттарының қатысуынсыз мүмкін емес. Сол себепті сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзушылықтың алдын-алу және қылмысқа итермелейтін жағдайларды жою мәселелерін қоғамдық талқыға салу керек. Фридрих Ницше өзінің еңбегінде «жазықсыз жемқорлық» түсінігіне тоқталады: «қоғамдық сыни көзқарастың «таза ауасы» жетпейтін барлық мемлекеттік мекемелерде жемқорлық саңырауқұлақ тәрізді көбейеді». Қазақстанда сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін қоғамның барлық құрамдас бөлігін кешенді зерттеу арқылы жүзеге асыруға болатындығы ғылыми ортада бұрыннан белгілі. Сыбайлас жемқорлық қоғамның кез-келген жүйесіне - экономикалық, саяси, әлеуметтік сипатына әсер етіп, салдарынан мемлекетті басқару тетіктерінің тиімділігі азаяды дегенді білдіреді.

Зерттеушілердің көпшілігі «сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігі – азаматтық қоғамның қалыптасуы және оның даму процесіне тікелей байланысты» деп атап көрсеткенмен, бүгінгі таңда азаматтық қоғам институттарының әлсіздігі байқалып жатыр.

Осы әлсіз тұстардың неден болатындығы туралы түрлі пікірлер бар. Қоғамның сыбайлас жемқорлықпен күреске аз қатысуы себептері туралы айта келе, Н. Евдокимова: «Біріншіден, заңда нақты механизмдер жоқ: мемлекеттік емес ұйымдар ресми тіркеуден өтіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәуелсіз сараптама жүргізу мүмкіндігі бар, бірақ оның нәтижелері белгілі бір ұсыныс дәрежесінде қалып кетеді және осы ұсыныс іс жүзінде ескерілмейді. Екіншіден, мемлекет «де-юре» азаматтық қоғам жемқорлықпен күресу керек деп мәлімдегенімен, билік қоғамның белсенді мүшелерін халыққа өздеріне тиімсіз жерлерде араластырғысы келмейді». Демек, құқықтық сауаттылығы аз азаматтардың бәрі тек ақшамен шешілетініне сенімді заңды нигилизмді басты себептерінің қатарына қосады. Азаматтық қоғамның бұл мәселемен күресудегі алатын рөлінің төмендігі туралы «Азаматтық бастамалар қозғалысының» көшбасшыларының бірі В.Соловейчик «әлеуметтік пассивтік көзқарас пен әлеуметтік іс-әрекеттегі шеберліктің жетіспеушілігі сыбайлас жемқорлықпен күресудегі мәселелердің шешудегі қоғамдық ұйымдардың жетістікке жетуіне үлкен күмән тудыруына әкеліп соғады» деп атап өтті.

Сонымен азаматтық қоғамның сыбайлас жемқорлықпен қарсы күрестегі рөлін анықтау үшін азаматтық қоғамның институттарының құрамдас бөліктерін анықтау керек деп есептеймін. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың қатысушылары ретінде мемлекеттік және жергілікті басқару органдары, омбудсмендер, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдар (кәсіподақтар, бұқаралық ақпарат құралдары, діни ұйымдар және саяси партиялар), бизнес өкілдері, жеке және заңды тұлғалар, халықаралық органдарды тануымыз қажет. Мемлекеттік институттар мен азаматтық қоғам институттарының өзара әрекеттесуіндегі заңнамалық, басқарушылық, құқық қолдану шешімдерін қабылдау және орындау саласындағы қоғамдық қатынастар сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың объектісі мен субъектісін құрады. Өз қызметін жүзеге асыру барысында объективтілік, бейтараптық, әділеттілік, адалдық, жауапкершілік қағидаларын негізге алады. Сонымен қатар мемлекеттік институттар мен азаматтық қоғам институттарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылын жүйелі түрде республиканың барлық аймақтарын қамти отыра ұйымдастыру міндеті қарастырылған. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға мемлекет пен қоғамның күштерін біріктіру қажеттігін көрсетіп отыр. Азаматтарды осы процеске тарту оларды сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға қатыстыру ғана емес, сондай-ақ нақты сыбайлас жемқорлық қылмыстардың жолын кесуде жәрдемдесуін білдіреді. Стратегияға негізделген бағдарламаларды іске қосу үкіметтік емес ұйымдарға еліміздің барлық аймағында қоғамдық қабылдаулар ашуға, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік ахуалын қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар кешенін ұйымдастыруға мүмкіндік берді. Қоғамдық қабылдаулар жемқорлықтың алдын алу мәселелерінде азаматтық бастамалардың негізі болды, бұл мемлекеттік қызмет көрсету сапасына, әкімшілік кедергілерді жоюға қатысты мәселелермен жүгінуге мүмкіндігін туғызды.

Осылайша, соңғы ғылыми жарияланымдарға шолу қазіргі кезеңдегі Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатындағы азаматтық қоғамның үлесі бойынша жұмыстарды әзірлеу, енгізу және одан әрі жетілдіру мәселелері үлкен жолға қойылғаны анықталды. Алайда, ұлттық, аймақтық және субөңірлік деңгейлерде оның тиімділігінің өлшемдері мен талдауы жоқ. Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлықпен күресу барысында қоғамдық ұйымдардың орнына қатыста белгілі бір ерекшеліктерді, оңтайлы институттарды, сондай-ақ проблемалар мен қайшылықтарды нақты, жан-жақты анықтау жоқ. Сыбайлас жемқорлықпен тиімді күреске кедергі келтіретін негізгі мәселелердің бірі - бұл күресті кім басқаруы керек деген мәселені шешу. Сыбайлас жемқорлық белгілі бір өкілеттіктерге ие мемлекеттік органдардың қызметімен тығыз байланысты болғандықтан, жемқорлыққа ұшыраған мемлекеттік билік өкілдерінің сыбайлас жемқорлық мәселесін шешеді деп күту қиынсыз. Мемлекеттік құрылымдардың құзыретінде бақылау, лицензиялау, инспекциялау және авторизациялау тетіктері неғұрлым көп пайда болса, соғұрлым мемлекеттік қызметкерлер өздерінің қызметтік жағдайынан жеке пайда алуға мүмкіндік алады. Сонымен

бірге, осы «бақылаушы» сектордың өкілдері іс жүзінде қоғамның бақылауынан шығарылады [3].

Біз қарастырып отырған мәселені қорытындылай келе, бұрынғы заманнан бері сыбайлас жемқорлық барлық елдерде болған және бар деп айтуға болады. Бұл тек Қазақстан үшін ғана емес, барлық мемлекет тәрізді құрылымдардың бәрінде кездесетін мәселе. Бұл мәселені шешу үшін ғылыми зерттеулердің нәтижелерін ескере отырып, басқа елдердің оң тәжірибесін зерделей отырып, кешенді бағдарламаға құруды талап етеді. Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте үлкен жетістіктерге қолжеткізу үшін тек «құзырлы мемлекеттік органдарды» ғана емес, бүкіл қоғам болып біріге жұмыс жасауымыз керек. Мемлекеттің болашағы үшін жауапкершілік ең алдымен республика азаматтарының өздерімен, бастамашыл және азаматтық қоғамның жауапты өкілдерімен тікелей байланысты.

Пайдаланылған әдебиттер:

1. Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы Қазақстан Республикасының Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №986 Жарлығы. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1400000986>.

2. Рафиев Р. Б. Роль гражданского общества в противодействии коррупции // Молодой ученый. — 2015. — №22. — С. 467-469. — URL <https://moluch.ru/archive/102/23055/>

3. Карин Е.Т. К вопросу об аналитических подходах в изучении проблемы коррупции // Коррупция в Казахстане: методы нейтрализации / под ред. Д.А. Сатпаева. - Алматы: ЦАПИ, 2010. - 48 с.

ЭКОНОМИКАНЫҢ САНДЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАНУЫ ЖАҒДАЙЫНДА ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛАРДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Бекенова Ж.Т.

*әл-Фараби ат. ҚазҰУ, Экономика және Бизнес Жоғары Мектебі,
«Менеджмент» кафедрасы
«Инновациялық менеджмент»
мамандығының I курс магистранты*

Ғылыми жетекші: Смагулова Г.С.

Э.ғ.к, доцент

Мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік жетістіктері, ең алдымен, олардың білім жүйесімен, азаматтардың білім деңгейімен анықталатыны белгілі. ХХІ ғасыр — жаһандық жаңалықтар мен білімнің дәуірлеу ғасыры, өйткені ол қазіргі кезде мемлекеттің тұрақты дамуын қамтамасыз етуде, сондай-ақ әлемдік нарықтағы, әлемдік қоғамдастықтағы орнын айқындап, халықтың өмір сүру сапасы мен деңгейін көтеруде айырықша маңызды рөл атқарады. Жоғары білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі-еңбек нарығының, еліміздің индустриялық -инновациялық даму міндеттері мен жеке тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыратын және білім беру саласындағы үздік әлемдік тәжірибелерге сай келетін жоғары білім сапасының жоғары деңгейіне қол жеткізу[1]. Бұл мақсаттарға жету үшін елімізде түрлі бағдарламалар қабылданып, реформалар жүргізілуде. Мәселен, әлемдік деңгейдегі Индустрия 4.0-ге біз де аяқ басып, мақсаттарға жетуге талпыныс жасап жатырмыз. Цифрландыру еліміз үшін жаңа мүмкіндіктер ашып, қосымша тәуекелдерді тудырды Табысты индустриалды модернизацияның кілті - Индустрия 4.0 жаңа тәсілдерімен тұрақты, жақсы құрылған өнеркәсіптік нормативтік базаның үйлесуі.

Төртінші өнеркәсіптік революцияның жүргізілуіне байланысты еліміздің экономикасының дамуын жеделдету процесіне Жоғары Оқу Орындарының қатысуы міндетті екені белгілі. Себебі экономикалық процесстердің тез өзгеруі жаңа формацияның білікті кадрларына қажеттілігінің туындауына алып келеді. Жоғары білім республика экономи-

касының барлық салалары үшін құзыретті және бәсекеге қабілетті мамандарды кәсіби даярлауды қамтамасыз етуде, ғылым мен өндірісті біріктіруде маңызды рөл атқарады.

Бүгінгі таңда біздің елімізде білім беру саласында көптеген модернизациялар жүргізіліп жатыр. Орта білім берудің 12 жылдық моделі, кәсіптік және техникалық білім берудің мазмұнының жаңартылуы, «e-learning» электронды оқыту, зияткерлік мектептер арқылы жоғары оқу орындарына дарынды шәкірттер дайындау, жоғары оқу орындарына қойылатын жаңа талаптар, зияткерлік цифрлы білім беру, магистрлар мен PhD докторларды дайындау арқылы университеттік білімді жаңа деңгейге көтеру бірқатар инновациялық жобаларға бастама болып, инновациялық оқыту әдісі кеңінен қолданыла бастады [2].

Алайда, жоғары білім беру жүйесінде инновацияларды енгізудің түрлі тәсілдері қолданылып жатқанымен, сол салада жұмыс жасап жатқан кәсіпорындар саны, өндірілген инновациялар көлемі, инновациялық тауарды немесе қызметтерді енгізген кәсіпорындар санының аз және жеткіліксіз деңгейде екенін көріп отырмыз. Көптеген жұмыс берушілер жоғары оқу орындары оқытып шығаратын мамандар сапасына қанағаттанбайды.

Төмендегі кестеден инновациялары бар кәсіпорындар жағдайы көрсетілген. Жоғары белсенділік пайызына ие болғанына қарамастан сол кәсіпорындарда шығарылатын инновациялар көлемі өте аз. Және басқа салаларға қарағанда инновациялары бар кәсіпорындар санының аздығын, инновациялық қызмет саласында басқа ұйымдармен бірлесіп жұмыс істеген кәсіпорындар санының төмен деңгейін көреміз.

Кесте-1. Білім беру жүйесіндегі инновациялар

	Кәсіпорындар саны, бірлік	одан инновациялары бары	Инновация саласындағы белсенділік деңгейі, %-бен	Есепті кезең соңына қызметкерлердің жалпы саны, адам	Инновациялық қызмет саласында басқа ұйымдармен бірлесіп жұмыс істеген кәсіпорындар саны, бірлік
Барлығы	30 501	3 230	10,6	2 355 227	1 120
Білім беру	137	82	59,9	63 109	56
Ескерту- [4] әдебиет негізінде автормен құрастырылған					

Бүгін біз барлық дерлік салаларды цифрлық технологиялардың белсенді енгізілуінің куәгері болып отырмыз. Солардың бірі жоғары білім беру жүйесі. Технологиялық жаңғыртудың маңыздылығын сезіне отырып, еліміз осы саланы цифрландыру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізіп жатыр.

Негізінде, білім беру жүйесін цифрландыру сандық шешімдер мен ақпараттық жүйелердің көмегі арқылы студенттердің әлемнің үздік университеттерінің білім беру ресурстарына, ғылыми тәжірибелер мен зерттеулердің нәтижелерінен қашықтағы мәліметтерге, инженерлік мәселелер мен проблемалар кітапханасына, сонымен қатар таратылған еңбек, ғылыми-зерттеу және білім беру топтарын құруға қол жетімділікті кеңейтуді білдіреді[3].

Әлемдегі төртінші өнеркәсіптік революция экономикадағы кең тараған цифрландыру, автоматтандыру, роботтандыру, робототехника және мехатроника, жасанды интеллект, 3D объектілі модельдеу технологиясы, «үлкен деректермен алмасу» сияқты үдерістерге деген қажеттілікті тудырды. Сондықтан студенттерге білім беру үдерісіне алдыңғы қатарлы цифрлық технологияларды енгізу мәселесі төртінші өнеркәсіптік революцияның осы элементтерінің негізінде шешілуі тиіс. Ал, біздің еліміздің жоғары оқу орындары бұндай

жаңашылдықтарды енгізуге қаншалықты дегейде қызығушылық танытанынын төмендегі кестежен көре аламыз.

Кесте-2.

Жаңа жобалар үшін немесе қолданыстағы инновациялық жобалардың аяқталуына ықпал етуші ақпарат көздерінің маңыздылығы бойынша кәсіпорындар санын бөлу.

	Маңыздылық деңгейін көрсеткен кәсіпорындар саны			
	Жоғары	Орта	Төмен	Пайдаланылмайды
Кеңесшілер, коммерциялық зертханалар немесе жеке ғылыми институттар	139	204	104	444
Университеттер	80	143	71	545
Мемлекеттік немесе жеке ғылыми-зерттеу институттары	96	146	74	526
Конференцилар, жәрмеңкелер, көрмелер	210	314	105	335
Ғылыми журналдар, сауда және техникалық жарияланымдар	169	252	117	371
Ескерту- [4] әдебиет негізінде автормен құрастырылған				

Инновацияны енгізу бойынша маңыздылық деңгейін көрсеткен кәсіпорындар арасында жоғары қызығушылық деңгейін көрсеткен тек 80 жоғары оқу орны, орта деңгейде қызығушылық танытқан 143, төмен деңгейде қызығушылық білдірген тек 71 оқу орны болса, мүлде пайдаланбаған және қызығушылық танытпаған университеттер 545 болып отыр. Яғни инновацияларды енгізуге, жаңашылдықты пайдалануға еліміздегі инновацияларды енгізуге әлі де дайын емес, сондықтан бәсекеге қабілеттілік жоқ, 2018-2019 жылға елімізде 128 жоғары оқу орны (филиалдарды ескере отырып) жұмыс істейді. Бұл дегеніміз, университеттердің цифрландыру жүйесіне көшу даярлығының төмен екенін көрсетеді.

Қорыта келе, инновациялық процесстерге бет бұру дегеніміз – бұрынғы даму жолдарын өзгерту, қоғамның барлық саласының даму динамикасын жаңарту, ғылыми-техникалық дамуға жаңа стимул беру мақсатында жұмыс істеу. Инновациялық жобаны іске асыру үшін ең алдымен жобаның түрлері мен әдістері анықталуы тиіс. Инновациялық саясаттың басты мақсаты – отандық өнімдердің бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету, осы арқылы еліміздің әл-ауқатын көтеру және қоғамның экономикалық дамуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Ағымдағы жағдайды талдай келе, келесідей қорытынды шығаруға болады:

Елімізде жоғары білім беру жүйесіне инновацияларды енгізуге, оны дамытуға потенциал бар, дегенімен мекемелер, ЖОО қызығушылық деңгейі төмен.

Қазақстан Республикасы Елбасының 2018 жылғы 15 ақпандағы №636 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында «Инновацияларды ынталандыру» міндеті» саласында технологияларды ұзақ мерзімді дамыту үшін қазақстандық компаниялар шетелден жаңа шешімдер мен мамандарды импорттап қана қоймай, сонымен қатар өздерінің технологиялық әзірлемелерін, оның ішінде әлемге танымал шешімдерді ел нарығының ерекшеліктеріне бейімдеуге бағытталған технологиялық әзірлемелерін жасаулары қажет делінген. Дегенімен бұл процесстің жай өтуін байқауға болады. Бұл үшін жаңа және инновациялық технологияларды оңайлату әрі оларға салынатын инвестицияларды неғұрлым тартымды ету мақсатында инновацияларды коммерциализацияның толыққанды инновациялық экожүйесі мен кәсіпорындардың инновациялық қызметке қатысуын ынталандыру қажет.

Жоғары білім беру жүйесінде инновацияларды енгізудің маңыздылық деңгейін арттыруда ЖОО рөлін күшейте түсу керек, себебі инновацияларды енгізуге қызығушылық

танытпаған немесе пайдаланбаған университеттер саны 545 жетіп отыр. Бұл үлкен мәселе екені сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы // [Электронды ресурс] URL: <http://egemen.kz>, – 2018.
2. Абдраманова Г. Б., Ажмолдаева К. Б. Қазіргі білім берудегі инновациялық технологиялардың рөлі // Молодой ученый. — 2016. — №5.2.
3. Куликова О. В. Особенности инновационной модели высшего образования [Электронный ресурс] / О. В. Куликова, И. А. Гулей // Современные проблемы науки и образования.
4. ҚР ҰЭМ Статистика комитеті Интернет-ресурсы [Электронды ресурс] URL: <http://stat.gov.kz>.

ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН – БОЛАШАҚҚА БАТЫЛ ҚАДАМ

*Болатбек Е.Ә.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, ЭЖБЖМ
«Жобаларды басқару» мамандығының
2 курс магистранты*

*Ғылыми жетекші: Джумамбаев С.К.
э.ғ.к., доцент*

Бүгінгі күні ақпараттық-технологиялық инфрақұрылым экономикалық дамудың маңызды элементі болып қалыптасып, цифрлы жүйенің іргетасына айналуға. Себебі, нарық заманында «ақылды технологиялар» адамзат өмірінің барлық саласына қарқындап еніп, оның алмастырылмас бөлігіне айналғалы қашан. Цифрлы жүйе – бәсекеге қабілетті экономиканы дамытуды және халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуды бағытқа алған, дамыған елдердің кез-келгені ұстанатын жаһандық бағыт, үрдіс.

Әлем орнында тұрмайды. Бүгінгі технологиялар мен жаңалықтар ертең үйреншікті заттарға айналады. Қазіргі таңда жаһандық сын-қатерлерге тез қайта бейімделу және перспективалы үрдістерді түсіну қабілеті, даму мен табыстың маңызды факторы болып табылады.

Мәселен, осыдан 20 жыл бұрын General Motors, Chevron, Exxon Mobil және т.б. сияқты ең ірі корпорациялар дәстүрлі өндірістік және мұнай компаниялары болды. Ал бүгінгі күні көшбасшылық Apple, Google, Microsoft, Amazon, AliBaba, Facebook сияқты технологиялық алып компанияларға тиесілі. Олардың көпшілігін, өз бөлмелері мен гараждарында миллиондаған бизнес құра білген студенттер болатын. Бұл, табысқа жету үшін үлкен ресурстарға ие болу міндетті емес екенін дәлелдейді. Бүгінде бірнеше жоғары білікті маман құны жүздеген миллион доллар болатын өнім жасай алады, ал дәстүрлі зауыттарда бұл үшін жұмысшылар штаты, жабдықтар және т. б. талап етіледі.

Бүгінгі күні, Интернет экономикасы дамушы елдерде жылына 25%-ға дейінгі қарқынмен өсіп келеді, бұл ретте экономиканың ешқандай саласы осындай қарқынға тіпті жақындай да алмайды. Әлемдегі жаһандық ақпараттардың 90%-ы бар-жоғы соңғы бес-алты жылдың ішінде жасалды. Қазірдің өзінде интернетке 35 миллиард құрылғы қосылған және деректермен алмасуды жүзеге асырады, бұл цифр әлем халқының жалпы санынан бес есе артық. Алайда, сонымен бірге Үкіметтік сектор мен жек корпорациялар жыл сайын кең таралған жаңа құбылыс – кибершабуылдарға қарсы іс-қимыл жасауға жарты триллионға жуық АҚШ долларын жұмсайды.

Өз кезегінде, цифрлы жүйенің берері мол екеніне көздері жеткен көптеген дамушы елдер де кеткен үлестерін түгендеу үшін қаржысын да, ресурсын да IT саласына аяп жатқан жоқ. Иә, сол аталған дамушы елдердің қатарында Қазақстанда бар.

Осы орайда, Елбасы 2017 жылғы жолдауында, Қазақстанда үшінші жаңғыртудың басталатынын ресми түрде хабарлап, елімізде үлкен экономикалық және технологиялық дүмпудің болу керектігін ескертіп, Үкіметке жаңа Цифрлық бағдарламаны дайындауға нақты тапсырманы

жүктеген болатын. 2017 жылдың 12 желтоқсанында Үкіметпен бекітілген «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы қазіргі таңда экономика салаларын цифрландыру, цифрлық мемлекетке көшу, цифрлық Жібек жолын іске асыру, адами капиталды дамыту, инновациялық экожүйені құруға байланысты 5 маңызды бағыттар бойынша жүзеге асырылуда:

Аталған мемлекеттік бағдарламаның басты мақсаты – орта мерзімді келешекте республика экономикасының даму қарқынын жылдамдату және цифрлық технологияларды пайдалану есебінен халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, сондай-ақ ұзақ мерзімді келешекте Қазақстанның экономикасын болашақтың цифрлық экономикасын құруды қамтамасыз ететін түбегейлі жаңа даму бағытына көшіруге жағдай жасау.

2017 жылы өз бастамасын алған «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы республика деңгейінде, алғашқы жылдың өзінде-ақ тиісті нәтижелерін көрсетті. 2018 жылдың қорытындысы бойынша, осы жылға жоспарланған 20 іс-шараның барлығыда орындалып, республикалық бюджет есебінен қарастырылған 16,4 млрд. теңгенің 99,8%-ы яғни, 16,37 млрд. теңгесі игеріліп, 29,8 млн. теңгесі үнемделген екен. Бұл, 2018 жылғы мемлекеттік бағдарламаның 5 бағыты бойынша елге тигізген экономикалық әсері 218 млрд. теңге деген сөз. Бұл, мемлекеттік бағдарламаның республика деңгейіндегі алғашқы жылының қорытындысы.

«Цифрлық Қазақстан» бағдарламасының алдағы 5 жылдық негізгі жоспары - 2020 жылға дейін ЖЖӨ-дегі IT-секторының үлесін 5 пайызға жеткізу. Бұл дегеніміз цифрлы жүйеде 150 мың жаңа жұмыс орны құрылады деген сөз. Ал, еңбектің өнімділік деңгейі 37 пайызға жеткізілетін болады [4]. Ең бастысы, халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру да маңызды міндет екені белгілі. Ал, қазіргі уақытта бұл көрсеткішті 85 пайызға дейін жеткізу басты міндет.

Ал, өңіраралық деңгейде «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының негізгі көрсеткіштерінің бірі, еліміздегі 5 ірі қалаға арналған «Smart city» жобасы болып табылады. Ал, «Smart Almaty» жобасы солардың бірі. Жоба аясында, Алматы қаласының әкімдігі ағымдағы жылы орталық мемлекеттік органдармен, қауіпсіздік, көлік, білім, денсаулық сақтау және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы секілді ел экономикасының маңызды салаларында Жол карталарын бекітіп, жарты жылдың қорытындысы бойынша аталған салалар шеңберінде бірнеше жобаларды іске асырып, айтарлықтай нәтижеге қол жеткізіп отыр. Мәселен, білім саласында ата-аналарға арналған «Kundelik» және «mektepalmaty.kz» электрондық сайты, қоғамдық транспортты пайдаланушыларға «ОҢАЙ» және «CityBUS» мобильді қосымшасы, қала тұрғындарының өмір сүру сапасының жоғарғы деңгейі үшін «E-shanyraq» және «Электрондық ПИК» жүйесі, ПД-мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін «Қауіпсіз қала», «Қауісіз алаң» және «Қауіпсіз көше» бағдарламалары, денсаулық сақтау саласындағы «Амбулаториялық науқастарды тіркеу журналы» секілді электрондық жүйелері «Smart Almaty» жобасы арқылы халық арасында кеңінен таралып, қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлесін тигізуде.

Ақпараттық қоғамға көшу үшін жағдай жасаудағы қадамдардың бірі болған, 2013 жылы бекітілген «Ақпаратты Қазақстан-2020» мемлекеттік бағдарламасы [5]. Мемлекетіміздің экономикасын цифрлық жүйелендірудің іргетасы ретінде танылған бағдарлама мына факторлардың белсенді дамуына: мемлекеттік басқаруды жетілдіруге, ақпараттық қоғамға көшуге, ақпараттық инфрақұрылымның тек корпоративтік құрылымдарға ғана емес, «ашық және мобильді үкімет» институттарын құруға, сондай-ақ ел азаматтарына қолжетімділігін арттыруға септігін тигізді. «Ақпаратты Қазақстан-2020» мемлекеттік бағдарламасы іске асырылған 3 жылдың қорытындысы бойынша қазірдің өзінде 70% іс-шара орындалып, нысаналы индикаторлардың 40%-ы артығымен орындалды. Алайда АТ жаһандық ауқымда қарқынды түрде дамуы өз ережелеріне мәжбүрлеп, сапалы және уақтылы әсерде талап етеді. Сондықтан, Қазақстан үшін ендігі қадам – ұлттық экономиканың, сондай-ақ мемлекеттің қоғаммен және бизнеспен өзара іс-қимыл жасау салаларын, білім берудің, денсаулық сақтаудың негізгі салаларын түрлендіру процесіне дер кезінде назар салып, бастамашылық жасау.

Бүгінгі таңда цифрландыру процесі әлем елдерінің барлығына әсер етеді. Сонымен қатар, әр мемлекет цифрлық дамудың басымдықтарын даму жолына байланысты өзі анықтайды. Әлемдегі 15-тен астам мемлекет бүгінгі уақытта ұлттық цифрландыру бағдарламаларын жүзеге

асыруда [2]. Қытай, Сингапур, Жаңа Зеландия, Оңтүстік Корея және Дания ұлттық экономикаларын цифрлы жүйеге көшіру бойынша алдыңғы қатардағы елдер болып саналады. Сингапур драйвері АКТ болып табылатын «ақылды экономиканы» қалыптастырады, Канада Торонтода АКТ-хабын жасады, Қытай өзінің «интернет плюс» бағдарламасында цифрлық индустрияны дәстүрлімен біріктіреді, Оңтүстік Корея «Креативті экономика» бағдарламасында адами капиталды, кәсіпкерлікті дамытуға және АКТ саласындағы жетістіктерді таратуға бағдарланады, ал Дания мемлекеттік секторды цифрландыруға баса назар аударуда.

Әлемдегі нарықтық экономикалық дағдарыстар алдымызға жаңа сын-қауіптерді айқындап, халықты қажетті әлеуметтік қорғаумен қамтамасыз етуге мемлекеттік саясаттың бағдарлануы салдарынан мемлекеттің экономикаға шамадан тыс қатысуына әкелуде. Мемлекеттің жоғары белсенділігінің кері әсері – халық пен бизнестің тәуекелдер мен қазіргі заманның сын-қауіптері жағдайларында экономикалық агенттер ретінде өз мінез-құлқын өзгерту қажеттілігіне дайын болмауы. Алайда, көз алдымызда болып жатқан ақпараттық революция Қазақстанға цифрлы жүйені мемлекеттік саясат ретінде өзінің даму жоспарына енгізу қажет екендігін дәлелдеуде.

Қорытындылай келе, цифрландыру – аз уақытта ел экономикасын дамыту және халық әлаухатын жақсарту ғана емес, көлеңкелі экономиканың тамырына балта шауып, мемлекеттік қызметте жемқорлыққа жол бермей, халық пен мемлекет арасында ашық диалогқа екпін беретін, шабытты күш.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Асанкелдіұлы А. Цифрландыру – серпінді дамудың өзегі. // Егемен Қазақстан. 2018 жылғы 4 маусым;
2. Актанов Д. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы – халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған жоба. // Айқын. 2018 жылғы 21 қараша;
3. Батырбеков А. Цифрлы технология – болашаққа батыл қадам. // Сыр бойы. 2017 жылғы 26 қыркүйек;
4. Дереккөз: «Алматы қаласын дамыту орталығы» АҚ;
5. Дереккөз: ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі.

ПЕРСПЕКТИВА РАЗВИТИЯ ПЕРСОНАЛА В СФЕРЕ УПРАВЛЕНИЯ ПРОЕКТАМИ В КАЗАХСТАНЕ

Букекова Т.О.

КазНУ им. аль-Фараби, ВШЭиБ,

Управление проектами, магистрант 2^{го} курса

Научный руководитель: Дуйсемалиева М.У.

к.э.н.

На данном этапе происходит планирование будущего спроса, издержек, определение уровня конкуренции, оценка объёма требуемых инвестиций, оценка прибыльности. Данный этап призван исключить нежизнеспособные варианты, чтобы они не перешли на следующий этап, который является время и ресурсозатратным.

– разработка продукта [1];

На этом этапе от концепции и анализов переходят к реальным разработкам. Решаются вопросы о массогабаритных параметрах, вопросы о внешнем виде, о материалах, используемых для производства, определение стоимости, времени обработки и пр. Обсуждается упаковка, её форма, функции, характеристики. Использование товарного знака, выбор ниши рынка.

– испытание продукта [1];

После прохождения предыдущего этапа необходимо произвести испытания с участием потенциальных потребителей продукции. На данном этапе важно чтобы потенциальные потребители дали свою оценку о: процедуре испытания, первом повторении, привыкании и частоте покупок.

– пробный маркетинг [1];

Цель данного этапа — оценить продукт, который готовится к запуску и проверить эффективность планируемой маркетинговой деятельности в небольших масштабах перед запуском обширной маркетинговой кампании. На данном этапе все также принимаются замечания и пожелания от потребителей, выясняются «узкие места» и т.п.

– коммерческая реализация [1].

Подразумевает под собой полномасштабное производство выводимого на рынок товара и его полноценное маркетинговое сопровождение. Важными показателями на данном этапе являются скорость признания потребителем, скорость признания каналами сбыта, интенсивность распределения, производственные возможности, структура продвижения, цены, конкуренция, срок достижения прибыльности и стоимость коммерческой реализации. Данные этапы отличаются от этапов вывода обычного продукта на рынок тем, что в случае вывода инновационного продукта на рынок этапов больше, а сама процедура зачастую дороже и рискованней, т. к. требуется большее количество анализов и фильтраций, в следствие того, что рынок не изучен. Говоря о выводе инновационного продукта на рынок нельзя не затронуть тему продвижения его на рынке.

На сегодняшний день выделяют два способа продвижения инноваций [3]:

– вертикальный; В данном случае весь цикл инноваций сосредотачивается в одной, зачастую большой компании, инновации в которой переходят от отдела к отделу, непрерывно и образуют при этом цикл. Важно чтобы организация имела большую структуру, объединяющую в себе все виды отделов и/или структурных подразделений.

– горизонтальный. Метод партнерства и коопераций. При этом существует ведущая организация, которая является производителем инноваций, а компании-партнёры берут на себя функцию по продвижению инноваций. Необходимой составляющей этого метода продвижения инноваций является трансферт технологий в формах [3]:

– передача патентов и лицензий на изобретение;

– передача технической документации;

– передача ноу-хау;

– инжиниринг;

– промышленная кооперация;

– совместные предприятия;

– техническая помощь;

– франшизинг;

– лизинг.

Но в условиях современного рынка нельзя говорить о том, что данные два вида являются достаточными и потребности в других способах продвижения инноваций не существует.

Каждый инновационный товар по-своему уникален, имеет свою целевую аудиторию, а у каждой целевой аудитории есть каналы и способы взаимодействия, которые удобны и интересны именно ей. Поэтому в случае продвижения инновационных продуктов имеет

смысл говорить об индивидуальном подборе способов, методов, форм и каналов продвижения, которые принесут большую эффективность для продвижения конкретного инновационного продукта.

Инновации — это очень популярный на сегодняшний день вектор развития для товаров, продуктов, производства и государства в целом. Более того, в случае успешного вывода на рынок инновации ещё и экономически привлекательны. Но при этом не стоит забывать о том, что, инновации — это всегда риски и большие финансовые вложения на стадии разработки и запуска. Поэтому очень важно при выводе инновационного продукта на рынок не пропустить ни один из 9 этапов, а также выбрать оптимальный способ продвижения инновационного продукта на рынке.

В случае, если все этапы и правила будут соблюдены компания обретет или увеличит долю рынка, получит новых клиентов, повысит уровень своей инновационной активности и получит повышенную прибыль.

Список литературы:

1. Арутюнова Д.В. Инновационный менеджмент. — Учебное пособие. — Ростов-на-Дону: ЮФУ, 2014. — 152 с.
2. Индикаторы инновационной деятельности: 2018 год статистический сборник [Электронный ресурс] // Национальный исследовательский университет Высшая школа экономики. — Электрон. дан. — М., 2018. — URL: <https://www.hse.ru/> (дата обращения: 02.04.2019).
3. Продвижение инновационных продуктов на рынок [Электронный ресурс] // Publishing house Education and Science s.r.o. — Электрон. дан. — Praha., 2018. — 4. URL: <http://www.rusnauka.com/> (дата обращения: 02.02.2020).

ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫ РЕТТЕУДІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ ҰЛТТЫҚ ДАМУ ИНСТИТУТТАРЫН ДАМУ

*Еркін А. Е.,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университеті
Экономика және бизнес жоғары мектебі
«Мемлекеттік және жергілікті басқару»
I курс докторанты*

*Ғылыми жетекші: Кудашева Т.В.,
доцент м.а, PhD*

Экономикалық ғылым мен мемлекеттің саясатында, білікті мамандар экономиканың өсу институттарының бір бөлшегі ретінде қарастыратын - ұлттық компаниялар, даму институттары, акционерлік қоғамдар және мемлекеттің қатысуымен мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдарды құру арқылы мемлекеттік меншікті басқаруда жаңа бағыт пайда болғандай.

Типологияға бөлу арқылы, мемлекеттік сектордың ұлттық экономиканың дамуына қатысуының кейбір үлгілерін қарастырсақ, мысалы, Қазақстанның мемлекеттік активтерінің құрылымына сәйкес, мемлекеттік активтер: мемлекеттік кәсіпорындар, мемлекеттің қатысуымен акционерлік қоғамдар, мемлекеттік ұйымдар, мемлекеттің қатысуымен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер арқылы басқарылады.

Мемлекеттің қатысуымен акционерлік қоғамдар коммуналдық және республикалық, ал республикалық - ұлттық холдингтерге бөлінеді, тармақтала келгенде, олар өз кезегінде ұлттық компаниялар мен ұлттық даму институттары деп жіктеуге келеді [1].

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, мемлекеттің экономиканы дамытудағы рөлі, тек саясатты бағыттау емес, сонымен қатар, макроэкономикалық тұрақтылықты сақтау және

шаруашылықты жүргізуші субъектілердің қызметін реттеумен ғана шектелмейді. Сонымен бірге, мемлекеттік сектор өз тарапына экономикалық процестерде стратегиялық және үйлестіру функцияларын қабылдауы керек.

Осындай функцияларды іске асырудың тетіктерінің бірі болып даму институттары табылады.

Осы ретте, мемлекеттік меншікті жүзеге асыру және экономиканы модернизациялау институты ретінде, даму институттары, бүгінгі күнгі экономикалық теориядағы орны мен ұғымын анықтауды да және нақтылауды қажет етеді.

Американдық экономист, институционализмнің негізін қалаушы, Дж. Р. Коммонс, институттарды ұжымдық мақсаттарға жетудің ұйымдастырушылық тетіктері ретінде қарастырды және осы тұрғыда оларды ұйымдар ретінде анықтады [2].

Ресейлік экономист Г.Б. Клейнердің пайымдауынша, даму институттарының функционалды рөлі - экономикалық өсуді ынталандыру, инновацияларды енгізу, адами элеуеттің сапасын жақсарту мақсатында кәсіпкерлік субъектілерінің тәсілдеріне әсер ететін ресми және бейресми ережелер, нормалар, ынталандыру және шектеулер жүйесін қолдану арқылы халықтың әл-ауқатын арттыру және жайлы өмір сүру ортасын құру мақсатында адам өмірінің барлық салаларында оң өзгерістерді қамтамасыз ету болып табылады [3].

«Институт» ұғымының әр түрлі теориялық түсіндірілуіне байланысты, «даму институты» ұғымының анықтамасына да із қалдырды.

Ғылыми басылымдарда даму институттарының мәнін түсінудің екі басым тәсілі бар. Негізінде, даму институттары нарық шеше алмайтын мәселелерді шешу үшін арнайы құрылған құрылым ретінде қарастырылады. Әдетте, даму институттары экономикалық дамуға жәрдемдесу үшін құрылған арнайы мемлекеттік немесе квазимемлекеттік ұйымдарды білдіреді.

Әлемдік тәжірибе, мемлекеттің экономикалық қызметке тікелей қатысуы «нарықтық сәтсіздіктерге» негізделетіндігін, яғни, нарықтың қоғам алдында тұрған белгілі бір міндеттерді шеше алмауын дәлелдеді. Бірқатар сарапшылар, оның себебі «нарықтық сәтсіздіктер» емес, нарықтық, даму институттарының дамуында деп санайды [4].

Еліміздің экономикалық даму қарқынымен қатар нарықтық кәсіпорындардың бәсекеге қабілетсіздігі, мемлекет ауқымды түрде жекешелендіру және өз меншігіне алу саясатын жүргізді. Басты жақтау дәлелі, ол нарықтың қолдауға мұқтаждығы мен кәсіпорындар тиімділігінің төмендігі. Бұл өз ретінде, мемлекеттің даму институттары секілді ұйымдар арқылы ұлттық экономиканың дамуына үлесін қосуы.

Американдық экономист М. Портердің пікірінше, «мемлекеттің экономиканы дамытуға атсалысуы арқасында, Италия тоқыма, киім, жиһаз және аяқ киім сияқты көптеген жетілген салаларда ұлттық басымдыққа қол жеткізіп, жедел экономикалық өсуді қамтамасыз етіп, өмір сүру деңгейін жақсартты» [5].

Қазіргі таңда, елімізде, мемлекет пен бизнестің өзара әрекеттесетін құрылымдарының кешені ретінде, нарықтық экономика институттарын қалыптастыру Қазақстандағы мемлекеттік саясаттың басты міндеттерінің бірі болып табылады. Бұл ретте, мемлекет тарапына стратегиялық және үйлестіру функциялары жүктелген.

Қазақстанның даму институттарының негізгі функциясы - әртүрлі себептер салдарынан инвестициялар үшін тартымды емес, сондықтан жаңа жоғары технологиялық бәсекеге қабілетті өндірістер мен тауарлардың қайнар көзі бола алмайтын инвестициялық ресурстарды экономика салаларына қайта бөлу болып табылады.

Қазақстандағы даму институттарының жүйесі 90-жылдардың аяғында, қазіргі «Даму», «Шағын бизнесті дамыту қоры», кейін Қазақстанның Даму Банкі құрылған кезден бастап қалыптаса бастады.

2006 жылы «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (Қор) құрылуы, Қазақстанның даму институттарының қалыптасуында жаңа кезең болып белгіленді. Қордың

мақсаты - даму институттарының тиімділігін арттыру және олардың бірлескен қызметінен синергетикалық нәтижеге қол жеткізу [6].

Жалпы, Қазақстанның инвестициялық қоры және басқа да даму институттарының әлеуметтік-экономикалық әсерін ескере отырып, өнеркәсіптік компаниялар мен шағын және орта бизнеске көрсетілген қолдау нақты нәтижелерге әкелді деп айтуға болады, атап айтқанда Қазақстанның Даму Банкі мен Қазақстанның инвестициялық қорының қатысуымен жалпы сомасы шамамен 530 млрд. теңге 105 жоба пайдалануға берілді. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры АҚ бағдарламалары аясында, 8,5 мыңнан астам кәсіпкерлік субъектілері қолдау тапты, 45 мыңнан астам жұмыс орындары құрылып, қолдау тапты [7].

Дегенмен, даму институттарын құру, экономика төңірегінде туындаған барлық проблемалар үшін табылған шешім емес екенін ескеру маңызды, өйткені олардың қызметі, кез-келген басқа да ұйымдар сияқты, сәтсіздікке ұшырау қаупі ықтимал.

Әдетте, даму институттарының тиімсіз болуы факторлары: біріншіден, нарықтық жағдайлардың өзгеруіне тез жауап берудің мүмкін еместігі, субтоптималды шешімдерді қабылдау, бизнес қоғамдастықтармен нашар өзара іс-әрекет, артық бюрократия, жемқорлық және нашар менеджмент болып табылады.

Бүгінгі күні, мемлекеттік меншікті кәсіби басқаруға көшу туралы мәселе туындап отыр. Іс жүзінде ел үшін басқарушы кадрлардың жаңа деңгейін дайындауды және қалыптастыруды қамту қажет. Бұл жоғары дәрежелі менеджерлердің болуы, бір жағынан, лайықты төленетін лауазымдық жалақылармен қатар, екінші жағынан, жоғары дәрежелі менеджерлерге мемлекетке немесе жеке бизнеске залал келтіретін басқа жағдайларда жауапкершілікті жүктеу шараларын заңнамалық түрде енгізу қажет.

Қазақстанның даму институттарының қызметі бойынша зерттеулер, олардың тиімділікті бағалауға жүйелі көзқарастың жоқтығының, олардың корпоративті стратегияларының елдің стратегиялық мақсаттары мен міндеттерімен әлсіз байланысын көрсетті [8].

Аталған мәліметтер, өкінішке орай, Қазақстанның даму институттарының қызметі ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру және оның инновациялық өсуіне жағдай жасау мәселесін шешуге әсер етпеді деп айтуға мүмкіндік береді. Қазіргі жағдайды, оларды экономиканың стратегиялық міндеттерін шешудегі тұрақты бағыттың болмауымен және бірқатар тәуекелдердің қайталануымен түсіндіруге болады. Әрбір даму институты мемлекетке есеп беруші және өзінің іріктеген инвестициялық жобаларын жүзеге асыратын жеке құрылымы болуы тиіс.

Әрбір нарықтық қатынастың жаңа кезеңінің қалыптасуы жаңа міндеттерді алға қоя отырып, даму институттарының жүйесін әрдайым жетілдіруді қажет етеді. Сол себептен, даму институттарын реформалау кезінде оның алға қойған мақсаттары мен міндеттерін, мемлекеттің алға қойған стратегиялық жоспарларымен байланыстырып, олардың атқаратын қызметтерін тез өзгеріске ұшырайтын нарықтық жағдайға бейімдеу керек.

Даму институты ең алдымен мемлекеттің мақсаттары мен міндеттерін іске асыратындығына негізделі отырып, оның елдің тұрақты дамуына қосқан үлесін бағалау үшін олардың қызметінің тиімділігі үнемі мемлекет тарапынан бақыланып отыруы керек және экономикаға әсерін көрсететін сандық және сапалық көрсеткіштер жүйесімен бағалануы тиіс. Өйткені, даму институттарының экономиканы алға жылжытудағы құрал ретінде негізгі шарты мемлекет мүдделерін көрсететін инвестициялық ресурстардың көзі, ішкі кірістер және жалпы халықтың өмір сүру деңгейінің көрсеткіші болып келеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Бакирбекова А.М., Дуйсембаев А.А., Байгабулова К.К. Совершенствование управления государственными активами в Республике Казахстан на основе передового опыта зарубежных стран - Караганда: 2016.
2. Commons J.R. Institutional Economics // The American Economic Review. 1931.
3. Клейнер Г.Б. Эволюция институциональных систем - Москва: Наука, 2004.
4. Мерғалиева Л.И. Государственная собственность в условиях глобализации экономики - Алматы: 2009.
5. Michael E.P. The Competitive Advantage of Nations // Alpina Publisher. 2016

6. Рахматулина Г. Институты развития Казахстана работают недостаточно эффективно // www.interfax.kz
7. «Самұрық-қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ ақпараттық сайты: <https://www.sk.kz/>
8. Казакова Т.П. Становление системы казахстанских институтов развития в процессе формирования инновационной экономики//article/n/stanovlenie-sistemy-kazahstanskih-institutov-razvitiya-v-protssesse-formirovaniya-innovatsionnoy-ekonomiki

КӘСІПОРЫННЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН БАСҚАРУ

*Есенқұл Ш. Ф.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
“ЭжБЖМ”
“Менеджмент” мамандығының
1-курс магистранты*

*Ғылыми жетекші: Тургинбаева А.Н.
э.ғ.д., профессор*

Кәсіпкерлік адамзат дамуының кез-келген уақытында экономика ғылымының назарынан тыс қалмаған. Шағын және орта бизнес нарықтық экономиканың ажырамас бөлігі ретінде түсіндіріліп келеді. Ұсақ кәсіпорындардың пайда болуы шағын және орта бизнестің дамуынан басталады. Шағын және орта кәсіпкерліктің өзіндік ерекшеліктері мен артықшылықтары экономиканы жаңғыртудағы әртараптандыру мәселесін шешуге, инновациялық жұмыстарды жүзеге асыруға, мемлекетіміздің экономикалық даму стратегиясын қолдауға айтарлықтай ықпалы мол. Яғни, шағын және орта кәсіпкерлік жалпы ұлттық өнім мен жалпы ішкі өнімнің көлемін, халықты жұмыспен қамту деңгейін, экономиканың өсу қарқынын анықтауға әсерін тигізіп қана қоймай, икемді аралас экономиканы құрастыруға, сан түрлі меншік нысандарының үйлесуі мен шаруашылық жүргізуші субъектілердің бәсекеге қабілеттілігін жоғарлатуға да мүмкіндік береді. [1;172б].

Нарықтық экономикада бәсекелестік маңызды фактор болып табылады. Ол адамдардың шаруашылық қызмет жүргізу түріне едәуір дәрежеде ықпал етеді.

Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі отандық экономикада ғана емес әлемдік экономикада да кеңінен зерттелуді қажет ететін мәселе. Кәсіпорынның бәсеке қабілеттілігі – бәсекелестермен салыстырғанда бағалық және бағалық емес сипаттары бойынша тауарлары тұтынушыларға ұнамды, дер кезінде жоспарлап, дайындап өткізуге нақты мүмкіндігі бар кәсіпорын.

Экономикалық дамудың қазіргі кезеңінде қозғаушы күш ретінде бәсекелестік өндірушілерді өзінің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың жаңа жолдарын үнемі іздеуге мәжбүр етеді. Біздің ойымызша, кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі-бұл осы нарықтағы ұқсас объектілермен салыстырғанда бәсекелестікке төтеп беру қабілеті. Ол өз тауарларымен адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандыру дәрежесі бойынша және өндірістік қызметтің тиімділігі бойынша бәсекелес фирмалардың даму деңгейімен салыстырғанда осы фирманың даму деңгейін көрсетеді. Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігіне әлеуметтік орта айтарлықтай әсер етеді

Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін басқару- басқару шешімдерін қалыптастыруға бағытталған қызмет, олар өз кезегінде, қойылған стратегиялық мақсаттарға сәйкес әртүрлі сыртқы әсерлерге қарсы тұруға және көшбасшылыққа қол жеткізуге бағытталуы тиіс.

Кәсіпорынның бәсеке қабілеттілігін анықтайтын көрсеткіші болып өнімнің бәсеке қабілеттілігі табылады.

М. Портердің пайымдауынша кәсіпорынның бәсеке қабілеттілігін анықтайтын бес бәсекелік күш бар:

- Сатып алушылардың нарықтық билігі;
- Жеткізушілердің нарықтық билігі;

- Жаңа бәсекелестердің ену қаупі;
- Алмастырғыш тауарлардың пайда болу қаупі;
- Бәсекелестік күрес деңгейі немесе сала ішіндегі бәсекелестік. [2; 3256].

Х. А. Фасхиев айтқандай, бәсекеге қабілетті болу үшін кәсіпорынға қажет:

- шығарылатын өнімнің нарықтың мақсатты сегменттерінде бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету;
- кәсіпорынның бәсекелестік әлеуетін саланың үздік өндірушілері деңгейіне дейін арттыру. Бұл көрсеткіш кәсіпорынның қазіргі және болашақта сапасы мен бағасы жағынан ұқсас тауарларды әзірлеу, дайындау, сату және қызмет көрсету қабілетін сипаттайды. Жоғары бәсекелестік әлеует-болашақта ұйымның табысқа жетуінің кепілі. Тауарлар нарығындағы табыс бүгінде кәсіпорынға болашақта табысқа кепілдік бермейді, өйткені бәсекеге қабілеттілік-көрсеткіш серпінді, сондықтан ол нарықтық конъюнктураның өзгерістерін ескере отырып, нақты уақыт кезеңіне қатысты зерделенуі тиіс.

Осы ескертулерді ескере отырып, ғалымдарға мынадай анықтама тұжырымдалды: "кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі-бұл сыртқы орта субъектілері бағалаған оның нарықтың таңдалған сегменттеріндегі бәсекелестерден қазіргі уақытта басымдылығы, айналасындағыларға залал келтірмей қол жеткізілген, оның нақты тауарларының бәсекеге қабілеттілігімен және қазіргі және болашақта ұқсас баға/сападан асып түсетін тауарларды (қызметтерді) әзірлеу, дайындау, өткізу және қызмет көрсету қабілетін сипаттайтын бәсекелестік әлеуетінің деңгейімен анықталатын оның қазіргі уақытта бәсекелестерінен басымдылығы" [3; 816].

Сауданың шоғырлануын арттыру бәсекеге қабілеттілікті басқарудың ұйымдық-экономикалық моделін құру қажеттілігіне алып келеді. Сауда кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін басқару жүйесін жобалау кезіндегі маңызды сәттердің бірі олардың басқарудың ұйымдық-экономикалық функцияларымен өзара байланысын орнату болып табылады.

Бәсекеге қабілеттілікті басқарудың әдістемесі келесі негізгі функцияларын бөлуді көздейді:

- бәсекеге қабілеттіліктің жоспарлы көрсеткіштерін анықтау
- бәсекеге қабілеттілікті басқару бойынша іс-әрекеттерді ұйымдастыру және үйлестіру;
- бәсекелестік қабілеттіліктің қажетті деңгейін қамтамасыз ету бойынша стратегиялық бақылау;
- бәсекеге қабілеттіліктің негізгі көрсеткіштерін бағалау;
- бәсекелестік қабілетін басқару процесін талдау;
- бәсекеге қабілеттілікті басқару процесін түзету

Осылайша, егер басқарудың мақсаты - кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін арттыру болса, келесі міндеттерді шешу керек :

- кәсіпорын күшінің әсерінен сату көлемін арттыру;
- кәсіпорын факторларының әсерінен пайда көлемін арттыру;
- кәсіпорын күшін қолдау бойынша маркетинг тиімділігін арттыру;
- адал сатып алушылардың санын көбейту;
- кәсіпорынға ұзақ мерзімді байланыстылықты қалыптастыру. [4; 2906].

Өзінің бәсекелестік ұстанымдарын сақтау және нарық үлесін ұстау үшін бәсекеге қабілеттілікті арттырудың бірнеше негізгі жолдарын ұсынуға болады.:

- шығарылатын өнімнің жоғары сапасын үнемі ұстап тұру, оған өндірісте сапалы шикізатты пайдалану және өндірістік персоналдың сауатты жұмысы есебінен қол жеткізуге болады.;

- клиенттерге өнімге ең аз сұраныс кезеңінде жеңілдіктер беру (қаңтар-шілде айларында);

- бизнесті жаңғыртуға инвестициялар тарту (жабдықтар, қоймалау, кадрлық және басқару мәселелері);

- белгілі бір уақыт кезеңдерінде жарнамалық қызметті жандандыру (өндірілетін өнім аз талап етілген кезде);

- фирманың тұрақты имиджін жасау;
- жоғары білікті қызметкерлерді жұмысқа қабылдау;
- жаңа технологиялар мен ноу-хауды енгізу.

Бәсекелестер үшін қолайлы және ең аз осал позицияны қамтамасыз ету үшін кәсіпорын бәсекелестермен салыстырғанда бәсекелестік артықшылықтарға және мәртебеге (көшбасшы болу) және т. б. ие болу қажет.

Компания бәсекелестердің тұтынушыларын жоғары сапалы тауарлар мен қызметтерді қол жетімді бағамен ұсына отырып тарта алады; арнайы қызметтер және т. б. Осы факторлардың жиынтығын қолдана отырып, кәсіпорын бәсекеге қабілетті бола алады, бәсекелестерден басым болады және өз сегментінде жетекші нарықтық ұстанымын сақтай алады. [5; 92б].

Еңбек саласында қолайлы жағдай жасау-халықтың өмір сүру сапасын арттыру үшін маңызды міндет, ал еңбек саласындағы қатынастарға құқықтық сипат беру – кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін басқарудың маңызды міндеті.

Жұмыс үшін әділ және тиісті сыйақы қазіргі заманғы әлеуметтік басқаруда тек жұмыс күшін молайтуды қамтамасыз етудің басым шарты ретінде ғана емес, сонымен қатар адамның жоғары қажеттіліктерін дамыту негізінде жүзеге асырылатын еңбек уәждемесінің факторы ретінде де қарастырылады.

Осылайша, бәсекеге қабілетті ұйым ғана елде нарықтық қатынастардың қалыптасу кезінде аман қалуға, "жүзіп қалуға" қабілетті, өз тауар айналымын тұрақты сақтауға немесе біртіндеп оны өсіруге қабілетті деп айтуға болады. Осыған орай, елдегі экономика дамуының негізгі мәні, біздің Қазақстан Республикасының әлемдік қоғамдастық қазақстандық экономиканың, кәсіпорындардың, фирмалардың бәсекеге қабілеттілік деңгейін арттыру болуға тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Елшібаев Р.Қ., Күлембаева Ф.М. «Шағын және орта бизнесті ұйымдастыру». Оқу құралы, Алматы: Экономика, 2016- 172б.
2. Портер М. Конкуренция. М.: ИНФРА-М, 2002. 325б.
3. Фасхиев Х.А. Определение конкурентоспособности предприятия // Маркетинг в России и за рубежом. — № 4 (72). — 75–83б.
4. Севостьянова О.Г. Интегральная оценка конкурентоспособности торгового предприятия [Текст] / О. Г. Севостьянова // Вестник Белгородского университета кооперации, экономики и права. - 2016. - № 4(60). - 284-293б.
5. Мансуров Р.Е. Об экономической сущности понятий «конкурентоспособность предприятия», 2011 – 92б.

ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДА БЕНЧМАРКИНГ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Жайназар Ә.Ж.

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, ЭЖБЖМ,
Мемлекеттік және жергілікті басқару, I -курс магистранты*

*Ғылыми жетекші: Аширбекова Л.Ж.,
э.ғ.к., аға оқытушы*

Елдегі білім беру саласы әлеуметтік салалардың маңызды ажырамас бөлігі. Қазақстандағы білім беру саласы Тәуелсіздік жылдарынан бері көптеген қалыптасу кезеңдері мен реформаларды бастан өткерді. Дегенмен, әлемдегі жаһандану үдерісінің жылдам жүруіне еліміздегі салалардың дамуы ілесе алмай келеді. Жаңа жаһандану кезеңдерімен қатар жаңа мамандықтар, жаңа ақпараттар мен жаңа білім пайда болып жатыр. Еліміздегі «Жаңа Жібек жолы» ауқымды жобасының жүзеге асуы қарсаңында пайда болатын жаңа

мүмкіндіктерді игеру үшін білім беру жүйесін жаңа жолға қою қажет. Бұл тұста жоғары білім беру сапасын арттырудың маңызы зор болмақ.

Қазіргі таңда еліміздің жоғары білім беру сапасының ахуалы ауыз толтырып айтарлықтай мәнге ие емес. Жоғары білім берудің көптеген кемшілікті тұстары айқындалып жатыр. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты өзінің алғашқы халыққа жолдауында: «Шын мәнінде, мамандар даярлаудың отандық жүйесі нақты еңбек нарығынан тыс қалған. Экономикамызда техника саласының мамандарына сұраныс өте жоғары, бірақ мүмкіндіктер аз. Кәсіпорындар тиісті мамандарды шетелден шақыруға мәжбүр. Осындай келеңсіз жағдайды жедел түзетуіміз керек.» [1] - деген болатын. Жолдауда жоғары білім берудің бірнеше кемшіліктері мен мәселелерін атап өтті.

Әлемдегі білім беру саласындағы қазіргі жағдайға байланысты Қазақстанның университеттерінде бірқатар кемшіліктер бар: консервативті, пассивті, біркелкілікке үйретуші корпоративті мәдениет; қоршаған орта талаптарына төмен сезімталдық; басқару құрылымдарының тұрақсыздығы; қаржыландырудың біркелкі жүйесінің болмауы; жаңа тапсырыс берушілер үшін тартымдылықтың төмендігі; «инвесторлар» үшін тартымдылықтың төмен деңгейі, тағы басқа.

Жоғары оқу орындары инновацияларды енгізу, шетелдік университеттердің оң және сәтті тәжірибелерін қолдану, қызметті қайта құру және т.б. әдістерді қолдана отырып аталмыш мәселелерді шеше алады.

Бүгінгі таңда жоғары оқу орындары табысты кәсіпорын болғысы келетіндер секілді өз қызметтерін жақсартуға, оларды өзекті, заманауи, сұранысқа ие тауарларға айналдыруға тырысуы керек. Бұл үшін бенчмаркингтің тигізер пайдасы көп деп есептейміз.

Бенчмаркинг – бұл өз жұмысын жақсарту мақсатында ұйымдардың тиімді жұмыс істеуінің бар мысалдарын айқындау, түсіну және бейімдеу процесі [2]. Оған бірдей екі процесс кіреді: бағалау және сәйкестендіру.

Әдетте, ұйымның өз өнімдерін және жұмыс әдістерін жетілдірудің ықтимал жолдарын анықтау үшін тікелей бәсекелестер мен басқа ұқсас салаларда жұмыс істейтін ұйымдар пайдаланатын «үздік» өнімдер мен маркетинг процесі үлгі ретінде алынады. Бенчмаркингті стратегиялық бағытталған маркетингтік зерттеулердің бір бағыты ретінде қарастыруға болады.

Бенчмаркинг технологиясы 1972 жылы Кембридждегі Стратегиялық жоспарлау институтында бизнестің тиімділігін бағалау үшін жасалды.

Алғаш рет Херох 1979 жылы ең ауыр дағдарыс кезінде жапондық өнімдермен салыстырғанда, өз өнімдерінің бағасы мен сапасын талдау үшін мақсатты-бағдарланған бенчмаркингті пайдаланды.

Білім берудегі бенчмаркинг салыстырмалы түрде жақында қолданыла бастады. Жоғары білімде қолданылатын кейбір бенчмаркингтің анықтамаларын қарастырып көрсек.

Тұтас жүйе ретінде бенчмаркингтің теориялық негіздері сапа менеджментінің жетекші сарапшылары Э. Деминг, Дж.Джуран, Ф. Кросби, К.Исикавтың еңбектерінде қаланды. Бенчмаркинг әдіснамасы 1980 жылдардың соңында Ф. Котлер, Б. Андерсен, З. Гуннар, С.Стефан және басқалардың еңбектерінде ғылыми ерекшеліктерге ие болды.

Бұл бенчмаркинг идеясын ең жақсы немесе ең үздік тәжірибені, технологияны және т.б. анықтауға және енгізуге арналған жүйелік процесс ретінде байланыстырады. Өнеркәсіптік өндірісте пайда болған бенчмаркинг жоғары білім саласына тез бейімделіп, оның кең қолданылуын тапты[3]. Ұлттық жоғары білім беру жүйесін бағалау мен дамытуда бенчмаркингті жаппай қолдану, көптеген ғалымдардың пікірі бойынша, үлгерімді жақсарту үшін практикалық міндеттерді шешудің әдістері мен мазмұны тұрғысынан ол адам тәрбиесінің нақты процестеріне ұқсас; сонымен қатар оның технологиялары кез-келген ұйымдарды, соның ішінде, жоғары оқу орындарын оқыту технологиялары ретінде сипатталады.

2002 жылы Еуропалық сапа кепілдігінің желісі - ENQA семинарындағы топтар бенчмаркингті былай анықтады: «Бенчмаркинг - бұл сенуді, түсінуді қажет ететін оқу процесі, оны жетілдіру үшін ең жақсы тәжірибені таңдау және бейімдеу».

Копенгаген бизнес мектебі бенчмаркингті «ең жақсы тәжірибені іздеуге бүкіл ұйымды қосатын: әрі жақсы жасалған нәрсені ғана емес, оған қалай қол жеткізуге болатындығына анықтайтын әдіс» деп түсіндіреді.

Бенчмаркинг үздіксіз жетілдіру және дамыту философиясына негізделген өзгерістерді бастауға көмектеседі. Бірақ бұл нәтижеге қоршаған орта туралы ақпарат үнемі жаңартылып, қайта пайдалану үшін қамтамасыз етілген жағдайда ғана қол жеткізуге болады. Негізінде, бенчмаркинг үздіксіз дамуға мүмкіндік береді, ең жақсы тәжірибелер анықталғаннан, қолданылғаннан және басшылық тарапынан үнемі қадағаланғаннан кейін белгілі бір әрекеттер арқылы қол жеткізіледі.

Салыстырмалы зерттеулерде бенчмаркингтің өзіндік белгілері бар. Оның құрамына ішкі және сыртқы салыстыру элементтері кіреді, бенчмаркинг логикасы мен салыстырмалы зерттеудің логикасы өте ұқсас. Бенчмаркингті қолдану оны университеттің дамуын болжау және стратегиялық жоспарлау құралы ретінде анықтауға, университеттің күшті және әлсіз жақтарын анықтауға, университеттің бәсекеге қабілеттілігін анықтауға мүмкіндік береді, білім беру қызметін тұтынушылардың талаптарын жақсы түсінуге көмектеседі және университеттер арасындағы кәсіби байланыстардың дамуына ықпал етеді.

Біздің еліміз үшін бенчмаркинг жаңа технологиялардың бірі болып табылады. Ол тіпті бизнес саласында да кеңінен дамыған жоқ, ал білім саласында бенчмаркингті игерудің кішігірім қадамдары бар.

Бенчмаркинг қолданатын университеттер нақты нені ала алады. Біріншіден, ең бастысы, бенчмаркинг «өзінді сырттан көруге» мүмкіндік береді - өзіңіздің күшті және әлсіз жақтарыңызды объективті түрде талдауға мүмкіндік береді. Екіншіден, алдыңғы қатарлы университеттердің бағытталған зерттеуі алдыңғы қатарда болу үшін стратегиялық бағыттар туралы шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Үшіншіден, бенчмаркинг білім беру процесін ұйымдастыруда да, маркетингтік білім беру қызметінде де жаңа идеялар шығаруға мүмкіндік береді. Төртіншіден, бенчмаркингті жүйелі қолдану сізге бәсекелестерді «бақылап отыруға» және белсенді әрекет етуге мүмкіндік береді. Бесіншіден, бенчмаркинг бәсекелестердің көрсеткіштерін талдау негізінде жоспарлауға көшу мүмкіндігін ашатын дәстүрлі стратегиялық жоспарлауға балама ұсынады. Осылайша, бенчмаркинг технологиясы стратегияны, салалық талдау мен бәсекелестерді талдаудың біртұтас жүйесін біріктіреді [4].

Осы тұрғыдан алғанда, бенчмаркингтің практикалық қолданылуының төрт қатарын анықтауға болады:

1. Университеттің оқу, ғылыми және инновациялық қызметін басқарудың өзіндік процестерінің бөлшектерін түсіну;
2. Басқа университеттердің қызметін талдау;
3. Басқа университеттердің нәтижелерін талданған университеттердің нәтижелерімен салыстыру;
4. Алшақтықтарды азайту үшін қажетті өзгерістер енгізу.

Шартты түрде бенчмаркингтің негізгі түрлерін келесі топтардың біріне жатқызуға болады: ішкі – өз институтының бөлімшелерінің жұмысын салыстыру, озық тәжірибелерді анықтау және оны тарату; бәсекеге қабілеттілік – бәсекелес кәсіпорындармен олардың тәжірибесін ескере отырып, негізгі көрсеткіштердегі айырмашылықтарды бақылау және талдау; салалық немесе жалпы – белгілі бір параметрлер, функциялар, процестер бойынша университеттерді әртүрлі компаниялармен және ұйымдармен салыстыру [4].

Университетте ішкі бенчмаркинг бірінші кезекте ішкі сапа жүйесін мониторингілеу және қамтамасыз ету үшін қажет.

Бәсекелік бенчмаркинг келесі сұрақтарға жауап беруге тырысады:

- 1) Басқалармен салыстырғанда біз қалай жұмыс жасаймыз?

- 2) Біз не нәрсеге ұмтылуымыз керек?
- 3) Мұның бәрін кім жақсы жасайды?
- 4) Олар қалай жақсы бола алады?
- 5) Біз басқа университеттердің қолданысын қалай пайдалана аламыз?
- 6) Біз қалай жақсы университеттерден де жақсы бола аламыз?

Салааралық немесе жалпы салыстыру кезінде университетті белгілі бір функциялар мен қызмет түрлерінде басқа компаниялармен немесе ұйымдармен біріктіретін нәрсені табу керек, содан кейін «байланыс нүктелерін» салыстыру керек, қажет болған жағдайда пайдалысын қолдану керек.

Қорытындылай келе, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы қарқын алған шақта, шет мемлекеттермен сауда-дипломатиялық қатынастардың жыл өткен сайын дамуы шағында, ғылым, техника және технологиялардың дамуы тұсында еліміздің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін қажетті білікті, бәсекеге қабілетті мамандар даярлау – жоғары білім саласының басты мақсаты. Ендеше осы мақсатқа жету барысында, еліміздің білім беру жүйесін жетілдіру, одан әрі дамыту мемлекеттің басты міндеті. Сол үшін ел тұрғындарының құндылық-менталитеттеріне сай етіп жасалған, шетелдік тәжірибелермен мақұлданған, ақпараттық технологияларды кеңінен қолдануға жол ашатын, ел дамуына мүмкіндік беретін, келешегі бар жоғары білім жүйесін қалыптастыруымыз керек және оны іске асыру үшін ел азаматтары түгелдей ат салысуы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Жолдауы;
2. Багиев Г. Л., Тарасевич В. М., Анн Х. Маркетинг : учебник для вузов . СПб. : Питер, 2008. – 736 с
3. Alstete, Jeffery W. “Benchmarking in Higher Education: Adapting Best Practices to Improve Quality.” ERIC Digest.: <https://www.ericdigests.org/1997-3/bench.html>.
4. Алексунин В. А. Маркетинг в отраслях и сферах деятельности: учеб.пособие. – М. : Маркетинг, 2007. – 516 с.

АЙМАҚТАРДАҒЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Жақсылық Ә.Р.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, ЭЖБЖМ,
Мемлекеттік және жергілікті басқару,
1-курс магистранты*

*Ғылыми жетекші: Жатқанбаев Е.
э.ғ.д., профессор*

«Ауыл шаруашылығы – біздің негізгі ресурсымыз, бірақ оның әлеуеті толық пайдаланылмай отыр. Ел ішінде ғана емес, шетелде де сұранысқа ие органикалық және экологиялық таза өнім өндіру үшін зор мүмкіндіктер бар...»- деп мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі ретінде ауыл шаруашылығын дамытуда аймақтардағы жеке шаруа кәсіптерін мемлекеттік қолдаудың маңызын атап көрсеткен болатын. Десе де бүгінгі таңда мемлекеттік қолдаудың қарқындылығына қарамастан ауыл шаруашылығындағы өнімділік алдыңғы онжылдықпен салыстырғанда төмендеп бара жатқанын байқауға болады. Нарықтық экономика жағдайында Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуын нығайту үдерісі өндірістің, әсіресе ауыл шаруашылығының тиімділігін тұрақты әрі бекем арттыру үшін шаруашылық жүйенің түбегейлі қайта құрылуын талап етеді. Қазіргі таңда отандық экономиканы қайта

құру кезінде бірқатар мәселелер туындады. Әсіресе, Қазақстан халқының өмір сүру деңгейін анықтайтын аса маңызды стратегиялық қызмет саласы ретінде агроөнеркәсіп өндірісінің тиімділігін арттыруға елеулі назар аударылды.

Мемлекет агроөнеркәсіптік сектор мәселелерін дер кезінде шешу үшін оны жақсартуға бағытталған шаралар кешенін қабылдауда. Біртіндеп статистика осы саладағы оң динамиканы көрсетеді, ол мыналарды қамтиды: өнімнің жалпы шығарылуын ұлғайту, жаңа ауыл шаруашылығы объектілерін қалыптастыру және т. б. қолданыстағы шаралар жеткіліксіз, өйткені саланың дамуын одан әрі сапалы қамтамасыз етуге бірқатар елеулі кедергілер кедергі келтіреді:

1. Ең алдымен, саладағы еңбек өнімділігінің төмендегі мәселесі өзекті болып отыр. Статистикаға сәйкес, 2019 жылы республика экономикасында ең төмен еңбек өнімділігі (білім беру саласын қоспағанда) 5 мың АҚШ долларын құрап отырған ауыл шаруашылығында байқалды. Бұл ретте жыл сайын аграрлық секторға субсидиялаудың едәуір көлемі бөлінетінін, мемлекеттік қолдау шаралары жүзеге асырылып жатқанын және жұмыспен қамтылған халықтың едәуір бөлігі жұмыс істейтінін ескеру қажет. Дамыған елдердегі осындай көрсеткіш 90-100 мыңға жететінін атап өту қажет.

Мұндай төмен көрсеткіштің негізгі себептеріне тиімді агротехнологиялардың жеткіліксіз техникалық жарақтандырылуы, енгізілуі, трансферті және олардың шағын және орта шаруашылықтар үшін қол жетімділігі мәселелерін жатқызуға болады. Мысалы, ауыл шаруашылығында машиналар мен жабдықтардың тозу деңгейі 2019 жылы 39,7% құрады. Ауыл шаруашылығы тракторларының саны бойынша Қазақстан басқа елдерден едәуір артта қалып отыр.

Мәселен, Қазақстанда 1 гектар ауыл шаруашылығы жерлеріне 1 трактор келеді, ал АҚШ — та — 27, Үндістанда — 16, Бразилияда-11. Бұл ретте елімізде тракторлар мен комбайндардың көп бөлігін пайдалану мерзімі нормативтік мерзімнен 17 жыл артық. Өз кезегінде тозған және ескірген жабдықтарды пайдалану жөндеуге және ЖЖМ-ға жұмсалатын шығындарды орта есеппен 20% - ға ұлғайтады және нәтижесінде өнім жинауды төмендетуге алып келеді.

2. Ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігіне, сондай-ақ елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге әсер ететін басқа да маңызды мәселе агронаука мен бизнес-қоғамдастықтың өзара іс-қимылының әлсіздігі болып табылады. Бұл жерде ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерінің тек 8% - ы ғана өндіріске енгізілгені туралы мәліметтері көрсетіледі. Ғылыми зерттеулер мен әзірлемелердің негізгі бөлігін мемлекет бизнестің белсенді қатысуынсыз қаржыландырады, ол әзірлеу процесінде өзінің нақты мүдделері мен сұрауларын көрсете алады. Осы жерден коммерцияландыру және технологиялар трансферті мәселелері туындайды. Ғылыми зерттеулермен жыл сайын 6000-нан астам шаруашылық қамтылады, бұл АӨК тіркелген субъектілерінің тек 3% ғана құрайды.

Бұл ретте отандық аграршылар тиімді технологияларды енгізуді қажет етеді. Мысалы, өсімдік шаруашылығы саласында ұзақ уақыт сақталатын және нәтижесінде ішкі азық-түлік нарығын импорттық тауарларды әкелу қажеттілігінсіз өз өнімдерімен жыл бойы қамтамасыз ететін көкөністердің түрлі түрлерінің ұзақ мерзімді сорттарын пайдалану қажет, ол нәтижесінде жыл сайын тұтыну бағаларының артуына алып келеді. Сондықтан осы парадоксалды жағдайды шешу үшін екі тараптың – ғылыми қауымдастық пен бизнестің, оның ішінде шағын бизнестің өзара іс-қимылының оңтайлы форматын таңдау қажет. Бұл аспект рұқсат етілгенге дейін, қандай да бір үлкен әсерлерді күтуге болмайды..

3. Субсидияларды бөлу мәселесі ерекше назар аударуға тұрарлық. Мысалы, қазіргі уақытта сараптамалық қауымдастықта және фермерлерде "Сыбаға"бағдарламасы шеңберінде қаржылық қолдау тетігі туралы мәселе белсенді түрде талқылануда. Бағдарламаның шарттарына сәйкес, сатып алынатын ірі қара мал тек шет елдерден импортталуы тиіс. Мұндай қатаң талаптың болуы бұл бағдарламаны шағын және орта шаруашылықтар үшін

қол жетімсіз және тиімсіз етеді. Бұл көбінесе шет елдерде асыл тұқымды малды сатып алу тек ірі кәсіпорындар үшін ғана көтерілетініне байланысты, өйткені мұндай малдың құны жеткілікті жоғары, сондай-ақ карантиндік аймаққа жеткізу, кедендік ресімдеу және бір жарым ай мерзімде орналастыру жөніндегі шығыстар талап етіледі. Сонымен қатар, эпизоотиялық аурулардың қырылу және малдан әкелу қаупі де бар.

Бұл ретте, жергілікті шаруашылықтардың асыл тұқымды малының бірқатар бәсекелестік артықшылықтары бар екенін ескеру қажет. Біріншіден, бұл тасымалдауға кететін шығынның төмендігі және кедендік және карантиндік ресімдеудің қажеті жоқ. Екіншіден, эпизоотиялық ауруларды анықтау қаупі аз. Үшіншіден, жергілікті репродукторлардың малдары табиғи-климаттық жағдайларға бейімделген, бұл өлім қаупін төмендетеді. Нәтижесінде, бүгінгі таңда жергілікті асыл тұқымды шаруашылықтар мен репродукторлар жоғары өнімді асыл тұқымды малды етке тауарлық бағамен ұруға мәжбүр, бұл бұрын салынған қаражаттан пайдалылық және қайтарымдылық принципіне сүйеніп келеді.

4. Аграрлық саланың бәсекеге қабілеттілік деңгейіне тікелей әсер ететін ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау және өткізу проблемалары маңызды болып табылады. Сауда-логистикалық жүйенің дамымауы, тауарды сату алдындағы дайындау бойынша (жуу, буып-түю, кептіру, калибрлеу және тасымалдау және т.б.) объектілердің іс жүзінде болмауы жыл бойы сапалы шикізатты біркелкі жеткізуді қамтамасыз етпейді. Мәселен, жекелеген өңірлерде жеміс-көкөніс өнімдерін және тамақ өнімдерін сақтау жөніндегі қоймалық Инфрақұрылым жеткіліксіз дамыған. Ел аумағында барлығы 21 көлік-логистикалық орталық жұмыс істейді, бірақ бар қуаттар проблемаларды жою үшін жеткіліксіз, өйткені дәнді және майлы дақылдардың орташа жылдық өнімділігі өскен кезде сақтау жөніндегі қуаттардың тапшылығы өседі.

Осылайша, белсенді мемлекеттік қолдауға, ауыл шаруашылығы өндірісінің ауқымының ұлғаюына, азық-түліктің негізгі түрлеріне қажеттілікті қанағаттандыру және әлемдік саудаға қатысуға қарамастан, Қазақстанның ауыл шаруашылығында бүгінгі күнге дейін маңызды проблемалар қалып отыр. Сондықтан ҚР - да ауыл шаруашылығын одан әрі сапалы дамыту үшін келесідей ұсыныс талаптарды іске асыру қажеттілігі туындайды:

- инновациялық белсенділікті арттыру негізінде, атап айтқанда моральдық және ескірген физикалық машиналар мен жабдықтарды ауыстыру, қазіргі заманғы ресурс үнемдеуші технологияларды енгізу есебінен отандық өндіріс көлемін ұлғайту есебінен ауыл шаруашылығының өнімділік деңгейін арттыру.

- тиімді, ең бастысы ауыл шаруашылығында өнімділікті арттыру жөніндегі қолданбалы шешімдер алу үшін ғылыми қоғамдастық пен бизнестің өзара іс-қимылының арнайы жоспарын немесе картасын әзірлеу.

- аграрлық салада жұмыс істеу үшін перспективалы жас мамандарды тарту мақсатында ауылдық жерлерде өмір сүру жағдайларын (Инфрақұрылым, ТКШ, жеңілдіктер және т. б.) жақсарту бағытындағы жұмысты жалғастыру.

- барлық тәуекелдер мен мүмкіндіктерді ескере отырып, саланы субсидиялау жөніндегі қолданыстағы шараларды егжей-тегжейлі қайта қарау және бағалау, сол арқылы әр түрлі мүдделік қолдау әсерін барынша азайтып ауыл шаруашылығы және қайта өңдеу ұйымдары арасындағы интеграциялық процестерді күшейту.

Әрине, бұл сала көп векторлы және жеткілікті тармақталғандығын ескере отырып, барлық мәселелерді осы жерде және қазір бір сәтте шешу мүмкін емес, бірақ барлық мүдделі тараптарға бірігуге және олардың ортақ игілігі үшін пәрменді шаралар қолдануға тырысуға тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013–2020 жылдарға арналған «Агробизнес — 2020» бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 ақпандағы № 151 қаулысы. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300000151>.

2.Халяпин А.А. Концептуальные детерминанты государственного регулирования аграрного сектора экономики // Науч. журн. КубГАУ. — 2012. — № 79 (05). — С.

3.Есенгелдин Б.С., Мырзатаева Г.Қ., Нұрымова И.Т. Аймақтық еңбек нарығы дамуының әлеуметтік негіздері //ҚарМУ хабаршысы. Экономика сер. —2014. — № 2. — 78–84-б.

ОСОБЕННОСТИ ФУНКЦИОНИРОВАНИЯ КАЗАХСТАНСКОЙ ВЕНЧУРНОЙ ИНДУСТРИИ

Жұбатқанова А.Ә.

КазНУ им.аль-Фараби,ВШЭиБ

Магистрант 2 курса по специальности

«Инновационный менеджмент»

Научный руководитель: Аширбекова Л. Ж.

к.э.н., старший преподаватель

Инновационная активность в современном мире рассматривается как важнейший фактор обеспечения конкурентоспособности и экономического роста. В промышленно развитых странах создаются благоприятные условия для подъема национальных исследований и инноваций; придается большое значение роли государства в технологическом развитии, росте государственных обществ, частных научно-исследовательских организаций и компаний в реализации научно-технических программ.

Предпосылкой для осуществления инновационного процесса является формирование венчурной индустрии. Развитие венчурной системы решает проблему внедрения новых технологий в производственный процесс, проблему финансирования малых инновационных предприятий, создает спрос на высококвалифицированных специалистов, увеличивает долю высокотехнологичных отраслей в реальном секторе экономики. По мнению экспертов, задача запуска венчурной системы очень сложна [2]. В первую очередь это связано с рискованным характером венчурного капитала, когда неопределенность слишком высока на начальном этапе финансирования.

Другой особенностью инновационной системы является наличие небольшого числа крупных наукоемких корпораций (НАК «Казатомпром», НК «Казмунайгаз», АО «Алюминий Казахстана», АО «Корпорация Казахмыс» и др.) и относительно слабое развитие малого инновационного бизнеса. Эта группа предприятий лучше обеспечена собственными финансовыми ресурсами, обладает более высоким научно-техническим потенциалом и зачастую имеет собственную исследовательскую базу [3].

Следовательно, доля высокотехнологичных отраслей в реальном секторе экономики Казахстана (0,8% ВВП) и экспорт высокотехнологичной продукции ээ не обеспечивают в должной мере необходимую конкурентоспособность на мировых рынках и статус развитой мировой державы. Как показывает практика, пока спрос на технологические инновации со стороны отечественных предприятий в целом остается относительно низким и не отвечает условиям достижения устойчивого экономического роста.

На современном этапе одной из основных проблем, требующих решения, является преодоление низкой инновационной активности казахстанских предприятий, неразвитости элементов инновационной инфраструктуры и формирование эффективной венчурной индустрии.

При этом фонд не выдает кредиты на реализацию проекта, а участвует в уставном капитале компании, реализующей данный проект.если проект направлен на разработку НИОКР и/или получение новой технологии, услуги или продукта, результатом которых станет патент, фонд может выделить грант в размере до 30 млн тенге после рассмотрения данного проекта. После завершения Научно-исследовательского проекта 50% полученного

патента будет принадлежать фонду. Если заявитель планирует реализовать инновационный проект, то необходимо будет привлечь не менее 51% стоимости проекта, так как Фонд может выделить средства на сумму до 49% стоимости проекта, но участие Фонда ограничено \$3,2 млн.

АО «Национальный инновационный фонд» призван осуществлять функции фонда фондов. В 2007 году Фонд успешно прошел сертификационный аудит системы менеджмента качества на соответствие требованиям международному стандарту ISO 9001:2000. Среди основных партнеров АО «НИФ» можно выделить ряд известных в Казахстане компаний и фондов (рисунок 1).




Рисунок 1 - Основные партнеры АО «Национальный инновационный фонд» Казахстана

Неотъемлемым компонентом венчурной индустрии являются управляющие компании (УК), осуществляющие руководство процессом сбора средств венчурного фонда и их последующим вложением. УК выступает в роли посредника между инвесторами и предпринимателями-реципиентами инвестиций, а ее финансовое участие в фонде может быть незначительным. В начальный период функционирования фонда под руководством УК происходит выбор объектов инвестиций, список которых утверждается инвестиционным комитетом фонда, представляющим интересы всех инвесторов. По окончании деятельности фонда, после «выхода» из всех проинвестированных компаний, вознаграждение УК (carried interest) составляет 20-25% от прибыли, что является компенсацией за эффективное управление [4]. На казахстанском рынке функционирует более 30 управляющих компаний, чье поле деятельности пока ограничено лишь финансовой сферой и рынком недвижимости.

Параллельно с финансовой инфраструктурой АО «НИФ» Казахстана развивает и инфраструктуру физическую – лаборатории, технопарки, университетские технологические бизнес-инкубаторы. В 2007 году АО «НИФ» организовал конкурс на создание университетских технологических бизнес-инкубаторов среди 70 казахстанских вузов. Дипломы победителей конкурса получили 6 высших учебных заведений: Восточно-Казахстанский государственный технический университет им. Д. Серикбаева; РКП «Карагандинский государственный технический университет»; Казахский национальный технический университет им. К. Сатпаева; АО «Казахстанско-Британский технический университет»;

РГКП «Западно-Казахстанский агротехнический университет им. Жангир-хана»; РГКП «Южно-Казахстанский государственный университет им. Ауезова». На базе данных вузов будут созданы университетские технологические бизнес-инкубаторы, которые займутся поиском, отбором и финансированием инновационных проектов, находящихся на начальной стадии развития (start-up компании) при участии Национального инновационного фонда.

Таким образом, первые казахстанские фонды рискованного финансирования вынуждены взять на себя часть работы по выстраиванию венчурной инфраструктуры. В дальнейшем функционирование венчурной системы станет самоподдерживающим процессом, когда средства, полученные от «выходов» из компаний, будут вкладываться в новые венчурные фонды, а новые стартапы будут стремиться повторить успех уже состоявшихся компаний. По мере роста рынка венчурных инвестиций повысится квалификация всех его участников - управляющих компаний, инвесторов, менеджеров, юристов, консультантов. Пока же страна ждет результатов «опытной партии инвестиций» первых венчуристов в высокотехнологичный бизнес.

Несмотря на наметившуюся государственную поддержку венчурных фондов в Республике Казахстан, результаты показывают малое количество как самих венчурных фондов, так и реализуемых ими проектов. Основными причинами этого стали дефицит интересных инновационных проектов, неосведомленность инноваторов о возможностях венчурного финансирования, ограниченные объемы финансирования. Это привело к формированию слабой венчурной инфраструктуры, ее концентрации в основном в городе Алматы.

При этом практика показывает, что венчурные фонды оперируют в непосредственной близости от своего месторасположения, их деятельность в регионах практически не представлена.

Список литературных источников:

- 1 Каширин А.И., Семенов А.С. Венчурное финансирование инновационной деятельности // Инновации. – 2006. - №1. – С.19.
- 2 Демесинова Г.Х. Инновационная деятельность промышленных предприятий Казахстана в 2008 г. // Экономика и статистика. – 2009. - №3. – С. 52-55.
- 3 Тургинбаева А.Н. Особенности механизма венчурной деятельности // Аналитик. – 2010. – №2. - С.106-117.

WHAT IS FOREIGN DIRECT INVESTMENT

Zhumagul .T.

*Al-Farabi Kazakh National University,
Higher School of Economics and Business
State and Local Management, 1st year PhD student*

*Domestic Scientific Supervisor: Ashirbekova L..Zh
c.e.s., Senior lecturer*

*Foreign Scientific Supervisor:
Wan Azman Saini Wan Ngah, PhD, Professor*

Foreign direct investment (FDI) is the process whereby residents of one country (the source country) acquire ownership of assets for the purpose of controlling the production, distribution and other commercial activities of a company in another foreign country (the host country). The International Monetary Fund's Balance of Payments Manual defines FDI as an investment that is made to purchase a lasting interest in a company operating in an economy other than that of the investor, the investor's purpose being to have an effective voice in the management of the firm. The United Nations World Investment Report defines FDI as an investment involving a long term

Қазақстан Республикасы өңірлерінің экономикасын реформалау өңірлер экономикасының аумақтық - өндірістік құрылымын әлемдік нарық қажеттіліктеріне пассивті бейімдеуге алып келеді. Даму деңгейі жоғары және өнеркәсіптің тиімді құрылымы бар өңірлер тұрақты әлеуметтік-экономикалық жағдайда тұр. Қазіргі уақытта өңірлердің экономикасындағы дағдарыстық құбылыстарды еңсеруге, елдегі әлеуметтік - экономикалық ахуалды тұрақтандыруға және өндірістің жалпы көлеміндегі бәсекеге қабілетті өнім көлемін ұлғайтуға бағдарланған экономика құрылымын жетілдіру шараларын әзірлеу қажеттігі туындады.

Ішкі және сыртқы нарықтардың ықпалдасуының жоғары қарқыны, капитал қозғалысы жағдайында ел өңірлерінің тұрақты экономикалық, әлеуметтік дамуы өңірлерде материалдық өндіріс пен өндірістік инфрақұрылым және әлеуметтік саланың дамуын болжайды. Өз кезегінде ол жаңа ғылыми-техникалық жетістіктер мен прогрессивті технологияларды енгізу, экономикалық өсуге және өңір экономикасының өңіраралық еңбек бөлінісіндегі бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған экономиканы жетілдіру мен жаңғыртуды білдіреді [1].

Аймақ экономикасын құрылымдық – технологиялық жаңғырту – серпінді экономикалық өсімге қол жеткізуге, өңір экономикасының жаһандық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге, халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыруға бағытталған экономикадағы құрылымдық, техникалық және технологиялық қайта құру болып табылады. Өңір экономикасының құрылымдық модернизациясы өндірістік әлеуетте ғылыми-техникалық және технологиялық инновациялар негізінде аймақ экономикасын құрылымдық қайта құруды қамтамасыз етеді. Аймақ экономикасын құрылымдық-технологиялық модернизациялауда жаңғыртудың барлық бағыттары өзара тығыз байланысты. Өндірістің техникасы мен технологиясындағы жаңғырту экономикадағы құрылымдық өзгерістер тудырады, ал институционалдық өзгерістер әлеуметтік-экономикалық қатынастар жүйесінде өзгерістер тудырады. Осы негізде жылдық тарихы бар Жамбыл облысы аймағының экономикасын технологиялық жаңғырту техникалық және технологиялық жаңалықтарды өңірдің экономикасы мен әлеуметтік саласын дамытуға, қызметтің жоғары технологиялық түрлерінің жедел дамуын, өңірдің ғылыми-техникалық және өндірістік әлеуетінің өсуін қамтамасыз етуге бағытталған [2].

Жамбыл облысының артықшылықтары: қолайлы географиялық орналасуы, пайдалы қазбалардың бай қорының болуы, еңбекке жарамды жастағы халықтың артық болуы, инвестициялық жобаларды табысты іске асыруға мүмкіндік беретін өндірістік инфрақұрылымның болуы. Бағыты бойынша Жамбыл облысы индустриялық-аграрлық аймақ болып табылады. Инвестициялық тартымдылық минералдық-шикізат ресурстарының елеулі көлемінің және қолайлы табиғи-климаттық жағдайлардың барын айқындайды, бұл өнеркәсіпті дамытудың дәстүрлі бағыттарын дамыту үшін де, жаңа өндірістерді құру үшін де жағдай жасайды. Жамбыл облысы экономикасының дамуы өндіруші сектордың дамуымен байланысты. Дамудың бірінші бағыты - өндіруші сектор. Жамбыл облысы экономикасының дамуы минералдық-шикізат базасын пайдаланудың жоғары технологиялық жаңғыруымен тікелей байланысты, атап айтқанда, жер қойнауын пайдаланушылар үшін инвестициялау, салық түсімі, кадрлар даярлау және жергілікті жұмыс күшін пайдалану, ауданның әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту мәселелері ерекше маңызға ие болады.

Жамбыл облысының негізгі сауда серіктестері ТМД елдері болып табылады, олардың үлесі барлық сыртқы сауда айналымының 45,9%-ын және алыс шетелдердің-54,1% -ын құрайды. Республикадан тысқары жерлерге мынадай өнеркәсіп кәсіпорындарының тауар өнімі экспортталады:

1. «Казфосфат» ЖШС – жақын және алыс шет елдерге сары фосфор, ортофосфор және полифосфор қышқылдары, натрий триполифосфаты, минералды тыңайтқыштар;
2. «Фабрика ПОШ-Тараз» ЖШС Италияға былғары тасымалдайды;
3. «Шығыс кен басқармасы» ЖШС - барит концентраттарын тасымалдайды;
4. «Актас» ЖШС – Қырғызстанға әктас тасымалдайды.

Жамбыл облысынан тыс өзге облыстарға келесі компаниялардың өнімдері жөнелтіледі:

«Мынарал Тас Компани» ЖШС (цемент);
 «АльБасар» ЖШС (граниттен жасалған бұйымдар);
 «ТаразКожОбувь» ЖШС (арнайы аяқ киім);
 «Айвенго» ЖШС (киім, төсек-орын, арнайы киім өндірісі);
 «Жасулан Флора» ЖШС (өндірістік негізде гүлдерді өсіру);
 «Тараз құбыр зауыты» ЖШС (полиэтилен құбырлары және тамшылатып суару құбырлары);

«БрысБахыт» ЖШС (былғары және ұлттық бұйымдар) [3].

Жамбыл облысының экономикалық дамуының көрсеткіші болып табылатын жан басына шаққандағы ЖӨӨ көрсеткіші бойынша облыс республиканың 16 өңірі арасында 15-ші орында тұр. ЖӨӨ өсу қарқынының бәсеңдеуінің негізгі себептері құрылыс, көтерме және бөлшек сауда, көлік пен байланыс салалары көлемінің төмендеуі болып отыр.

1-кесте. 2016-2019 жылдардағы экономикалық қызмет түрлері бойынша Жамбыл облысының жалпы өңірлік өнімінің құрылымы, %

	2016		2017		2018		2019	
	ЖӨӨ млн.тг	γ/c %	ЖӨӨ млн.тг	γ/c %	ЖӨӨ млн.тг	γ/c %	ЖӨӨ млн.тг	γ/c %
Барлығы	760397,3	100	876736,3	100	979666,1	100	1014504,6	100
Ауыл шаруашылығы	67771,3	8,7	84880,7	9,7	105606,9	10,78	121433,6	11,97
Өнеркәсіп	120755,1	15,9	154466,1	17,7	181965,9	18,57	179352,1	17,68
Құрылыс	93383,6	12,3	110618,5	12,6	97823,8	9,99	83549,6	8,24
Сауда	85979,9	11,3	87262,6	10,0	117279,1	11,97	115482,3	11,38
Көлік	84 886,5	11,2	103053,9	11,8	109 489,5	11,18	139289,1	13,73
Байланыс	6 574,0	0,9	7194,1	0,8	8221,0	0,84	8601,6	0,85
Басқалар	301046,9	39,7	329260,4	37,4	359974,2	36,67	366796,3	36,15

Ескерту: «Жамбыл облысының 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасы деректерінен алынған»

Осы мәселелер негізінде Жамбыл облысының даму бағдарламасын іске асырудың негізгі бағыттары мен мақсаттарын айқындауға болады.

2-кесте. Жамбыл облысының даму бағдарламасын іске асыру бағыттары мен мақсаттары

Бағыты	Мақсаты
Өңірлік макроэкономика	Экономиканың тұрақты өсуін қамтамасыз ету
Өнеркәсіп	Облыстың өнеркәсіптік әлеуетін арттыру
Ауылшаруашылық кешені	Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдайлар жасау
Шағын және орта кәсіпкерлік, сауда	Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне кәсіпкерліктің дамуы үшін жағдай жасау
Инновация және инвестиция	Инновацияны дамыту және инвестициялардың өсуі
Туризм	Туристтік қызметті дамытуды қамтамасыз ету
Байланыс	Цифрлық сауаттылық деңгейін арттыру және байланысты дамыту
Құрылыс	Өңір халқы үшін қолжетімділікпен қамтамасыз етілген тұрғын үй құрылысын және инфрақұрылымды дамыту
Көлік және логистика	Елді мекендер арасындағы автомобиль жолдарын және автокөлік қатынасын дамыту
Экология и жер ресурстары	Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, су шаруашылығын дамыту және қоршаған ортаны қорғау

Ескертпе: «Жамбыл облысының 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасы" деректері бойынша автормен құрастырылған» [3]

Жамбыл облысы экономикасын құрылымдық-технологиялық жаңғыртудың маңызды бағыты капитал нарығының механизмі арқылы өндіріске жеке және шетелдік инвестицияларды ынталандыру болып табылады. Өз кезегінде бұл жоғары дамыған өндірістік, кадрлық, инновациялық, инвестициялық әлеуетті құруды, меншіктің жаңа қатынастарын, шаруашылық құрылымын, басқару нысандарын құра отырып, экономиканы құрылымдық, институционалдық қайта құруды жүзеге асыруды көздейді. Өңірдің экономикасын құрылымдық-технологиялық жаңғырту қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық дамудың ерекшеліктерін ескере отырып, өңірлердің экономикалық дамуының стратегиясы мен тактикасын іске асыру кезінде ғана шешілуі мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Васильева И., Яковлева А., Николаева А. «Финансовый потенциал региона как фактор обеспечения самодостаточного развития территории» - 2015г. <https://naukovedenie.ru/PDF/162EVN515.pdf>.
2. Шибаева Т.А. «Особенности кластерно-сетевое управления региональной экономикой» 2017г. <https://naukovedenie.ru/PDF/45EVN317.pdf>.
3. Бекбенбетова Б., Рахметулина Ж.Б. «Социально-экономическое развитие Жамбылской области РК» - 2019г. <http://www.zhambyl.gov.kz/>
4. Скрипник Г «Подъем экономики Жамбылской области связан с развитием добывающего сектора - взгляд из региона» - 2019г. <http://www.zakon.kz/116430-podem-jekonomiki-zhambylskojj-oblasti.html>

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қуандық Ж.Б.

*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,
Экономика және бизнес жоғары мектебі
Іскерлік әкімшілік жүргізу, 2 курс*

*Ғылыми жетекші: Құнанбаева Д.Ә.
э.ғ.д., профессор м.а.*

Әлемдік шаруашылық пен әлемдік нарыққа тең серіктес болу үшін елде кәсіпкерлік басым бағытын қалыптастыру қажет. Бірақ, кәсіпкерлік үлгіні қайта жаңғыртуды құру процесінің өзі де әлемдік шаруашылықтан тыс мүмкін емес, өйткені өндірістің барлық салалары мен салаларында бәсекеге қабілетті болуға болмайды. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында бар өндірістің негізгі және дамыған факторларымен қамтамасыз етудегі артықшылықты пайдалана отырып, әлемдік нарықтағы өз орнын негізді түрде тандау қажет. Қазақстан табиғи ресурстарға бай негізгі факторларға ие, бірақ бұл әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттілік үшін жеткіліксіз. Өндірістің ұлттық шығындары әлемдік деңгейден төмен болуы үшін үнемді табиғи тұтыну қажет. Бұл кәсіпкерлердің ерекше өндірістік күшінің болуын және оны қызметте іске асыруды талап етеді.

Кәсіпкерлік терең экономикалық дағдарыстан орнықты экономикалық даму жолына шығудың және әлемдік нарықтық қатынастардың тең субъектісі ретінде әлемдік шаруашылыққа кірудің негізгі факторларының бірі болып табылады. Дәл осы кәсіпкерлік экономиканы табысты дамытудың маңызды ішкі көзі болып табылады.

Нарық қатынастарының пайда болуы мен дамуы көптеген жағдайларды қажетсінеді, әсіресе қызмет істеу ортасы өте маңызды рөл атқарады. Рыноқта экономиканың қызмет ету ортасы белгілі бір факторлардың болуын кездейді. Негізгілері: икемді рынок жүйелерін құру, бәсекелестік пен кәсіпкерлік қызметті дамыту. Кәсіпкерлік нышандары рыноктық қатынастар кезінде ғана емес, қоғам дамуының барлық кезеңдерінде пайда болатын өзіне тән ерекшеліктері бар құбылыс.

Экономикалық дамыған елдерде кәсіпкерлікті дамыту жолы өндіріс саласында жүріп жатыр, ал Қазақстандық кәсіпкерлер сауда саласында және т. б. салалармен айналысуда.

Қазақстан Республикасында кәсіпкерліктің барлық саласы мерзімді даму үстінде. Оның ішінде шағын және орта кәсіпкерліктер, жеке кәсіпкерліктерге және шаруа қожалықтарына аса мән берілуде.

Қазақстанның экономикалық дамуын шикізаттың (негізінен мұнай-газ) экспорттық секторына байланысты деп бір мәнді сипаттауға болады. Негізінен елімізде елдің ЖІӨ-нің едәуір үлесін қосымша жұмыс күшін талап етпейтін жаңа технологияларды қолдануға мүмкіндігі бар ірі кәсіпорындар құрайды.

Қазақстан экономикасын дамытудың шешуші бағыттарының бірі шағын кәсіпорындар құрылымын дамыту болып табылады. Шағын кәсіпкерліктің алар орны ерекше, өйткені ол ЖІӨ-нің бюджет кірістері мен жұмыспен қамтамасыз етеді және басқа да әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешуді қамтамасыз етеді.

Ал Қазақстан Республикасында шағын және орта бизнесті дамыту соңғы жылдары мемлекеттік реттеудің маңызды бағыттарының бірі ретінде қарастырылуда. Сонымен бірге экономика проблемаларын шешуде үлкен әсері бар: кәсіпкерлік пен сауданы дамыту, ұсақ меншік иелерінің базасын құру, жаңа жұмыс орындарын құру, кәсіпкерлік белсенділіктің өсуі есебінен салық базасын кеңейту, бюджеттік төлемдерді қамтамасыз ету.


Дүниежүзілік банктің Doing Business рейтингінде 2019 жылы Қазақстан 190 елдің ішінде 28-ші орынға ие болды. Қазақстан 10 негізгі бағыттың 6-нан жоғары көтерілді. Мәселен, ел "миноритарлық инвесторларды қорғау" индикаторы бойынша өзінің бірінші орнын сақтап қалды. Дамытулар "келісім-шарттардың орындалуын қамтамасыз ету", "құрылысқа рұқсат алу", "кәсіпорындар ашу", "төлем қабілетсіздігін шешу", "кредиттер алу", "халықаралық сауда" сияқты индикаторлар бойынша тіркелді. Дүниежүзілік Банктің "Doing Business 2018" кезекті рейтингінде Қазақстан 36-орынға, "Doing Business 2017" рейтингінде біздің еліміз 35-орынға ие болғанын ескерсек, біршама алға жылжығанымыз байқалады [3].

Рейтингте Қазақстанның оң трендтері "Өнімділік-2020", "Жұмыспен қамту-2020", "Бизнестің жол картасы-2020", Моноқалаларды дамыту бағдарламасы, "Агробизнес-2020" бағдарламалары арқылы кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың іске асырылатын кешенді шаралары салдарынан болды [3].

ҚР Президенті Н.Назарбаевтың 2018 жылғы Қазақстан халқына жолдауында бизнес саласына көп көңіл бөлінетінін алға тартты. Бұл дегеніміз «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасын тағы да 5 жылға, яғни 2025 жылға дейін созырылуы. Осы арқылы еліміздегі шағын және орта кәсіпке тың серпін беру, одан әрі дамытуға тапсырма беріп отыр. Сондай-ақ ауыл шаруашылығы саласындағы технологияларды жаңарту, жаңа технологияларды пайдалану арқылы ауыл шаруашылығы өнімдерін ұлғайту, ауыл шаруашылығы саласын дамытуға тапсырма берді. Ол үшін жыл сайын қосымша 30 млрд теңге бөліп отыру керек. Сонда алдағы 3 жыл ішінде қосымша 22 мың жаңа жұмыс орнын ашуға, одан 224 миллиард теңге салық түсіруге және 3 триллион теңгенің өнімін өндіруге мүмкіндік болатынын жеткізді [1].

АҚШ-та, Еуропалық Одақ және Азия елдерінде (Қытай) кәсіпкерлік субъектілерінің жыл сайынғы өнім шығару көлемінің үлесі 52% - дан 60% - ға дейінгі көрсеткішті құрайды. Қазақстанда осы көрсеткіштің шамасы шамамен 3 есе төмен және 17% - ды құрайды [4].

Қазақстанда шағын бизнес ЖІӨ-нің 25,6% - ын құрайды, ал ШОБ-та жұмыспен қамтылғандардың үлесі республикалық еңбек нарығының 36% - ын құрайды. Ұлттық экономика ауқымында ҚР - да кәсіпкерліктің танымалдығы артып келеді, алайда белсенділік қарқыны жеткілікті аз. ҚР-да кәсіпкерлік белсенділік деңгейі орташа әлемдік шамадан екі есе төмен (ЖІӨ-де 63% және жұмыспен қамтылғандар санының 47% - ы). Өңірлер арасында жалпы өңірлік өнімді қалыптастыруда ШОБ - тің ең көп әсері Астанада-ЖҰӨ-нің 46%, БҚО (40%) және Алматыда (29%) байқалады.



Сурет 1 - Шағын және орта кәсіпкерліктің ЖІӨ-дегі әлемдік көрсеткіштері [12].

Шет елдерде шағын және орта бизнес экономиканың инновациялық әлеуетін дамытуға ықпал ете отырып, халықты жұмыспен қамтудың басты саласын құрайды. Дамыған елдердегі шағын және орта кәсіпкерліктерде жұмыспен қамтылғандар үлесінің көрсеткіші экономикалық белсенді халықтың 50-75% - ға жуығын құрайды. Қазақстанда кәсіпкерлік секторында жұмыспен қамтылған халықтың үлесі дамыған елдерге қарағанда да әлдеқайда төмен: 2018 жылы бұл көрсеткіш 37% деңгейіне жетті. Сонымен қатар, ЖІӨ дегі кәсіпкерліктің үлесі де біршама төмен деңгейде [5].

Кесте 1 – ЖІӨ-дегі шағын және орта кәсіпкерлік үлесі % [5]:

Жылдар	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017
Қазақстан Республикасы	10,5	9,8	10,7	16,7	17,7	20,6	17,3	17,1	16,7	25,9	24,9	26,8	26,8

Жоғарыдағы кестеде ЖІӨ-дегі шағын және орта кәсіпкерліктің үлесі жылдар негізінде берілген. Кестеде байқағанымыздай 2016 жылға дейін қалыпты өсім байқалуда, тек 2017 жылы қалыпты деңгейді ұстап қалған. Яғни, 2005 жыл мен 2017 жыл аралығында кәсіпкерлік үлесі 2 есеге артқанын байқаймыз.

Цифрлық технологиялар кәсіпкерлік құрылымдар қызметінің операциялық моделін өзгертеді, шығындардың тиімділігін арттырады және нарықтағы жаңа мүмкіндіктерді анықтайды. Бүгінде дәстүрлі салаларда да жаңа білім алу және тиімді басқару шешімдерін қабылдау үшін деректердің үлкен көлемін талдау әдістері белсенді түрде қолданылады. Интернет заттар жабдықтарды пайдалану сапасын арттыруға, еңбек өнімділігін арттыруға, энергия тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Қосымша мүмкіндіктер қосымша шындық, ұшқышсыз ұшу аппараттары (дрондар), робототехника және жасанды интеллект сияқты инновациялардың дамуымен ашылады [4].

Инновациялық кәсіпкерлік құрылымдар экономиканың әртүрлі секторларында сандық құралдарды енгізуде. Мысалы, мұнай-газ саласында бұл кен орнының кешенді виртуалды моделін әзірлеуге, бұрғылау процесінің тиімділігін арттыруға, алыстағы кен орындары мен т. б. қашықтағы режимде бақылауға мүмкіндік береді.

Деректерді өңдеу орталықтарын құруға және бизнес-операциялар мен клиенттер туралы мәліметтерді жинаудың, сақтаудың және өңдеудің мамандандырылған жүйелерін енгізуге инвестициялар орынды. Бұл бизнес-процестердің тиімділігін арттырады және клиенттердің қажеттіліктерін түсінуге көмектеседі.

Кәсіпкерлікті қолдауда мемлекеттік қызметтердің алғашқы бағыттары – қаржы-несиелік және инвестициялық саясат. Бұл бағыт бастапқы сипаттама болып саналады.

Мемлекеттік кәсіпкерлікті қаржы-несиелік қолдауы біршама шығыстар жұмсауын талап етеді, ал мемлекеттік бюджеттің мүкіндігі шектеулі екендігі белгілі. Осы кезеңде ресурстарды пайдаланудың қайтарымды механизмiне өту қажетті және маңызды болады.

Кәсіпкерлікті дамытудың құқықтық шарттарын жетілдіруде кәсіпкерліктің құқын қорғау жөнiндегi заңдарды түсiндiретiн аймақтарда арнайы семинарлар жүргiзу, кәсіпкерлер арасында анкета жүргiзу, фермерлер, шағын және орта кәсіпкерлік бизнес өкiлдерi, шаруашылық субъектiлерiнiң басшылары үшiн еңбек туралы, монополияға қарсы заңдар жөнiнде түсiнiктемелер берудi ұйымдастыру қажет. Кәсіпкерлікті ақпараттармен және мамандармен қамтамасыз ету үшiн кәсіпкерлік негiзiн жастарға үйрету, ақпараттық-түсiндiрме және әдiснамалық көмек көрсету, шағын кәсіпкерлікті тіркеу, қаржыландыру және салық салу курстарын бизнес-инкубаторларда ұйымдастыруда өз жалғасын табуы керек.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев. Қазақстан халқына жолдауы. Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру. // [Электронды ресурс]// akorda.kz.// - 2018.
2. Қазақстандағы және оның аймақтарындағы ШОК дамуының жай-күйі туралы есеп. // [Электронды ресурс]// <https://damu.kz/kz/poleznaya-informatsiya> // - 2016. //Damu_BOOK_Rus_inet.pdf.//
3. Доклад «Doing Business 2014: Понимание регулирования деятельности малых и средних предприятий.» // [Электронды ресурс]// Официальный сайт Всемирного банка.// - 2019// www.vsemirnyjbank.org
4. Клаус Шваб. Четвертая промышленная революция. - Изд-во Эксмо, 2016.
5. Бабкин А. Цифровая экономика и ее влияние на конкурентоспособность предпринимательских структур // Российское предпринимательство. – 2017. - №24 (18). – С. 4087 – 4101.
6. David A. Harper Foundations of Entrepreneurship and Economic Development. – Routledge, 2003.
7. Тен М. Проблемы развития функции малого бизнеса в Казахстане // Вестник КазНУ. Серия экономическая. – 2008. - №6. – С. 52-55.
8. Кантарбаева А.К. Экономические регуляторы поддержки предпринимательства. - А.: Раритет, 2008. с.101
9. Мамыров Н.К., Ихданов Ж. Государственное регулирование экономики в условиях Казахстана (теория, опыт, проблемы). – Алматы: Экономика, 1998.
10. «Дорожная карта бизнеса 2020» // [Электронный ресурс]// <http://www.damu.kz>. – 2017.

ТЕХНОПАРКТИК ҚҰРЫЛЫМДАР ҚЫЗМЕТІНІҢ ЕЛДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ САЛАСЫН ДАМУДАҒЫ ҮЛЕСІ

*Қуаныш Б.К.
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, ЭжБЖМ
Инновациялық менеджмент
мамандығының 2-курс магистранты*

*Ғылыми жетекші: Джумамбаев С.К.
э.ғ.к., аға оқытушы*


Қазақстанның алдында әлемнің бәсекеге барынша қабілетті 30 елінің санына кірудің маңызды міндеті тұр. Осы міндетті іске асырудың табысы отандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілетін арттыруға, экспорттық әлеуетін толық ашуға және елдің географиялық орналасуын барынша тиімді пайдалануға тікелей байланысты.[1] Соңғы он жылдықта әлемдік экономика көшбасшы елдері экономикалық дамуының инновациялық үлгісі ерекшелігі, бұл инновациялық фактордың әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі бөлігіне айналуы, инновациялық цикл ұзақтығын қысқарту, әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынас желісінде беделді институт пен тең құқылы серіктес ретінде ғылым рөлін күшейту, экономикалық өсудегі экономикалық емес факторлардың маңыздылығын арттыру, ғылыми-технологиялық, ғылыми-техникалық және инновациялық саланың дамуына жұмсалатын мемлекеттік және корпоративтік шығындардың өсуі, ұлттық инновациялық үрдістердің жаһандандыру және біріктіру болып табылады.

Мемлекет технопарктер арқылы инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілерін құруға ғана қатысып қоймай, олардың тиімді жұмыс жасауы мен оң нәтижелерге қол жеткізуіне де ерекше назар аудара алады.

Қазақстан Республикасының «инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» Заңына сәйкес, инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілеріне технологиялық бизнес-инкубаторлар, технологиялық парктер, инновациялық қорлар жатқызылады.

Технопарктердің заманауи еуропалық моделі тұғыры нәтижесінде бірнеше ғимараттан және қызметтер пакетін біріктіруші технологиялық парк құру мүмкіндігі пайда болады. Бұл механизмді бір ғана қатысушы болған жағдайда жүзеге асыру қиын. Дегенмен, қаржыны бөлуде тиімді. Бірнеше қатысушы болған жағдайда тәуекелдерді бөлу оңайға түседі. Олар АҚШ-тың бұрынғы технопарктерінің моделдерін қайталады, оның ерекшелігі – бір демеушісінің болуында, ал іс-әрекетінің негізгі түрі – ғылыми сиымдылықты фирмалардың жеке меншіктеріне жерді жалға беру болып табылады [2].

Еуропа елдеріндегі технопарктер құрылымы келесідей: 45% – аралас меншік, 38% – қоғамдық, 17% – жеке (Сурет 2):



Сурет 2. ЕҰ мемлекеттеріндегі технопарктерді меншік құрылымы [3]

Төменгі суретте еуропалық типтегі технопарктердің ұйымдық құрылымы берілген. Технопаркті басқару қызметін негізін салушы сайлайтын басқарушы компания жүзеге асырады (Сурет 3):

Осындай эканомикасы дамыған елдерде аралас меншік пен жеке меншікті инновациялық ұйымдар үлесі біршама жоғары. Біздің негізгі мәселеміз осында болып тұр. Еліміздегі көптеген жеке кәсіпкерлер инновациялық бизнеспен шұғылданып тәуекелге барудан аяқ тартады. Дегенменде Қазақстанда инновациялық технологияларды коммерцияландыру жүйесін қалыптастыру қолға алынған кезде 2012 жылы ғылыми-зерттеу институттары мен университеттер арасында конкурстық негізде 6 коммерцияландыру кеңсесі мен 4 аймақтық технологияларды коммерцияландыру орталығы ашылған болатын. Қазіргі таңда «ТДҰА» АҚ құруымен елімізде 21 коммерцияландыру кеңсесі, 5 аймақтық технологияларды коммерцияландыру орталығы жұмыс істейді. Олардың қызметінің негізгі мақсаты ғалымдар мен инноваторларға инновациялық әзірлемелерді коммерцияландыруға жан-жақты қолдау көрсету.[4]

Отандық технопарктер мен Еуропа елдерінің жасалған салыстыра талдай олардың қызметін одан әрі жетілдіру бойынша шаралар қабылдаудың қажеттілігін көрсетті.

Негізінен, төмендегідей ұсыныстар жасалды:

- 2012 жыл 9 қаңтарда №534-IV қабылданған «Индустриалды- инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» Заңға технопарк ұғымын, оның мақсаттары мен қызметтері бөліміне қосымшалар мен өзгерістер ендіру қажет;

- ғылыми немесе ғылыми-технологиялық парктер туралы заңның бастамасын ұсыну, «технопарк» ұғымының орнына «ғылыми» немесе «ғылыми-технологиялық парк» ұғымын ендіру, бұл технопарктерді әлеуметтік-бағытталған ұйымдар санатына жатқызып, барлық жеңілдіктермен қолдануға мүмкіндік берер еді ;

- инновациялық үрдістің барлық қатысушыларына – жоғары оқу орындарына, кәсіпорындарға, бизнесмендерге технопарктерді құруға мүмкіндік беру;
- барлық технопарктерге қандай ведомстволық мүлікке жататындығына және құрылтайшылар құрамына қарамастан жеңілдетілген салықпен қамтамасыз ету;
- ҚР БЖҒМ арқылы технопарктерді негізгі қаржыландырумен қамтамасыз ету, ол үшін технологиялық даму бойынша Ұлттық агенттікке (НАТР) тапсырыс беру;
- технопарктер дамуының жаңа Концепциясын дайындау, ол Елбасының «Қазақстан 2050» Стратегиясындағы жаңа міндеттерімен келістіріліп, академиялық, ғылыми, кәсіпкерлік ортада белсенді түрде талқылаудан өтуі қажет;
- Қазақстанда технопарк университеттері АҚШ-тағы «Силикон жазығымен» тығыз ынтымақтастық орнатуы керек.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы 27 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауы 9-тарау. Индустриялық инновациялық жобалар.
2. Р.А. Фатхутдинов 3. Жаңашыл менеджменті. Үшінші редакция – М., 2012 ж. – 96 б.
3. 12. www.technopark al.ru.[электронды ресурс]. – 2019 г.
4. <https://articlekz.com/kk/article/15701>. [электронды ресурс].

КОНЦЕПЦИЯ SMART CITY КАК СТРАТЕГИЯ УПРАВЛЕНИЯ ГОРОДСКОЙ ИНФРАСТРУКТУРОЙ

*Майданов Р.
Казахский Национальный университет имени аль-Фараби
Высшая школа экономики и бизнеса
Магистрант 2²⁰ курса по специальности
Менеджмент(РУДН)*

*Научный руководитель: Смагулова Г.С.
к.э.н., доцент*

На современном этапе развития цивилизации существует мировая тенденция с основными факторами:

- урбанизация;
- экономический рост;
- экологические угрозы.

Повсеместная урбанизация, как характерный тренд современности способствует увеличению городского населения, нагрузке на инфраструктуру и оказывает экологическое давление на регион.

Возрастающее давление обуславливает необходимостью разработки экологичного и энергоэффективного способа организации жизни в регионах. Для разрешения такой ситуации используется внедрение современных технологий совместно с полноценным использованием возможностей оцифровки информации. Это означает использование инструментов для сбора информации, обрабатываемой технологиями, в результате чего автоматически вычисляется наиболее эффективное поведение. Обеспечение технологии возможностями передачи собранной информации людям или другим технологиям, или получение необходимой информации из каких-либо источников и делает её многофункциональной, что обеспечивает решение не одной, а множества проблем.

Для реализации и внедрения технологий разработана концепция Smart City. Аббревиатура образована первыми буквами английских слов, которые являются основными компонентами данной концепции (см. Рисунок 1).




Рисунок 1. Компоненты концепции Smart City*

В целях повышения эффективности работы городских служб и внедрения умных технологий в Казахстане была разработана концепция «Smart city». В центре миссии Smart city – человек и его потребности.

Прежде всего, предполагается развитие 5 крупных городов – Smart Astana, Smart

Karaganda, Smart Ontystuk (Шымкент), Smart Almaty, Smart Aktobe». Кроме того планируется реализация проектов и во всех остальных областях Казахстана. В 2017 году для каждого региона в зависимости от специфики развития были определены следующие ключевые сферы (см. таблицу 1).

Таблица 1 - Приоритетные сферы проектов Smart City в регионах РК*

Регионы	Приоритетные сферы
г. Нур-Султан	Безопасность, ЖКХ
г. Алматы	Транспорт, умное управление
Акмолинская область	Туризм, экология
Актюбинская область	Социальная сфера, здравоохранение
Алматинская область	Транспорт
Атырауская область	Умное управление, экология
ВКО	Экология, ЖКХ
Жамбылская область	Безопасность
ЗКО	ЖКХ, здравоохранение
Карагандинская область	Здравоохранение
Костанайская область	Сельское хозяйство
Кызылординская область	Умное управление
Мангистауская область	Образование
Павлодарская область	Образование, бизнес (промышленность)
СКО	Сельское хозяйство, ЖКХ
Туркестанская область	Образование, строительство

Главными исполнителями проектов в рамках данной концепции являются акиматы регионов. Основными приоритетами их работы в части развития умного города являются: улучшение качества жизни жителей региона; увеличение доли государственных услуг в электронной форме; вхождение регионов Казахстана в международные рейтинги «smart city»; стимулирование безбумажного взаимодействия в G2G, B2B и G2B сегментах. Для

оценки эффективности осуществляемых проектов были определены критерии оценки, пилотные зоны по регионам и разработаны дорожные карты.

Если говорить о конкретных проектах, то в 2017 году в Астане были реализованы проекты видеонаблюдения и фиксации «Сергек», в котором были интегрированы более 13 тысяч камер; цифровых городских сервисов – мобильное приложение «Smart Astana», которое объединяет 30 сервисов государственных и социальных служб города; чат-ботов в социальных сетях для взаимодействия жителей города и представителей бизнеса с городскими службами; Open data – портал открытых данных, предназначенный для разработчиков IT-решений. В 2018 году началось осуществление таких проектов, как внедрение блокчейн технологий в земельных отношениях, интеллектуальная платформа, умное освещение города.

В Алматы для разработки умных технологий был открыт проектный офис по цифровизации. В городе также внедрены проекты видеофиксации, системы «Onay», платные парковки Алматы – aparking, открытого акимата, общественной приемной – Open Almaty, центра правовых услуг.

В целом, реализация таких социально значимых проектов в городах страны незамедлительно оказывает положительное влияние на улучшение условий проживания в городской местности.

Система «Умный город» позволит замедлить рост тарифов и снизить стоимость коммунальных услуг, значительно улучшить качество услуг, предоставляемых гражданам, и повысить эффективность всех городских услуг. Это даст положительный результат во всех сферах жизни:

- улучшить окружающую среду;
- расширить возможности для самореализации граждан;
- улучшить социальную ситуацию в городе;
- повысить инвестиционную привлекательность;
- снизить общегородские расходы; даст толчок развитию высокотехнологичных производств;

Концепция умного города, энергоэффективности, должна быть изложена и реализована на этапах проектирования, эксплуатации и реконструкции существующих городов и объектов. И весь набор компонентов «умного города» должен быть создан и грамотно поддержан.

Список использованной литературы:

1. Архипов О.П., Иващук О.А., Константинов И.С., Савина О.А. Пути создания автоматизированной системы управления инновационным «умным городом»// Информационные системы и технологии 2018. № 6 . С. 85-94.
2. Luthra, S., Kumar, S., Kharb, R., Ansari, M. F., & Shimmi, S. L. (2014). Adoption of smart grid technologies: An analysis of interactions among barriers. *Renewable and Sustainable Energy Reviews*, No. 33, pp. 554-565.
3. Цыганкова О. Реализация smart-проекта «Астана – умный город» в действии [Электронный ресурс] / Ольга Цыганкова. – Режим доступа: <http://vechastana.kz/politika/realizatsiya-smart-proekta-astana-umnyu-gorod-v-deystvii/> . - (15.12.2018)
4. Стратегия Казахстан-2050 [электронный ресурс] / URL: [https:// www.strategy2050.kz/](https://www.strategy2050.kz/) (19.12.2019)

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ БАСҚАРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Марат Н. Қ.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, ЭЖБЖМ,
Жобаларды басқару, 1-курс магистранты*

*Ғылыми жетекші: Курбанбаева А.А.
э.ғ. к., аға оқытушы*

Бәсекеге қабілетті орта жағдайында табысты шаруашылық жүргізу және кәсіпорынның тұрақтылығы көбінесе оның инвестициялық белсенділігіне байланысты. Бұл менеджерлерден табысты барынша арттыруға, кәсіпорынды дамытуды қамтамасыз етуге және бәсекелестік артықшылықтарға ие болуға мүмкіндік беретін базаны құру үшін тиімді қаражат салу бағыттарын іздестіруді талап етеді. Қабылданатын инвестициялық шешімдердің нәтижелілігі көп жағдайда жобаларды іске асыру процесінде басқару сапасына негізделеді.

Инвестициялық жоба жұмыстың, құжаттар мен іс-шаралардың жүйелі түрде шектеулі және аяқталған кешені болып табылады, оның материалдық-заттай нәтижесі жаңа және қайта жаңғыртылатын негізгі қорлар мен таза экономикалық пайда болып табылады.

Инвестициялық жобаны басқару күрделі іс, ол бюджет және уақыт шектеулері шеңберінде жобаның мақсаттары мен нәтижелеріне қол жеткізу үшін жобаның өмір сүру циклінің барлық кезеңінде материалдық және еңбек ресурстарын басқару және үйлестіру болып табылады [3].

Инвестиция алдында инвестор өзінің әрбір қадамын мұқият ойлауға және өз капиталынан айырылып қалмау үшін оған үлкен мән беруге міндетті екендігі белгілі. Бұл болашақ салымдардың активіне талдау жүргізу, қолданыстағы инвестициялық тәуекелдердің деңгейін өлшеу, идеяларды іске асыру үшін талап етілетін инвестициялық ресурстардың санын есептеу, сондай-ақ салымдарды аяқтағаннан кейін қол жеткізуге болатын оң әсердің шамасын бағалау қажет екендігін білдіреді.

Кез келген инвестициялық жобаны іске асыру қатысушылардың көп санының өзара іс-қимылын ұйымдастырудан тұрады. Бұл жоба алдында тұрған міндеттер мен мақсаттарға қол жеткізудің тәсілдері мен әдістерін құру, бұл жобаны барлық адамдарға оны табысты іске асыру үшін қажет.

Мұндай көп қырлы үдеріс алдымен бақылауды, одан кейін ең бастысы басқаруды талап етеді. Басқару нақты нәтижелер алу талап етілетін белгілі бір объектіге әсер ету әдістерін, нақты қадамдарын және тәсілдерін білдіреді.

Басқарудың негізгі функциялары:

– өндірістің технологиялық және техникалық құрауыштарын бақылау;

– тауарлық-материалдық құндылықтарды сатып алу;

– сату процесін бақылау;

– жобаның қаржылық қызметін бақылау;

– есепті жүзеге асыру (материалдық, бухгалтерлік, статистиканы жүргізу және т.б.) [2].

Инвестициялық жобаны басқару процесі табысты болуы үшін инвесторлар да, меншік иелері де қалаған нәтижелеріне ие болуы үшін басқарудың келесі негіздерін ұстанған жөн:

– инвестициялық жобаның барлық қатысушыларының мүдделерін ескеру; инвестициялық жобаның өмірлік циклінің әрбір кезеңінің ерекшеліктерін ескеру;

– іске асырудың барлық кезеңінде тәуекелдердің барлық түрлерін ескеру;

– қызметтің оң нәтижелерін қолдау, қызмет нәтижелеріне және оларға қол жеткізу тәсілдеріне терең талдау жүргізу;

– инвестициялық жобаны икемді тәсілді талап ететін біртұтас күрделі ұйымдастырылған жүйе ретінде қарастыру;

– ақша ағындарын тұрақты қаржылық үлгілеуді жүзеге асыру [4].

Барлық кәсіпорындар инвестициялық қызметпен байланысты. Кез келген фирма нарықта жұмыс істеу нәтижесінде бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін өз дамуына қаражат салу қажеттілігімен бетпе-бет келеді. Басқаша айтқанда, фирма нарықта тиімді даму үшін өзінің инвестициялық қызметінің нақты саясаты қажет. Кез келген дамушы фирмада инвестициялық процесті басқару мәселелері жетекші орындардың бірін алады. Дегенмен, инвестициялау бойынша басқару шешімдерін қабылдауды қиындататын факторлар бар:

- инвестициялық жобаларды таңдау шендерінің кеңдігі;
- инвестициялау үшін қолжетімді қаржы ресурстарының шектеулілігі;
- инвестициялау бойынша қандай да бір шешімдерді қабылдауға байланысты тәуекелдер [1].

Дамудың негізгі бағыттары бойынша инвестициялардың құрылымы кәсіпорын орналасқан кезеңдерге байланысты, осылайша жобаны іске асырудың бастапқы кезеңінде инвестициялар қандай да бір объектіні құруға бағытталады. Өнім нарықта сұранысқа ие болған кезде инвестициялар өндірісті кеңейтуге бағытталады. Негізгі қорлардың тозуының өсуіне қарай өнім сапасын сақтау үшін оларды қайта құру қажеттілігі туындайды. Дамудың негізгі бағыттары шеңберінде инвестициялық жобаның шешімдерін қабылдау үшін жауапкершілік дәрежесі әртүрлі. Егер өндірістік қуаттарды ауыстыру қажеттілігі пайда болса, онда оларды ауыстыру жөніндегі шешім өте ауыртпалықсыз өтуі мүмкін, өйткені кәсіпорын басшылығы нарықтағы өз позициясын сақтау немесе жақсарту үшін оларға қандай көлемде және қандай сипаттамалармен жаңа негізгі құралдар қажет екенін түсінеді. Егер іс-шаралар кәсіпорынның қызметін кеңейту туралы және ол үшін қажетті инвестициялар туралы болса, онда басшының алдында тұрған міндет қиындайды. Өйткені, мұндай бастаманы орындау барысында көптеген жаңа факторларды ескеру қажет: нарықтың жаңа тауарларды игеру мүмкіндігі, жаңа технологияларды пайдалану есебінен сапаны жақсарту мүмкіндігі және т.б.

Нарықтық экономика жағдайында инвестициялар үшін көптеген мүмкіндіктер туындайды. Алайда, тәжірибе көрсеткендей, кәсіпорындардың инвестициялау үшін шектеулі қаржы ресурстары болады. Сондықтан, кәсіпорындардың қызметінің тиімділігін арттыру үшін ең оңтайлы инвестициялық жобаны таңдау қажеттілігі туындайды.

Кәсіпорынның инвестициялық қызметі көптеген факторлардың белгісіздігімен байланысты тәуекел шешімдер қабылдаумен байланысты. Бүгінгі таңда тәуекелдер инвестициялық қызметтің ажырамас бөлігіне айналған. Тәжірибеде тәуекелдердің мәні мен мазмұнын айқындайтын жіктелімі бар, олардың ішіндегі ең маңыздысы: өндірістік, маркетингтік, экономикалық, инновациялық, инфляциялық тәуекелдер болып табылады.

Өндірістік тәуекел техникалық механизмдердің, машиналардың істен шығуына, материалдар мен жабдықтар сапасының төмендігіне байланысты, оларды өз мақсаты бойынша қолдануға мүмкіндік бермейтін жағдайлар туындағанда орын алады. Маркетингтік тәуекел баға мен өткізу көлемінің азаюы нәтижесінде кәсіпорынның жоспарланған дәрежеде табысқа жете алмауымен байланысты. Маркетингтік тәуекелдің ықтималдығы инвестициялық жобаны іске асыру мерзімінің ұлғаюымен өседі. Экономикалық тәуекел серіктестердің шарттық міндеттемелерді орындауымен және нарықтағы бәсекеге қабілеттілікті жоғалту ықтималдығымен байланысты. Инновациялық тәуекел жаңа технологияларды енгізу, жаңа материалдар мен бұйымдарды пайдалану бойынша қиындықтар мен олқылықтарға байланысты. Инфляциялық тәуекел күтілетін пайданың құнсыздану мүмкіндігімен байланысты, оны қандай да бір инвестициялық жобаның тиімділігін есептеу кезінде, тіпті инфляцияның өсу қарқыны өте жоғары болмаса да ескеру қажет.

Кез келген кәсіпорынның қызметі мен дамуын инвестициялық қызметсіз елестету мүмкін емес. Инвестициялық қызметті кәсіби басқару берілген мақсаттарға инвестицияға жұмсалатын ең аз шығындардан қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Инвестициялық шешімдерді қабылдау – бұл қызметті басқарудың ең күрделі функцияларының бірі, өйткені кез-келген әрекет негізгі құралдарды жаңарту немесе жаңа нарықтардың дамуын ескере отырып, тиісті инвестициялық және қаржылық инвестицияларды талап етеді және әрқашан жоғары тәуекелдерге ие болып табылады.

Инвестициялық шешімдерді қабылдаудың күрделілігі объектілердің жаңалығынан ғана емес (жаңа негізгі құралдар, технологиялар немесе басқа да жаңалықтар болсын), сондай-ақ ықтимал қаржыландыру көздерінің көп санынан да пайда болады. Кәсіпорынның инвестициялық қызметін басқару кезінде портфельдік инвестицияларды есте ұстаған жөн, өйткені олар қор нарығында тез өтімді операцияларды жүргізуге мүмкіндік береді және осы негізде әр түрлі даму бағдарламаларын іске асыру үшін қосымша қаражат тартады. Инвестициялық жобаларды басқару кәсіпорын қызметінде маңызды рөл атқарады, өйткені кәсіпорынның даму тиімділігі белгілі бір инвестициялық жобаның сәттілігіне тікелей байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Блау С. Л. Инвестиционный анализ: учебник / С. Л. Блау. М.: Дашков и Ко, 2016. — 256 с.
2. Мазур И. И. и др. Управление проектами / Учебное пособие / М. «Омега-Л», 2010. — 960 с.
3. Плотников А. Н Экономика строительства / Учебное пособие / М: АЛЬФА-М ИНФРА-М. 2012. — 347 с.
4. Трубочев Е. В. Инвестиционная стратегия / Учебное пособие / М.: МИЭМП, 2010. — 182с.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕШЕЛІК ӘРІПТЕСТІКТІ ДАМУ МӘСЕЛЕСІ

*Маханова А.Б.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, ЭЖБЖМ,
Мемлекеттік және жергілікті басқару
мамандығының I курс магистранты*

*Ғылыми жетекші: Смагулова Г.С.
э.ғ.к., доцент*

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, шектеулі мемлекеттік ресурстар жағдайында объектілерді құру, модернизациялау, қызмет көрсету және пайдалану үшін қажетті қаржылық базаны қамтамасыз етудің баламалы құралдарының бірі - мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігі болып табылады.

Жалпы алғанда, МЖӘ-нің мәні тиісті келісімдерде айқындалған тәуекелдерді, жеңілдіктер мен шығындарды, құқықтар мен міндеттемелерді теңдестіріліп бөлу негізінде мемлекеттің жауапкершілік саласына дәстүрлі түрде байланысты салалардағы мемлекет пен жеке сектордың өзара тиімді ынтымақтастығы болып табылады. Мемлекеттік-жеке меншік әріптестігі мемлекетке де, жеке секторға да тиімділік алуға мүмкіндік беретіндей ынтымақтастықтың нысаны болғандықтан, сонымен қатар шетелдік капиталдың қатысуымен құрылатын МЖМӘ елдің әлемдік экономикаға интеграциялануына және қажетті тәжірибе мен озық технологияларды тартуына мүмкіндік беретіндіктен де әріптестіктің осындай заманауи нысанын дамыту өзекті мәселеге айналып отыр [1].


Мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктерін пайдалану, мемлекет үшін де, бизнесті дамыту үшін де бірқатар артықшылықтар береді. Жеке сектор үшін жаңа инвестициялық мүмкіндіктер, сәйкесінше жаңа табыс көздері, ірі жобаларға қатысу мүмкіндігі ашылууда. МЖӘ мемлекеттің дәстүрлі жауапкершілігі салаларында, жеке сектордың ресурстық және зияткерлік әлеуетін пайдалануды көздейді. 2006 жылы «Концессиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңының қабылдануымен жеке секторға инвестициялық жобаларды іске

асыру үшін қаржылық және технологиялық ресурстарды тартуға мүмкіндік беретін құқықтық база жасалды [2].

Халықаралық тәжірибені ескере отырып заңнаманы жетілдіру мақсатында 2008, 2010 және 2012 жылдары концессиялар туралы заңдарға нысандарды концессияға беру, мемлекеттік қолдау шараларын кеңейту және концессиялық жобалардың тартымдылығын арттыру, инфрақұрылымдық облигациялар шығару бойынша міндеттемелерді алып тастауға қатысты бірқатар өзгерістер енгізілді. Дегенмен ресми мемлекеттік-жекешелік әріптестік институты кейінірек - 2015 жылғы 31 қазанда МЖӘ процесіне қатысушылар шеңберін кеңейтетін «Мемлекеттік жекешелік әріптестік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылдануымен қаланды [3]. 2017 жылы «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныс жасалған. Аталған өзгерістер мен толықтырулардың негізгі мақсаты – кәсіпкерлер үшін мемлекеттің әріптесі болу мүмкіндігін арттыруы және барынша қысқа мерзім ішінде маңызды әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру мүмкіндігін тудыру. 2017 жылы 30 қарашада қабылданған заңға сәйкес, біріншіден, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік бойынша жобаларды келісу мен сараптама мерзімдері 7 айдан 3 айға дейін қысқартылып, іске асыру үдерістері жеңілдетілді. Екіншіден, бағдарламалық МЖӘ-ні енгізу арқылы, жеке әріптесті іріктеу кезінде мемлекеттік бағдарламаларда әрбір сала үшін жеңіл, қосымша сараптамасыз тіркеуге мүмкіндік туды. Үшіншіден, мемлекеттен ұзақмерзімді тұтыну кепілдігі кемінде 3 жылдық мерзімге МЖӘ жобалары аясында берілетін болды. Төртіншіден, «Мемлекеттік әріптес» ұғымын өзгерту арқылы онымен қамтылатын субъектілер қатары кеңейді.

МЖӘ туралы заң қабылданғаннан кейін республикада басталған жобалар біртіндеп инвестициялық сатыдан (қаражат тарту, құрылыс, пайдалануға беру) тікелей қызмет көрсету сатысына: емдеу, оқыту және қызмет көрсету сатысына көшті. Бұл кезеңде жобаны іске асыруды жүйелі түрде бақылау және бағалау бұрынғыдан да маңызды - кез келген ауытқулар уақтылы анықталған жағдайда, аз шығынмен шешіледі. Бірақ алғашқы жобалардан-ақ басқару проблемалары пайда болды: ынтымақтастық мәдениетінің болмауы, мазмұнның және мерзімдердің ауытқуы. Жобаның құнына назар аудара отырып (объектінің өзіндік құнына қосымша, оның пайдалану құнын да қосады), өңірлер сапа мен қол жетімділіктен айрылады, бұл өз кезегінде сандық болуы керек. Егер жоспарлау кезеңінде тиісті өлшемдер белгіленбесе, онда жобаның сапасын бақылау мүмкін болмайды.

2019 жылдың мамыр айындағы деректер қорытындылары бойынша МЖӘ негізінде Қазақстан экономикасында сәйкесінше тиісті келісімдер жасалған 548 жоба жүзеге асырылуда. Іске асырудың әртүрлі кезеңдерінде 737 жоба бар. МЖӘ жобаларының негізгі үлесі өңірлік деңгейде - жобалардың жалпы санынан 98%.



Сурет 1. Қазақстан Республикасындағы МЖӘ аймақтық құрылымы [4]

Суреттен белгілі болып отырғандай, басталған МЖӘ жобалары (мынадай критерилер негізінде: жасалған шарттардың саны бойынша, бюджеттен төлемсіз жүзеге асырылған жобалардың саны, тартылған инвестициялардың мемлекеттік міндеттемелерге қатынасы, құзіреттілігі және инвесторларға ақпараттың ашықтығы) бойынша Қостанай және Шығыс Қазақстан облыстары көш бастап тұр. Сонымен қатар, мұндай жобалар аз мөлшерде жүзеге асырылатын және көбінесе дамудың нашар сапасы бар аймақтар бар. Жоғарыдағы мәліметтерге сүйенсек Атырау облысы бойынша МЖӘ бағытындағы жобалар аз.

Мемлекет үшін МЖӘ тиімділігі сол, ең алдымен осы механизмді тиімді пайдалана отырып мемлекет өзіне жүктелген, халық алдындағы міндеттерін, әлеуметтік функцияларын жүзеге асырады. Екіншіден, әріптестік арқылы мемлекет инфрақұрылымдық жүйелерді дамытуды жылдамдатады және жергілікті бюджетке түсетін ауыртпалықты айтарлықтай жеңілдетеді. Сонымен қатар мемлекет мемлекеттік-жекеменшік әріптестік арқылы эконономиканың әртүрлі салаларын дамытуда озық технологиялар мен тәсілдерді пайдалана отырып қоғамның әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыра алады. Үшіншіден, қазіргі уақытта жұмыссыздық мәселесін шешуде МЖӘ тиімді құрал болып тұр. Ал инвестор үшін тиімділігіне тоқталар болсақ, жеке әріптес жоба бойынша өзінің орындаған жұмысы, салған объектісі және көрсеткен қызметтік шығындары мен белгілі бір деңгейдегі пайданы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік шартының талаптарына сәйкес өтей алады және оған мемлекет кепіл береді. Сонымен қатар бизнес мемлекетпен ұзақ мерзімді, тұрақты шарт жасай отырып, өзінің келешектегі мақсаттарын жоспарлауға мүмкіндік алады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Экономика Министрлігі «саннан сапаға» қағидатын басшылыққа ала отырып, жасалатын МЖӘ жобаларының санын азайтуға ниетті. Осылайша, мемлекеттік бюджетке қарыздық жүктемені азайту жоспарлануда. Қазіргі

уақытта МЖӨ жобаларын үш санатқа бөлуге заңнамалық түзетулер дайындауда: операциялық шығындар мен жеке серіктестерге бюджеттен инвестициялардың толық өтелуі; бюджеттен шығындарды ішінара өтеу; мемлекет қаражаты есебінен өтемақының болмауы, яғни олардың қайтарымы нарық есебінен жүзеге асырылады. МЖӨ тетігі бойынша әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асырудың құқық қолдану тәжірибесін одан әрі кеңейту үшін, Қазақстанға осы саладағы заңнамалық және институционалдық базаны жетілдіру қажет.

Біздің еліміздегі МЖӨ тетіктерінің сапалы өсуі мен дамуы үшін, әрине, әлемдік тәжірибенің оңтайлы және сәтсіз жобаларын қарастырған жөн. Зерттеулер көрсеткендей, халықаралық тәжірибе панацея емес, тек бірлескен күш-жігер, сынақтар мен қателіктер арқылы біз басқа елдерге үлгі бола алатын әріптестікті дамытудың өзіндік ерекше жолын жасай аламыз.

Жалпы алғанда, Қазақстан МЖӨ саласындағы алдыңғы қатарлы әлемдік тәжірибені басшылыққа алады, олар - Оңтүстік Корея, Сингапур, Жапония және Еуропа елдері болып табылады, осылайша МЖӨ-нің қазақстандық моделі мемлекетіміз үшін де, қазақстандық қоғам үшін де, инвесторлар үшін де тиімді әрі ыңғайлы бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Смағұлова Г.С. Мемлекеттік – жеке меншік әріптестігін дамытудың теориялық және тәжірибелік мәселелері // Вестник КазНУ" (серия экономическая). - №1/2 (113) 2016. – 43-47 б.
2. «Концессиялар туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі N 167 Заңы [Электронды ресурс] // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z060000167_
3. «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 31 қазандағы № 379-V ҚРЗ [Электронды ресурс] // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000379>
4. Казахстанский центр государственно-частного партнерства // [Электронный ресурс] URL: <http://kzppp.kz/>. – с. 3.

КӘСІПОРЫНДАҒЫ ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУДЫҢ ТИІМДІ ЖҮЙЕЛЕРІ

*Мұқаев А.Н.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Экономика және бизнес жоғары мектебі,
Іскерлік әкімшілік жүргізу, 2 курс*

*Ғылыми жетекші: Курбанбаева А.А.
э.ғ.к., аға оқытушы*

Шетелдік кәсіпорындарында адам ең жоғарғы бағалылық ретінде қарастрылады. Бұл тұжырымдаманың дамуы мен таралуы менеджменттің келесідей үрдістері арасындағы өзара байланыс және өзара іс-әрекетте болатын маңызды үрдіске айналды:

- экономиканың жаһандануы;
- ескі басқару қағидаларынан (тұрақтылық, экономиялық, бақылау) жаңа «әріптестік, гуманизация, экологиялы» қағидаларына өту;
- кәсіпкерлік басқаруды тарату.

Соңғы 20-30 жылда адам ресурстарына, соның ішінде персоналға қатысты көз-қарас өзгерді. Тиімді қызмет жүргізетін ұйымдар технократты және «гуманистік» тәсілдер арасында тепе-теңдікті сақтай отырып, персоналмен жұмыс жасаудың үлкен әдіс-тәсіл, амал-құралдарды жинақтап алған. Технократті тәсіл аса танымал болғанымен, өз-өзін ақтамады. Сол себепті акцент ұзақ мерзімді интеллектуалды және еңбек әлеуетінің дамуы негіз болатын біртұтастық тәсілге аударыла басталды.

Басқарудағы адам ресурстарының деңгейінің ауысуына басты себеп болған адамдарың өндіріс барысында өзінің төменгі деңгей емес, жоғарғы деңгей қажеттіліктерін қанағаттандыруға ауысуы болып табылады.

Адамдар қазіргі таңда басқару болсын, не өндіріс үрдісі болсын оның бір қосымшасы болғылары келмейді. Гуманистік тәсіл қымбат және кей жағдайларда ыңғайсыз болуына қарамастан, ұйым қызметінің нәтижелілігін қамтамасыз етіп, оны дамуыға мүмкіндік береді.

Осы жағдайда басқарудың барлық деңгейіндегі басқарушылардың рөлі артып келеді. Басқарушы барлық ұйым қызметін өзгермелі сыртқы орта жағдайларына кәсіпорынның инновациялық шараларын бағыттауы қажет, ол оптималды түрде өз бағынушыларының білімі мен біліктілігін кадрлық саясатпен, өз басқару стилі мен ұжымдағы өзара қарым-қатынасты ұйымның ұзақ мерзімді мақсаттарымен байланыстыруы қажет.

АҚШ-та персоналды басқару мәселелері бойынша келесі бағыттарына интенсивті назар аударылуда:

- ғылыми-техникалық факторлардың ауысуы мен дайын тауарлар нарығындағы сұраныстағы кездейсоқ факторларына байланысты персоналды басқару тәсілі;
- трансұлттық корпорацияларындағы персоналды басқару бойынша жаңа бағыттар және кадрларды іріктеу, оларды дайындау, біліктілігін көтеру және еңбек ақы төлеуді жетілдіру бойынша персоналды басқару.

Мұндай тенденциялар европалық компаниялар қызметінде де көруге болады. Ғылыми-техникалық прогрестің динамикалық даму шағында, мамандар кәсіпорынның тиімді жұмысының негізгі факторы болып кадрларға деген және олардың жоғарғы автоматтандырылған технологиялар кезеңіндегі бірегей қызметіне зейіннің ұлғаюы болып отыр деген шешімге келген.

Сол себепті персоналды басқарудың келесідей тұжырымдамаларын бөліп көрсетуге олады:

- әлеуметтік инновациялар технологиялық инновациялар тәрізді маңызды;
- капитал тек технологияға ғана емес, сонымен қатар кадрларға да салынады;
- қызметкерлердің белсенділігінің координациясы өзара түсінушілік және коммуникация құралдары арқылы қамтамасыздандырылады;
- қалыптасқан мәселелердің ұжымдық шешімі қажет.

Шетел мамандарының пікірі бойынша, оқу орнында алған білімнің бастапқы 3—5 жылға ағана жеткілікті, сонан соң міндетті қайта даярлау қажет. Экономисттердің мәлімтері бойынша жұмысшылар біліктілігі әр 10 жыл сайын моральдық ескіруге ұшырап отырады (білім жүйесі техника мен технология өндірісінің дамуынан 5—10 жылға артта қалады). Тұрақты қайта даярлау қажеттілігі көптеген дамыған мемлекеттерде фирмаларда арнайы бөлімшелердің құру қажеттілігін талап етті. Бұл оқу орталықтары мен курстар, кадрлық саясат бөлімшелері, жаңа оқу жабдықтарының жасау бөлімшелері, оқытудың экономикалық тиімділігін талдау бөлімдері және т.б.

Жапонияда жұмысшыларды кәсіби дайындау жүйесі кәсіпорындардың 80%-да бар. Америка компанияларының жұмыскерлерді қайта даярлау және біліктілікті көтеруге кететін шығындары мемлекеттік дотациялардың есеп табысынан 5% дейін болып табылады. АҚШ шаруашылығында жұмыс жасап жүргендерді оқыту саны 1985-2000 жылдар аралығында 8,6-дан 13-ке өскен.

Басқарудың жапондық тәсілі қазақстандық жағдайда тиімді болар еді, себебі біздің шаруашылық менталитет европалыққа қарағанда жапондыққа жақынырақ. Біздің ойымызша бізге қазіргі таңда жапон менеджментінде қолданылатын басқару әдістеріне ішінен тікелей қажеттісін көшіру мақсатымен назар аударуымыз қажет. Міндетті түрде, отандық компанияларды тиімді басқару үшін батыс және жапондық менеджментінің ең нәтижелі жетістіктерін қолдану дұрыс болар еді. Ол келесілермен байланысты:

- Қазақтан өркениеттердің тоғысуында тұру себебінен ол батыс және шығыс басқару мәдениеттерінің ең рационалды ерекшеліктерін қабылдай алады;
- Жапония мен Қазақстан халқының жалпы санасында ұжымдық бағалықтарынан жекеге ауысу.

Басқарудың жапондық стилі белсенді түрде Жапон мемлекетінен басқа да өнеркәсібі дамыған мемлекеттерде, мысалға АҚШ және Батыс Еуропа елдерінде зерттеліп, қолданысқа енгізілуде.

Біздің ойымызша, отандық кәсіпорындардың басшыларына жапондық еңбекақы төлеу жүйесіне назар аудару қажет. Жапондық кәсіпорындарында мотивациялық ортасын құру ең бірінші еңбек ақы төлеудің ынталандырушы әдістерін енгізуден тұрады. Ал көптеген отандық компанияларында болса, еңбекке ақы төлеу мотивациялық сипат алмайды. Ол өзіне оклад, сый ақы және қызметкердің біліктілігіне, оның нақты еңбек окладына және кәсіпорын қызметінің нәтижелілігіне байланысы жоқ тиімсіз тарифті ынталандыру нысандарынан тұрады. Отандық кәсіпорындарға ұйым қызметкерлеріне мотивациялық әсері болатын жапондық еңбекке ақы төлеудің ең тиімді тәсілдерін алу дұрыс болар еді. Осындай әдістерге «жүзбелі» окладтар, экспертті бағалау негізінде қызметкердің табысын бөлу әдістерін қарастыруға болады.

Бірақ жапондық үлгіде біршама кемшіліктер де орын алады, ол қазіргі заманғы экономикалық және психологиялық жағдайларға жауап бермейді. Өмірлік жалдау жүйесі фирмаға да, жұмыскерлерге де тиімсіз болып табылады. Өмірлік жалдау жүйесінің негізі болатын жасына байланысты ақы төлеу тек компания қызметін үлкейту жағдайында ғана тиімді болады, бірақ даму мүмкіндіктері жоқ кәсіпорын үшін ауыр жүк болып табылады. Қызметкерлер тарапынан:

- фирма біліктілігі жоғарылау қызметкерлерге тез қызмет бойынша жоғарылауды қамтамасыз ете алмайды;
- қызметкерлерге жұмыс уыстыру қиын;
- талантты жұмыскерлерге сай еңбекақы төленбейді;

Басшылар және көптеген капиталистік елдердің фирмалардың мамандарының пікірінше, автоматтандыру, кәсіпорындардың қызметшілерінде алаңдау тудырады, себебі өндірісті ұйымдастыруда өзімен өзгерістерді тудыруы мүмкін.

Американдық корпорацияларында 70-жылдарында бірлестіктерде тұрақты қызмет саны мен аралық және бос еместердің жалпы санмен 1:100 арақатынасы құралып шықты, бірақ соңғы он жылдыққа тұрақты қызмет сапалы құрамы өзгерді. Ірі корпорацияларды мамандардың 30% магистрлық дипломдары бар, ол дайындықтың жоғары дәрежесін куәландырады. Кәсіби тұрғыда психологтер, педогогикалық ЖОО, бизнес мектептерінің бітірушілері басым болады. Соңғы кезеңнен ең маңызды жаңа енгізулердің ішінен:

- «адам ресурстарына» шығындардың өзгеруі және оардың тиімділігі;
- кадрлық қызметті компьютеризациялау;
- басшылардың және мамандардың нәтижелерінің бағалау негізінде ақы төлеу түрлерінің дамуы;
- үйлесімді басқарудың ұйымдық құрылымдарының іздеуі;
- резервпен жұмыс әдістерінің

Американдық корпорацияларындағы кадрлармен жұмыста қолданылатын негізгі рычагтарға және ең бастысы басқару қызметкерлеріне:

- басқаратын лауазымдарға кандидаттардың мұқият сұрыптау;
- қызметшілерді жүйелі бағалау;
- толассыз оқу, кәсіпшілік дайындау және тренинг;
- мамандандырылған фирмалардың және кәсіпшілік қоғамдардың, және кооперация фирмааралық даму және т.б.жатады.

Басшылардың нақты өз бағыныштылардың потенциалын қолдануы және табу бойынша жауаптылық күшейтуі қажет.

АҚШ-та кадрлық қызмет тұрақты дамыған, кеңестік көмек, дамыған басқарушылық инфрақұрылымды зерттеу базасына сүйенеді. Ереже сияқты, кадрлық жұмыс стратегиясы, персоналды басқару жүйесін құру американдық корпорацияның басшылығымен ғана жүзеге асырылады. Кадрлық функция америкалықтарды фирмаларында ең орталықтандырылғандар болып табылады, оның орталықтандыруы дәрежесі тек қана қаражаттық және заңға сүйінген айналыс функцияларына жол береді. Кадрлық менеджмент экономикалық және әлеуметтік өзгертулердің артынша өткен даму сатысы келтірілген және модельдер қарастырылған. Бұл модельдер шетелдерде өте жақсы таралған.

Жоғарыда қарастырылған мәліметтерді талдай отырып, батыс және жапондық басқаруда индивидуалдылық пен ұжымдық басқару – басқаруға бағыттылықпен ерекшеленеді. Сол себепті қазіргі таңда отандық компанияларға жапондық модельдің ұжымдық және бағалылық бағыттылық, фирмаға қатыстық сезімі ретінде компаниямен бірегейлік, адами әлеуетті толық пайдалану, қызметкерлерді шешім қабылдау үрдісіне қатыстыру сияқты ерекшелітері мен батыстың персоналды басқарудағы индивидуалды – кәсіпкерлік мотивациялау болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Травин В.В. Основы кадрового менеджмента/Учебник.- М.-Дашков и К.-2010.-234 с.
- 2 Бердалиев К.Б. Қазақстан экономикасының басқару негіздері/Оқу құралы. – Алматы. –Экономика.-2002.-302 б.
- 3 Пронников В.А., Ладанов И.Д. Управление персоналом/Учебное пособие.-СПб.-Питер.-2012.-301 с.
- 4 Шамхалов Ф.И. Американский менеджмент: Теория и практика/Учебное пособие.-М.-Юнити Дана.-2010.-210- с.
- 5 Базаров Т.Ю., Еремин Б.Л. Управление персоналом.-М.-Флинта.-2005.-235 с.
- 6 Управление организаций. Учебник/под.ред.А.Г Поршиева 2000

**THE DEVELOPMENT OF THE GLOBAL ECONOMY THROUGH THE
INDUSTRY 4.0**

*Mukhametbekova S. M.
Al-Farabi Kazakh National University
High school of Economics and Business
«Project management», 2nd year master student*

*Scientific adviser: Nurseitova G.B.
Candidate of Economic Sciences, senior lecturer*

The world economy is making a transition to a new technological revolution, which will radically change the usual ways of life. In terms of scale, scope and complexity, technological transformation is predicted to be the most powerful, unlike those that humankind has faced before. In 2011, a landmark event occurred for Western industry, which could potentially, if not generate, a strong new sociological theory, then at least give a new impetus to the study of social transformations caused by the development of technologies. This is the Hannover Fair, the world's largest industrial exhibition, for which the term Industry 4.0 was coined in 2011. Today it is used to refer to the fourth industrial revolution.

The concept of the fourth industrial revolution (Industry 4.0) was first formulated as the introduction of cyber-physical systems into factory processes (Hannover, 2011). It is assumed that these systems will unite into one network, will communicate with each other in real time, self-tune and learn new patterns of behavior. Such networks will be able to build production with fewer errors, interact with manufactured goods and, if necessary, adapt to new consumer needs. Managing large amounts of data, using digital technologies to connect the entire value chain, adopting a digitization strategy for manufacturing and logistics, developing cyber-physical systems to collect

large amounts of data, communicating with each other through the use of the Internet of Things are the most important characteristic of this revolution.

The concept "Industry 4.0" was formulated in 2011 by Klaus Schwab, President of the World Economic Forum. The essence of Industry 4.0 is to automate absolutely all processes and stages of production: digital product design, creating a virtual copy of it, remotely setting up equipment, automatically ordering the necessary components in the right quantity, controlling their delivery, monitoring the finished product path from warehouse to store and final customer [1].

The term "Industry 4.0" is used as a synonym for the fourth industrial revolution, as a result of which a significant part of the production will take place without human participation. The role of a person in Industry 4.0 is reduced to the development of algorithms and machine learning by programming. The first steps of the world to the new industrial revolution were cloud technologies, robotic systems, the development of methods for collecting and analyzing big data (Big data), biotechnology, unmanned vehicles, additive 3D printing technology, Bitcoin cryptocurrency and Blockchain technology [2].

Industry 4.0, the German strategic initiative, aims to create intelligent factories where manufacturing technologies are updated and transformed by cyber-physical systems (CPS), the Internet of things (IoT) and cloud computing.

German industrialists formulated the concept of Industry 4.0 and presented it to the government.

It is based on four principles:

- interoperability of a person and a machine that provides the ability to contact directly via the Internet;
- transparency of information and the ability of systems to create a virtual copy of the physical world;
- technical assistance to machines for man to combine large amounts of data and perform a number of unsafe tasks for humans;
- the ability of systems to make decisions independently and autonomously [3].

The fourth industrial revolution goes beyond the "digital", which began in the middle of the last century. It is characterized by the merging of technologies and erasing the boundaries between the physical, digital and biological fields.

In contrast to the previous scientific and technological revolution, the fourth affects the work of almost every industry. The breadth and depth of technological change give us the opportunity to talk about the transformation of the entire production system, management and management decision-making process.

For example, Google's technical director and renowned futurologist Raymond Kurzweil gives a prediction of the coming changes:

- 2020 - Computers reach power comparable to the human brain;
- 2028 - Solar energy will satisfy all the energy needs of mankind;
- 2030 - The heyday of nanotechnology in industry, cheaper production of all products;
- 2031 - 3D printers for printing human organs will be used in all hospitals;
- 2044 - Non-biological intelligence will become a billion times more intelligent than biological intelligence [4].

The advanced digital trends of Industry 4.0 imply the use of new methods for organizing innovative processes. It is not by chance that such world powers as the USA and the EU allocate large funds for the implementation of the Industry 4.0 concept, especially for the development of the IT industry and the training of IT personnel. They see Industry 4.0 as an industrial revolution mainly in terms of increasing productivity and applying energy-saving technologies (green IT). This will lead to the formation of a new competitive environment and to fundamental changes in traditional sectors of the economy.

Digitalization, including digital industrialization, has been actively promoted over the past decade in the United States, in the countries of the European Union, where the strategies “Europe 2020” (2010), “Industry 4.0” (Germany, 2011) are approved, in China - the programs “Made in China - 2025” and “Internet Plus” (2015) and in other countries.

The concept of “Industrie-4.0” was first publicly used at the industrial exhibition in Hannover in 2011. This is one of 10 “Projects of the Future” defined by the Government of Germany in the framework of the “High-Tech Strategy 2020”. The Federal Ministry of Economics and Energy of Germany created the Industry-4.0 working group — the Smart Services group (the “Smart Services”), which has been active since 2012. In 2014, the Federal Ministries of Economy and Energy, Interior, Transport and Information Technologies of Germany issued the Digital Agenda from 2014 to 2017. The implementation of the Industry 4.0 support program - Smart Service Wet II - The world of "smart services II" was announced in 2017 [5].

In other countries, there are also real positive achievements towards the implementation of the Industry 4.0 program. For example, in the United States, in 2014, a consortium of the industrial Internet was formed, promoting the Internet of Things in a practical direction. Recently, American enterprises are planning to channel more funds to develop revolutionary business models, introducing digitalization projects for their goods and services.

China using the industrial Internet (in particular, the concepts “Made in China - 2025” and “Internet plus” is going to speed up the process of integrating IT and the manufacturing sector several times. China can get the most out of automating and digitizing production processes [6]. In China, the “Made in China 2025” program also represents an attempt to introduce IIoT technologies as part of the production value creation goal: achieving the position of a leading industrial country all over the world. In South Korea, there is a need to introduce new technologies for industrial development, among other further programs worldwide.

According to the plans of the countries-developers and countries participating in the Industry-4.0 program, this will allow them not only to fit into the future technological leap expected in 2025-2030, but also to receive economic benefits.

The new industrial revolution led to the further development of the global technology market. An obvious consequence is the growth of markets and sales volumes of all supporting technologies, which proves the dynamic development of Industry 4.0. Using the technological capabilities of the concept Industry 4.0 determines the competitiveness of countries in the global economy. In this regard, the competitiveness and attractiveness of a country depends on its industrial level: in order to keep up with large international companies, it is necessary to implement specific initiatives on digital integration and support industrial automation.

References:

1. Bartodziej, C.J. (2017). *The Concept Industry 4.0: An Empirical Analysis of Technologies and Applications in Production Logistics*, Springer Gabler, Wiesbaden, Germany.
2. Krzysztof W. Internet of Things, Big Data, Industry 4.0 – Innovative Solutions in Logistics and Supply Chains Management. *Procedia Engineering*, 2017, pp. 763-769. www.elsevier.com URL: <https://doi.org/10.1016/j.proeng.2017.03.197>
3. Tjahjonoa B, Espluguesb C. What does Industry 4.0 mean to Supply Chain? *Procedia Manufacturing*, 11, 2017, pp. 1175-1182. www.elsevier.com URL: <https://doi.org/10.1016/j.promfg.2017.09.191>
4. Kurzweil R. The future of the world: a forecast up to the year 2099. [Site]. May 13, 2016. URL: <http://earth-chronicles.com/science/the-future-of-the-world-a-forecast-up-to-the-year-2099.html>
5. Plattform «Industrie-4.0» – Startseite. URL : <http://www.plattform-i40.de/2017-09>
6. Ling Li 2017 China's manufacturing locus in 2025: With a comparison of “Made-in-China 2025” and “Industry 4.0”. *Technological Forecasting and Social Change* Volume 135, October 2018, Pages 66-74 www.elsevier.com URL: <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S0040162517307254>

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ НЕГІЗІНДЕ ЖОБА НӘТИЖЕЛЕРІНІҢ КӨРСЕТКІШТЕРІН АЙҚЫНДАУ

*Мұханбетжан А.Т.
Әл – Фараби атындағы ҚазҰУ
Жобаларды басқару 2 курс магистраты*

*Ғылыми жетекші: Нұрсейтова Г.Б.
э.ғ.к., аға оқытушы*

Кез келген ұйым қандай да бір ортада жұмыс істейді. Барлық ұйымдардың әрбір әрекеті ортаға тәуелді. Орта оны жүзеге асыруға жол берген жағдайда ғана жүзеге асады. Ішкі орта оның өмірлік күшінің көзі болып табылады. Ішкі орта ұйымның жұмыс істеуі үшін қажетті әлеует жасайды немесе керісінше ішкі орта мәселердің туындауына алып келу мүмкін. Сыртқы орта оның ішкі әлеуетін тиісті деңгейде қолдау үшін қажетті ресурстарды ұйымдастыруды қоректендіретін көз болып табылады. Ұйым сыртқы ортамен тұрақты алмасу жағдайында болады, сол арқылы қызметтің бағыттарын дамыту мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Ұйым өзінің ішкі және сыртқы ортасы туралы деректерді жинақтау үшін, жобалақ бағдарланған ұйымдарда өзекті болып табылатын ақпаратты жинаудың құралдарының бірі стратегиялық талдау жүргізіледі.

Алайда, жобаларды басқаруда стратегиялық талдауды қолдану кең тараған жоқ, бірақ кез келген ұйым сияқты жоба да экономикалық, саяси, әлеуметтік, технологиялық, нормативтік, мәдени және өзге де факторларды ескеретін ішкі және сыртқы компоненттерді қамтитын белгілі бір ортада жұмыс істейді.

Кез келген жобаның басты элементі – оның миссиясы. Бұл жобаның басты мақсаты, оның өмір сүруінің нақты көрсетілген себебі, ол жобаның мәртебесін нақтылайды, келесі деңгейлердің мақсаттарын, сондай-ақ түрлі ұйымдық деңгейлердегі стратегияларды анықтаудың бағытын қамтамасыз етеді.

Жобаның стратегиясы - миссия мен жоба нәтижелерінің мақсаттарына жету үшін бағыттар мен іс- қимылдарды әзірлеудегі орталық буын. Жоба стратегиясын дайындауды шартты түрде жүйелі үш кезеңге бөлуге болады:

- Стратегиялық талдау;
- стратегияны әзірлеу және таңдау;
- стратегияны іске асыру

Жоғарыдан көріп отырғанымыздай, Стратегиялық талдау жоба стратегиясын дайындаудың бастапқы кезеңі мен ақпараттық негізі болып табылады.

Стратегиялық талдау маңызды нәтижелерге қол жеткізуге көмектеседі. Ол ұйымдарға мүмкіндіктерді болжау, күтпеген жағдайларға жоспар жасау, ықтимал қауіп-қатерлердің алдын алу жүйесін әзірлеу және бұрынғы тәжірбиені пайдалын стратегияларды әзірлеу үшін уақыт бойынша мүмкіндік береді.

Жобаны басқаруда стратегиялық талдау жүргізу қажеттілігін бағалау үшін жобаны жүзеге асыру күрделілігіне тікелей әсер ететін жоба ортасының сипаттамасын қарастырайық.

Біріншіден, бұл оның факторларының өзара байланысы . Ол дегеніміз бір фактордың өзгеруі басқа факторларға әсер ететін күш деңгейі.

Екіншіден, ортаның күрделілігі. Бұл ұйым жауап беруге міндетті факторлардың саны

Үшіншіден, ортаның қозғалуы. Ол дегеніміз жобаның ортасында өзгерістер болатын жылдамдық.

Төртіншіден, ортаның белгісіздігі.

Жоба ортасының осы сипаттамаларының барлығы онда болып жатқан өзгерістердің жоғары серпіні мен нұсқалық сипатын көрсетеді, бұл менеджерлерге ықтимал қауіптердің сипаты мен күшін алдын ала белгілеу үшін жобаның қалыптасқан ортасын барынша дәл

болжау, бағалау және талдау міндеттерін қояды. Бұл таңдалған стратегияны әзірлеуге және жағдайды түзетуге мүмкіндік береді.


Қазіргі жағдайда болжанатын өзгерістерге алдын ала ден қоюды жүзеге асыру қажеттілігі маңызды болып саналады, себебі тек ортаға бейімделуге ғана емес, сонымен қатар ұйымда бар резервтерді, сондай-ақ болып жатқан өзгерістердің салдарынан туындайтын мүмкіндіктерді барынша тиімді пайдалануға да болады. Бүлі одан әрі даму үшін алғышарттар жасайды.

Мұндай басқару жоба ішінде де, сыртында да қандай да бір өзгерістерді "әлсіз сигналдарды ерте анықтауды» және оларға жылдам әрекет ету көздейді. Бұл ретте жобасыртқы ортасында болып жатқан кез келген оқиғалар мен құбылыстарға тұрақты бақылау (мониторинг) жолға қойылуы тиіс.

Стратегиялық талдау жүргізу ұйымның миссиясын орындауға және жобаны іске асыруға мүмкіндік беретін мінез-құлық стратегиясын әзірлеу үшін де жобаның миссиясы мен мақсатын айқындау үшін базаны қамтамасыз етеді. Ол ұйым үшін ықтимал қатерлерді анықтау үшін жобаға қатысты сыртқы факторларды бақылайтын процесс болып табылады.

Жоғарыдағы теориялық талдауға сүйене отырып жоба нәтижесін талдауда жобаларды басқару және оның ағымдағы ұйымдық стратегияны талдаумен және оның негізгі элементтерімен өзара байланысы саласындағы тұжырымдамалық схеманы ұсынуға болады, онда жобаларды басқарудағы стратегиялық талдау орны айқындалады.

Төмендегі суретте көрсетілгендей жобаны бастапқы сатысында оның миссиясы анықталады, содан кейін бастапқы стратегиялық талдау жүргізіледі, оның нәтижелері бойынша жобаның мақсаты мен міндеттерін, сондай-ақ оларға қол жеткізу критерийлерін айқындайды. Жобаның келесі сатысында жоба іске асырылатын шаралар анықталады және оларды белгілі бір ретпен қабылдау басталады. Мониторинг және бақылау сатысында қайта стратегиялық талдау жүргізіледі, ол жобаның аралық нәтижелерін мақсаттарға қол жеткізу критерийлерімен салыстыруға және қабылданатын шараларға түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.



Сурет 1. Стратегиялық талдауды жоба нәтижесі көрсеткіштері жүйесінде қолдану схемасы

Жобаның нәтижелері жүйелендіруді талап етеді, ол бір жағынан, жобаның барысы бойынша жұмыстарды бағалауға және оларға неғұрлым дәл түзетулер енгізуге және екінші жағынан, жоба аяқталғаннан кейін оның нәтижелері бойынша толыққанды құрылымдалған кері байланыс алуға мүмкіндік береді.

Бұл тұжырымдамада жоба нәтижелерінің көрсеткіштер жүйесі бақылау және жобаны аяқтау сатысында орын алады. Бақылау кезеңінде жүйе жобаның аралық нәтижелерін неғұрлым терең талдауға мүмкіндік береді, бұл басшылыққа жобаның барысы және туындаған проблемалар туралы ыңғайлы нысанда жедел ақпарат алуға, оның неғұрлым дәл және жедел түзетулер енгізуге мүмкіндік береді және соның салдарынан жобаның ағымдағы басқарылуы арттырады. Аяқтау кезеңінде жоба нәтижелерін жүйелендіру жоба бойынша әмбебап есеп алуға мүмкіндік береді, оны жеке қарастыруға, сондай-ақ ұйым іске асыратын басқа жобалармен салыстыруға мүмкіндік береді.

Пайдалынылған әдебиеттер:

1. Пленкина, Вера Владимировна. Стратегический менеджмент [Электронный ресурс] : учебное пособие по направлению "Менеджмент" / В. В. Пленкина, Г. А. Чистякова, О. В. Ленкова ; ТюмГНГУ. - Электрон. текстовые дан. - Тюмень : ТюмГНГУ, 2010
2. Аакер Д. Бизнес-стратегия. От изучения рыночной среды до выработки беспроектных решений. М.: Эксмо, 2007.
3. Аакер Д. Стратегическое рыночное управление. СПб.: Питер, 2011.
4. Дитхелм Г. Управление проектами: в 2 т. Т. I / пер. с нем. СПб.: Изд. Дом «Бизнес-пресса», 2004.
5. Doyel Peter. Value-Based Marketing: Marketing Strategies for Corporate Growth and Shareholder Value. John Wiley and Sons. Ltd, 2008.
6. Богданов В. Управление проектами. Корпоративная система – шаг за шагом. – М.: Манн, Иванов и Фербер, 2012. – 248 с.

НОВЫЕ РЕШЕНИЯ ДЛЯ РАВНЫХ ВОЗМОЖНОСТЕЙ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

*Мышбаева З.Т
КазНУ имени аль-Фараби, ВШЭиБ,
Государственное местное управление, докторант 1^{го} курса*

*Научный руководитель: Сокира Т.С
к.э.н., доцент*

В данной статье рассматриваются и анализируются современное состояние инвалидизации в Казахстане. Проводится анализ новых решений правительства Республики Казахстан, рассматриваются результаты применения новых технологий и их влияние на занятость лиц с ограниченными возможностями. Важное место отводится аналитической оценке развития цифрового пространства для развития занятости инвалидов.

Ключевые слова: люди с ограниченными возможностями, цифровые технологии, занятость, барьеры, трудоустройства

В стратегии «Казахстан – 2050» отмечается, что Казахстан должен стать безбарьерной зоной для граждан с инвалидностью. Определяется необходимость вовлечения лиц с ограниченными возможностями в активную жизнь. Отмечается, что люди с особыми потребностями не только должны получать пособия, важно, чтобы они осознавали себя членами общества, полезными работниками [1]. Казахстан в этом направлении ведет целенаправленную политику. Так в 2015 году Республика Казахстан ратифицировала Конвенцию о правах инвалидов, принципами которой является уважение достоинства и прав граждан с инвалидностью, а также их полное включение в жизнь общества.

Действительно, для эффективного экономического роста на современном этапе развития экономики, необходимо расширять доступ людей в целом, и в том числе с ограниченными возможностями к образованию и трудоустройству, так как их человеческий капитал служит источником будущего экономического роста страны. Важно превратить данную категорию граждан в полноправных участников социальной и экономической жизни – в полноценных налогоплательщиков. В связи с этим занятость для людей с инвалидностью является не только трудовой деятельностью для улучшения материальных благ, но и возможность интеграции в общество. Между тем, к сожалению, инвалиды по-прежнему сталкиваются с многочисленными барьерами на пути их полного включения и участия в жизнь социума. Основные барьеры связаны с финансовыми факторами, отношениями к ним в обществе, проблемами со здоровьем и безработицей. В настоящее время количество инвалидов в Казахстане достигло 690 тыс. и это число продолжает расти.

Интерес представляет статистика о численности в Казахстане лиц имеющих инвалидность в разрезе город/село (Рисунок 1), так как условия жизни, плотность, численность населения и экологическая среда в каждом из регионов страны имеют свои особенности.

Большое количество инвалидов живут в Туркестанской области, на втором месте Алматинская и Карагандинская область, следом продолжают г. Алматы и Жамбылская область. В Западно-Казахстанской и Атырауской областях наблюдается меньшее количество лиц с ограниченными возможностями.




Рисунок 1. Численность лиц имеющих инвалидность в разрезе город/село
Составлено автором по данным [3]

В Республике для обеспечения прав и улучшению качество жизни лиц с инвалидностью осуществлен трех-этапный национальный план, по результатам которого были проделаны огромные работы и проведены мероприятия по 24 пунктам заинтересованными и местными исполнительными органами. Первый этап был проведен в 2012-2013 годы, второй этап в 2014-2015 годы, третий этап в 2016-2018 годы.

В настоящее время разрабатывается национальный план до 2025 года. До этого разделы национального плана включили совершенствование национального законодательства и мониторинг их реализации, доступность объектов социальной и транспортной инфраструк-

туры, профилактику и предупреждение инвалидности, развитие инклюзивного образования, улучшение условий для предоставления специальных, социальных услуг, обеспечение занятости инвалидов, участие в культурной и спортивной жизни, проведение досуга и отдыха, формирование позитивного отношения социума к инвалидам.

Благодаря государственной политике в Республике преусмотрены квоты рабочих мест для трудоустройства в размере от двух до четырех процентов от численности рабочих мест. В результате по квоте в 2018 году трудоустроились 4 891 лиц, вне квоты – трудоустроились 9,1 тыс. лиц с инвалидностью. Согласно государственной Программе субсидии предоставляются работодателям при соблюдении ими определенных условий. По государственной Программе развития продуктивной занятости массового предпринимательства «Енбек» трудоустроено 16,6 тысяч человек и 215 человек получили микро кредит, из них 66 человек открыли собственное дело.

На рисунке 2 нами определяется доля занятости лиц с инвалидностью от общего числа трудоспособного возраста по группам инвалидности в Республике Казахстан.




Рисунок 2. Доля занятости лиц с инвалидностью от общего числа трудоспособного возраста по группам

Составлено автором по данным [3]

По данным рисунка 2 можно сделать вывод, что в Казахстане активная занятость наблюдается у лиц с инвалидностью 3 группы, что в общем соответствует мировым тенденциям. Вместе с тем, возможностей привлечения к труду в других группах становится все больше, благодаря внедрению новых технологий. Жителей нашей страны все больше радует масштабное воздействие новых технологий на занятость. Технологии помогают людям с нарушением слуха общаться с помощью текстовых сообщений в режиме реального времени. Технология Total Conversation объединяет голос, текст и видео, чтобы граждане с нарушением слуха могли полноценно участвовать в телефонных разговорах. Инвалидные коляски, протезы, вспомогательные средства передвижения, слуховые аппараты, приспособления для исправления зрения и программное обеспечение содействуют инвалидам улучшению мобильности, слуха, зрения и возможности для общения. Сегодня используются специализированные, вспомогательные, адаптивные технологии, но, по-прежнему, проблема заключается в их доступности и цене.

В последнее время в жизнь инвалидов активно стали входить цифровые технологии. Цифровизация социально-трудовой сферы в Казахстане началась в 2018 году. В рамках данного глобального замысла реализуются такие крупные проекты, как «Электронная биржа труда», «Единая система учета электронных трудовых договоров», «Социальная карта семьи» и другие. Цифровизация не только облегчает жизнь граждан, в том числе людей с

ограниченными возможностями, что важнее всего, но она также делает процессы прозрачными, косвенно позволяет экономить личные средства граждан, а также бюджетные средства страны. В 2019 году экономический эффект от внедрения цифровизации в Казахстане составил 2,154 млрд тенге. [3]

Используя новые и информационно-коммуникационные технологии инвалиды развивают самоопределение и приобретают смысл для активной жизни в обществе. В современном Казахстане с помощью целенаправленной политики государства, внедрения цифровых технологий людям с инвалидностью во многом помогают преодолеть многие традиционные барьеры, но нерешенных проблем, непонимания в обществе, все-таки остается достаточно много. Принятая новая национальная программа призвана их решить.

Список использованных источников:

1. Стратегия 2050. https://www.akorda.kz/ru/official_documents/strategies_and_programs
2. Сайт информационного портала социальной защиты лиц с инвалидностью. - <https://inva.gov.kz/ru/national-plan>
3. Более 3 млрд тенге позволила сэкономить цифровизация социально-трудовой сферы. - <https://strategy2050.kz/ru/news/51190/>

КӘСІПОРЫНДАРДАҒЫ ӨНІМ САПАСЫН БАСҚАРУ

*Наурызбаева А.Б.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, “ЭжБЖМ”
“Менеджмент” мамандығының
I-курс магистранты*

*Ғылыми жетекші: Джулаева А.М.
э.ғ.к., доцент*

Қазіргі нарықтық экономика өнім сапасын басқару жүйесіне жаңа талаптар қояды. Осыған орай, кез келген фирманың тұрақтылығы, оның нарықтағы жағдайы бәсекеге қабілеттілік деңгейімен анықталады. Өз кезегінде, өнімнің бәсекеге қабілеттілігі ондаған факторлардың әсерімен байланысты, олардың ішінде өнім сапасы бірінші орынға ие.

Өнімнің сапа мәселесіне келесі ғалымдар назар аударды: А. А. Голиков, У. Э. Деминг, Д. Котон, Г. Г. Азгальдов, С. Д. Ильенкова, С. Т. Лapidус, М. Х. Мексон, М. Торстен, Д. Х. Харингтон. Олар өнімнің сапасы бір тауарды екіншісінен ажыратуға мүмкіндік беретін қасиеттердің жиынтығы екенін анықтады. Кәсіпорындардағы қазіргі заманның басты мәселелерінің бірі өнім сапасын бақылау және оны жетілдіру дәрежесі болып табылады. Осы проблеманы табысты шешу үшін бәсекеге қабілетті және сапалы өнім өндіруді қамтамасыз етуге, өндірістік процестің барлық кезеңдерінде сапаны бақылауды орнатуға мүмкіндік беретін сапа менеджментінің оңтайлы жүйесін құру қажет.

Кәсіпорын қызметінің басты көрсеткіші өнім сапасы болып табылады. Оны арттыру және жетілдіру нарықтың қалыптасқан жағдайында кәсіпорынның ұстанымын, ғылыми-техникалық дамуын, өндірістің тиімділігін айқындайды, бұл әлемнің озық компаниялары қызметінің негізгі ерекшелігі болып табылады.

Сапаны бақылау жүйесі

Тиімді бақылау тауардың сапасына әсер етеді, сонымен қатар барлық ақауларды алдын алуға, оларды кәсіпорын үшін аз шығынмен анықтауға және жоюға мүмкіндік береді.

Сапаны бақылау жүйесін жүргізу үшін келесі көрсетілген кезеңдерді жүзеге асыру қажет [4, 102 б.]:

1. Бақылау тұжырымдамасын анықтау: бұл жалпыға бірдей басқару жүйесі немесе жеке тексеру түрлері болуы мүмкін;

2.Сапаны басқару процесінің қажеттілігі, дәлдігі, жүйелілігі, тиімділігі туралы шешімнен тұратын бақылау міндеттерін бекіту;

3.Сапаны бақылау объектілері мен субъектілерін зерделеу, сапаны бақылау жүйесінің әдістерін, құралдары мен көлемін анықтау және тексеріс мерзімін белгілеу;

4.Өнімнің сапа деңгейінің жоспарлы және нақты көрсеткіштерін анықтау;

5.Жоспарлы деректерден ауытқуларды іздеу және ауытқу себептерін анықтау;

6.Ауытқулар мен себептерді талдау, өкілеттіктерді бөлу және кемшіліктерді жоюға бағытталған әрекеттерді анықтау.

Жоғары сапаны қамтамасыз ету- идеяның пайда болуынан бастап өнімді дайындауға дейінгі қызметтің барлық фазаларын тиімді басқаруды көздейді.

Сапаны бақылау жүйесінің тиімділігі үшін техникалық бақылау қызметін жетілдіру қажет, бұл алынған зерттеулер мен кәсіпорынның тәжірибесіне, ақауды алдын алуға, өндірістік процестің теңгерімділігіне, жоспарланған көрсеткіштердің ауытқуына негізделген сапаны бақылаудың нақты жоспарларын әзірлеу үшін жағдай жасайды.

Техникалық бақылау процедурасын жеңілдетуге мүмкіндік беретін келесі белгілерді атап көрсетуге болады [4, 115 б.]:

- өнім өндіру үшін шикізат пен материалдарды алу кезінде жүзеге асырылатын кіріс бақылауы;

- өнім сапасының нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестігін бақылау үшін қажетті ағымдағы бақылау;

- бір технологиялық операцияны орындау кезінде немесе аяқтағаннан кейін жүргізілетін өнімді операциялық бақылау;

- өнімнің жарамдылығы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік беретін қабылдау бақылауы;

- арнайы уәкілетті тұлғалар жүзеге асыратын инспекциялық бақылау.

ISO 9000 сериялы халықаралық стандарттар

Бәсекеге қабілетті жетекші фирмалардың тәжірибесі нарықты егжей-тегжейлі зерттеу және талдау арқылы ғана тұтынушылардың талаптары мен қалауына сәйкес келетін сапалы өнім дайындалуы мүмкін екенін белгіледі. Табысты компаниялар қолданатын ISO 9000 сериялы халықаралық стандарттар базасында сапаны басқару жүйесі тиімді әдіс болып табылады. Бұл стандарт халықаралық нарыққа шығуды мақсат қылған фирмалар үшін маңызды рөл атқарады .

Техникалық комитет ISO 9000 сериялы стандарттарын өнім сапасы жүйесін құру, енгізу және пайдалану саласындағы жетекші кәсіпорындардың жинақталған тәжірибесін талдау негізінде енгізді. Олар сапа менеджментіне арналған ұсыныстарды және жоғары сапаны қамтамасыз етуге, сапа жүйелерінің элементтерін жасауға байланысты жалпы талаптарды ұсынады [2, 78 б.].

Ерекшеленген қасиеттерге сәйкес өнім сапасының көрсеткіштерін 10 топқа бөліп қарастыруға болады:

1.Тағайындау көрсеткіштері - өнімнің пайдалы қасиеттерін, оның негізгі міндеттерін, жарамдылығы мен қолдану мақсаттарын анықтау.

2.Сенімділік көрсеткіштері - өнімнің қызмет ету мерзімін анықтау, барлық параметрлерді уақыт бойынша сақтау, ұзақ мерзімді пайдалану, тиісті функцияларды орындау және жөндеу жұмыстарын жүргізу мүмкіндігі.

3.Эргономикалық көрсеткіштер - өнімді қолдануға ыңғайлы болу үшін өнім құрылымының адам ағзасының сипаттамаларына сәйкестігін көрсетеді.

4.Эстетикалық көрсеткіштер - өнімнің тұтастығын, ақпараттық экспрессивтілігін, форманың ұтымдылығын сипаттайтын белгілер.

5.Технологиялық көрсеткіштер - кәсіпорынның шығындары аз болған кезде өнімді пайдалануға және жөндеуге бейімделу дәрежесін анықтайды. Бұл топқа өнімнің өзіндік құны, еңбек сыйымдылығы, капитал сыйымдылығы және өнімнің материалдық шығын көрсеткіштері енеді;

6.Стандарттау және біріздендіру - өнімдердің стандарттармен қанықтылығын, басқа ұқсас өнімдермен сәйкестік деңгейін көрсетеді;

7.Патенттік-құқықтық көрсеткіштер - техникалық шешімдерді жаңарту, өнімдерді патенттермен қорғау, кейіннен елде және шетелде кедергісіз сату;

8.Экологиялық - өнімді өндіру, пайдалану және жою кезінде қоршаған ортаға зиянды әсер ету дәрежесін сипаттайтын көрсеткіштер;

9.Қауіпсіздік - бұл өнімнің пайдаланылуы кезіндегі жол берілмейтін қауіптің болмауын айқындайтын көрсеткіш.

10.Экономикалық көрсеткіштерге өзіндік құнға және, демек, дайын өнімнің бағасына кіретін, өнімді әзірлеуге, өндіруге және өткізуге байланысты шығындар кіреді.

Жоғары сапалы өнімді қамтамасыз ету факторларына ең жақсы құрылым, ең жақсы байланыс құралдары, стандарттау, технология мен жабдықты жетілдіру, ең жақсы шикізат, ең жаңа технологиялар мен бақылауды ұйымдастыру, экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық, сол өнімдердің тұрақты өндірісі жатады [1,56 б.].

Сапа жүйесі келесі сыни қағидаларды қанағаттандыруы керек:

-өнім сапасын жақсарту бойынша жұмыста кәсіпорындарды басқару органдарының тікелей қатысуы және жауапкершілігі;

-сапа саласындағы жоспарлаудың уақытылығы;

-процестің әр кезеңінде міндеттер мен өкілеттіктерді бөлу, сапа саласындағы кәсіпорын жоспарының орындалуын қамтамасыз ету;

-өнімнің сапасын қамтамасыз ету үшін шығындарды бөлу;

-сатып алушы мен қоршаған орта үшін өнімнің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

-сапаны жақсарту бойынша жұмысты ұйымдастыру;

-сапаны бақылауды қамтамасыз ету әдістері мен құралдарын жетілдіру[3, 7 б.].

Тәжірибе көрсеткендей, сапа менеджменті жүйесінің әдіснамасын білікті қолдану келесідей нәтижелерді қамтамасыз етеді:

•тұтынушылардың өнім мен қызметке деген қанағаттанушылықтарының артуын;

•кәсіпорынның беделінің жақсаруын;

•еңбек өнімділігінің артуын;

•өнімдер мен қызметтердің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігінің артуын;

•кәсіпорынның экономикалық тұрақтылығын, сондай-ақ барлық ресурс түрлерінің ұтымды пайдалануын;

•басқару шешімдерінің сапасы мен тиімділігінің артуын;

•технологиялық соңғы жетістіктердің енгізілуін.

Қорытынды, осылайша, 9000 сериялы ISO халықаралық стандарттары негізінде әзірленген кәсіпорындардағы өнім сапанын басқару жүйесі ең тиімді болып табылады. Алайда, олар біріздендірілгендіктен, бұл білікті персоналдың қатысуын немесе қажетті құжаттар пакетін әзірлеу кезінде сапа бойынша бөгде мамандардың көмегін талап етеді. Кәсіпорында өнім сапасын басқару жүйесін жетілдірудің түпкі мақсаты- өнім мен қызметтердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, жаңа өткізу нарықтарына шығу есебінен пайданы барынша арттыру және кәсіпорынның жағдайын нығайту болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Международный стандарт ISO 9000 [Текст]: «Системы менеджмента качества. Основные положения и словарь» Москва, 2006. - 56 б.

2.Мазур И. И. Управление качеством [Текст] / И.И. Мазур, В.Д. Шапиро.- Москва: Высшая школа, 2003. - 78 б.

3.Шевелева Г. И. Контроль качества продукции: Учебный комплекс [Текст] / Г. И. Шевелева. – Кемерово, 2004. – 7 б.

4.Шевчук, Д. А. Управление качеством: Учебник [Текст] / Д. А. Шевчук. –М.: ГроссМедиа, РОСБУХ, 2008. – 102, 115 б.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҒАЛЫМДАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ ҰТҚЫРЛЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Нұрұлы Елдар
ал-Фараби ат. ҚазҰУ, ЭЖБЖМ,
МжЖБ, 1 курс докторанты*

*Ғылыми жетекшісі: Сансызбаева Г.Н.
э.ғ.д., проф.*

Қазіргі дәуірге ғалымдардың жоғары ұтқырлығы тән, бұл ғылыми еңбектердің ерекшеліктерімен, оның серпінділігімен түсіндіріледі. Ғылыми-зерттеу қызмет белгілі бір шекаралармен шектелмейді, ұтқырлық ғылыми қоғамдастықтардың мәдени және кәсіби өзара байытуының маңызды факторы болып табылады.

Халықаралық ғылыми және оқытушылық ұжымдар – көптеген еуропалық және Солтүстік Америка университеттері үшін табиғи құбылыс. Еуропалық Одақтың Eurostat статистикалық институтының мәліметтері бойынша, Ұлыбританияда шетелдік зерттеушілер ғылыми зерттеулер мен технологиялық әзірлемелер саласында жұмыс күшінің 7,2 %-ын, Германияда бұл 6,4 %-ды, ал Францияда – 4,1 %-ды құрайды [1].

Қазіргі ғылымда ұтқырлықтың дамуына байланысты «зиялылардың жылыстауы» (ағылш. «brain drain») мәселесі өткір тұр. Соңғы жылдары кең қоғамдық ортада және ең алдымен ғалымдар арасында отандық ғылымның әлеуетін бұзудың жалғасып келе жатқан процесімен, оның жүйелі түрде қаржыландырылмауымен және осыған байланысты институттардың ғылыми қызметкерлері мен жоғары оқу орындарының оқытушыларын жұмыспен қамтудың өзге салаларына апарумен байланысты дабыл күшейіп келеді [2-3].

Сондықтан ғылыми әлеуетті азайту факторларын анықтау, болдырмау және реттеу арқылы мемлекеттің ғылыми-зерттеу базасын одан әрі дамыту келесі мыңжылдықта Қазақстан әлемнің дамыған елдерінің бірі болып табылатындығының кепілі болады.

Соңғы уақытта ғалымдармен халықаралық алмасу қалыптасқан ғылыми мектептердің бұзылуына қауіп төндіреді деген тұжырымдармен көптеген жарияланымдар пайда болды. Дегенмен, ғалымдардың халықаралық ұтқырлығының феномені өзі жағымсыз емес. Халықаралық ғылыми алмасудан қазақстандық ғылымның құлдырауы оны перманенттік артта қалуға әкеп соқтыруы мүмкін. Әлемнің түрлі елдерінің ғалымдарына бір-бірімен тығыз байланыста болу өте қажет және халықаралық зерттеу орталықтары бірлескен жемісті еңбек үшін мүмкіндіктер ашады.

Ұтқырлықтың арқасында ғылыми кадрлармен зерттеулердің жаңа бағыттары қамтамасыз етіледі. Ұтқырлық сонымен бірге көп ұлтты зерттеу ұжымдары мен желілерде жұмыс істеуге мүмкіндік береді, бұл өзі бағытталған елдердің бәсекеге қабілеттілігін, сондай-ақ алынған нәтижелерді пайдалануда олардың басымдылығын арттырады.

Алайда, зияткерлік ресурстардың шайылып кетуіне қауіп төндіретін жағдайда, ұтқырлық отандық ғылым үшін теріс факторға айналуы мүмкін. «Зиялылардың жылыстауы» – бұл тек Қазақстанда ғана емес, сонымен бірге Батыс Еуропаның салыстырмалы түрде өркендеген елдерінде де көпшілікті алаңдататын жаһандық құбылыс болып табылады [4]. Батыста білікті зерттеушілердің жетіспеушілігіне қатысты алаңдаушылық соңғы кезде күшейе түсті. Еуропалық Одақ елдері үшін бұл тапшылық шамамен 700 мың адамға бағаланады [1]. Еуропада еуропалық ғалымдардың АҚШ пен Канадаға эмиграциясының ұлғаюы туралы мәселе қызу талқылануда. Мұның себебі: жалақының жоғарылығы, зерттеуге жақсы жағдайлардың жасалуы, интернационалдық ғылыми ортада жұмыс істеуге деген құлшыныстардың болуы. Американдық профессор лауазымы, ең алдымен, өзінің жалақысымен басқа елдердің ғалымдарын қызықтырады (профессор жылына 100-150 мың доллар алады), алайда басқа да көптеген артықшылықтары бар. АҚШ-та өмірінің соңына дейін

тұрақты жұмыспен қамтамасыз етілетін жалғыз адам – профессор. Оқытушы бұл лауазымға ие болғаннан кейін университет оны жұмыстан босату құқығынан айырылады. Бұны ғалымның ғылыми қызығушылықтарын таңдауда әкімшіліктің қысымынан бос болуы үшін мемлекет тарапынан жасалған. Америкалық профессордың жеке бас бостандығымен өзін-өзі тануы үшін кең мүмкіндіктері бар [5].

Ғалымдардың ұтқырлығын реттеу және түзету үшін Еуропалық елдер түрлі шараларды қабылдайды. Солтүстік Америка елдерінде жақсы нәтижелерге қол жеткізген ғалымдардың кері ағынын ынталандыратын бағдарламалар пайда болды. Сонымен қатар, Еуропа ғылыми кадрлардың жетіспеушілігімен, соның ішінде Қазақстан есебінен, дәлірек айтқанда, қазақстандық ғалымдар есебінен де күресуге тырысады.

Қазақстанда көші-қон ұтқырлығы айқын көрінетін эмиграциялық сипатқа ие және жиі қайтарымызсыз болады (кері ағыны жоқ). Ғалымдардың көші-қон ағыны 3 деңгейде жүзеге асырылады. Бірінші деңгей – ең білікті және дарынды қазақстандық ғалымдардың аймақтардан басты ғылыми қалаларға – Алматы мен Нұр-Сұлтанға көшуі. Екінші деңгей – Қазақстаннан Еуропаға шығу. Үшінші – Еуропадан АҚШ-қа көшу.

Ғалымдардың өңірлерден Алматыға және Нұр-Сұлтанға келуі – ғалымдардың қазақстандық ұтқырлығының негізгі ерекшеліктерінің бірі. Нәтижесінде қазақстандық өңірлерінің едәуір бөлігінде ғылыми зерттеулердің жай-күйі және өңірлік университеттерде оқыту деңгейі айқын тек аймақтық сипатқа ие. Еуропада да, АҚШ-та да мұндай мәселе жоқтың қасы. Онда ғылыми орталықтар, университеттер бүкіл ел бойынша біркелкі таралған және басты қалаларда ғалымдардың тым көп шоғырлануы байқалмайды. АҚШ-та Принстон университеті Нью-Джерси штатында, Гарвард – Массачусетс штатында, Йэль – Коннектикут штатында, Стэнфорд – Калифорнияда және т.б.

Қазақстанда жағдай біршама өзгешелеу. Негізгі ғылыми орталықтар Алматы мен Нұр-Сұлтан қалаларында шоғырланған. Өңірлік университеттер (кейбір жағдайларды қоспағанда) нашар қаржыландырылады, бұл техникалық жабдықтау мен оқыту деңгейіне әсер етеді. Бір қызығы, өңірлік ғалымдардың басты қалаларға көші-қоны іс жүзінде байқалмаған күйінде қалып отыр. Егер қазақстандық ғалымдардың қоныс аударуы туралы үнемі және көп айтылса, ұсыныстар беріліп, шаралар қабылданса, өңірлік қазақстандық ғылым мен ғалымдардың «өңірленуі» туралы мүлдем айтылмаған. Ал бұл қазақстандық ғылыми әлеуеттің өте үлкен жоғалтуы болуы мүмкін. Бұл өткір проблеманы шешу үшін, біріншіден, кері ағындарды дамыту, ғалымдарды басты қалалармен шамалас еңбек жағдайларын, тұрғын үй жағдайларын мен жалақыны ұсына отырып, олардың өңірлеріне қайтып оралуға ынталандыру қажет. Екіншіден, өздерінің ғылыми кадрларын өсіруді жалғастыру, бірақ олардың басты қалаларға көшуі туралы да, көшіп кету туралы да ойлай алмайтын жұмыс жағдайын қамтамасыз ету. Үшіншіден, ғалымдардың басты қалалардан өңірлерге тұрақты тұру және жұмыс орнына, сондай-ақ уақытша оқыту үшін келуі де жақсы нәтиже бере алады.

Сонымен бірге, Қазақстаннан Ресейге, Еуропаға немесе Солтүстік Америкаға көшіп кеткен ғалымдардың кері ағынын дамыту қажет. Бұл мәселеде Қытай тәжірибесі өте қызықты. Қытай үкіметі Қытайға Батыста жетістікке жеткен талантты ғалымдарды қайтару үшін барлық мүмкіндіктерді жасап отыр. Бұл қытай ғалымдары үшін гранттар берудің үкіметтік бағдарламасы «100 Талант» деп аталады. Ол 2003 жылы «985 жобасының» бөлігі ретінде (жоғары мектеп пен ғылымды қаржыландырудың қытайлық мемлекеттік бағдарламасы) басталды. Бұл бағдарлама арқылы шамамен 1000 ғалым өтті, олардың басым көпшілігі қытайлық эмигранттар. 985 жобасы 10 жетекші университеттерге жылына 1,25 млрд. доллар жұмсады, 2004 жылы гранттық бағдарлама 30 ЖОО-на кеңейтілді. Осылайша, Батыста ғалым ретінде жұмыс істеген қытайлықтар жақсы жалақы үшін отандарына оралуда. Қайта оралушылар Қытайдағы профессордың орташа жалақысынан 2-10 есе көп жалақы алады [6].

Ғалымдардың ұтқырлығын зерттеуге үлкен мән беріледі, бұл мәселе түрлі елдерде кеңінен зерттеледі. Ғалымдардың эмиграциясы ғылымдағы дәстүрді бұзады. Бұл Қазақстанда

ғылыми мектептердің құруына әкеп соғады, әсіресе жаратылыстану ғылымдары, электроника және кибернетика салаларында. Сонымен қатар, толыққанды ғылыми мектептер құру үшін ғалымдардың 2-3 буыны қажет. Осылайша, жаңа ұрпаққа жинақталған білімді, мәдениетті және әлеуметтік тәжірибені тарату дәстүрі жоғалады. Ал біраз уақыттан кейін отандық ғылымда, әсіресе іргелі ғылымдарда, барлығын қайта бастауға тура келеді.

Осылайша, басқа елдермен тәжірибе алмасумен бірге Қазақстанның ғылыми әлеуетін дамыту ғылыми мектептерді нығайту және сақтау, мемлекеттің бірегей ғылыми әлеуетін сақтау міндеттеріне жауап беретін зерттеулердің бағыттарын қаржыландыруға қаражат беру жөніндегі шаралардың қабылдануымен тығыз байланысты. Алайда, Қазақстанда мемлекет тарапынан шетелден қазақстандық ғалымдардың кері ағынын реттеу және ынталандыру бағдарламаларын әзірлеу бойынша жасқаншақ әрекеттер жасауға тырысуда, бірақ та бүгінгі күнге дейін осы бағытта мемлекеттік деңгейде нақты ештеңе ұсынылмаған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Secondo Una Relazione Eurostat, Nell'ue La Mobilità Nella Ricerca Resta Limitata. – [Electronic resource]. – URL: <http://www.molecularlab.it/news/view.asp?n=5470>
2. Москвичев Л.Н. Воспроизводство научного потенциала социальных и гуманитарных дисциплин // Социология науки. – 2018. – № 1. – С. 54-64.
3. Ерохина К.С. Социальная мобильность ученых и проблемы ее государственного регулирования // Социологические исследования. – 2008. – № 9. – С. 85-93.
4. Старостенкова Е. «Утечка умов»: новый взгляд на проблему // Вестник ассоциации менеджеров. – 2015. – № 5 (6). – С. 75-76.
5. Mirsky Ye. Risk of innovation. On the rules of good research practice // Political journal. – 2016. – No. 1 (96). – P. 15-23.
6. OECD Reviews of Innovation Policy China Synthesis Report: Synthesis Report. – 2007. – 68 p. – [Electronic resource]. – URL: <http://www.oecd.org/science/inno/39177453.pdf>

HUMAN CAPITAL OF KAZAKHSTAN IN THE CONDITIONS OF TECHNOLOGICAL MODERNIZATION

*Nussyupaeva A. A.
Al-Farabi Kazakh National university,
High School of Economics and Business
«State and local government», 1st year doctoral student*

*Scientific adviser: Zhuparova A. S.
PhD*

Strategic documents setting development vectors in priority areas at the national level emphasize the need to create conditions for technological modernization. The state policy of our country in the field of socio-economic development, focused on innovative modernization, identification of critical technologies that can effectively form research and production systems that reproduce the fifth and sixth technological orders. The post- industrial orientation of modernization has recently been subjected to a serious critical assessment by supporters of the theories of neo-industrialization [1, 2], reindustrialization [3, 4], associated with the priority technological development of traditional industries as a base for large- scale implementation of advanced technologies. An inadequate assessment of the resource requirements required for the introduction of a post-industrial economy has led to a reduction in the growth rate of investment in fixed assets in many traditional industrial sectors.

In recent years, projects aimed at forming the innovation infrastructure of key centers of technological competence in various regions of Kazakhstan have become more actively developed: these include both major research organizations, centers of fundamental and applied research, and high- tech industrial enterprises. A systematic approach to the formation of priority areas for the

development of critical technologies, regardless of post-industrial or preindustrial development priorities, should also involve strategic management of systems that ensure the reproduction of human capital necessary to improve the quality of modernization.

